

Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!

# ҚАЗАҚСТАН КОММУНИСТІ

---

№ 12

ДЕКАБРЬ

№ 12

АЛМАТЫ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫ  
1955

# ҚАЗАҚСТАН КОММУНИСТІ

ҚАЗАҚСТАН КП ОРТАЛЫҚ  
КОМИТЕТІНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ  
және САЯСИ ЖУРНАЛЫ  
—  
XXXIV ЖЫЛ ШЫҒУЫ

Қазақ және орыс тілінде шығады

№ 12

ДЕКАБРЬ

1955

## МАЗМУНЫ

БАС МАҚАЛА — Қазақстан Коммунистік партиясының VIII съезі	1
С. ФЕДЮКИН — Бірінші орыс революциясының бүкіл дүниежүзілік тарихи маңызы	12
Б. ДВОСКИН — Қазақстанды экономикалық аудандарға бөлу туралы	20
А. БЕКТУРОВ — Қазақстанның химия өнеркәсібін өркендетудің келешегі	28
Л. ГРОМЫКО — Қытай Халық Республикасындағы мемлекеттік капитализм туралы	32

## ПАРТИЯ ТҮРМЫСЫ

В. ИМАНАЛИЕВ — Бастаушы партия ұйымдарының ролі мен белсенділігі арттырылсын	38
Н. АХМАДЕЕВ — Түрксиб коммунистері өздерінің теориялық білімін арттыруда	41

## БҮГІНГІ КҮННІҢ ТАҚЫРЫБЫНА

И. КИСЕЛЕВ — Сауда жүйесіндегі ұрлыққа қарсы күрес күшейтілсін	44
--	----

## ОҚУШЫЛАРДЫҢ СУРАУДАРЫНА ЖАУАП

А. ТУҒАНБАЕВ — Бағдад пакті деген не?	48
---------------------------------------	----

## ХАТТАР МЕН КОРРЕСПОНДЕНЦИЯЛАР

Э. ҚАНАПИН — Мамандарды даярлау жақсартылсын	51
А. БРАГИН — Майданда әрбір адам жауынгер (очерк)	55

«Қазақстан Коммунисті» журналында 1955 жылы жарияланған мақалалар мен материалдардың тізімі	60
---	----

«Қазақстан Коммунистінің» материалдары бойынша	64
--	----

## Қазақстан Коммунистік партиясының VIII съезі

1956 жылғы январьда Қазақстан Коммунистік партиясының кезекті VIII съезі болады. Съездің шақырылуы — республиканың өміріндегі аса көрнекті тарихи уақиға.

Қазақстан Компартиясының VIII съезі партия ұйымдарының халық шаруашылығын, ең алдымен, бүкіл социалистік экономиканың негіздерінің негізі ауыр өнеркәсіпті онан әрі дамыту жөніндегі, партия мен үкметтің тың және тыдайған жерлерді игеру жөніндегі тапсырмаларын орындауға бағытталған жұмыстарына қортынды жасайды. Съездің партия басшылығының формалары мен әдістері жөніндегі жыйналған тәжірибелерді қорыту және оны онан әрі жетілдіре беру мәселесіне ерекше көңіл бөледі.

Съездің күн тәртібіне ерекше маңызы бар мәселелер қойылған. Төмендегі күн тәртібі бекітілді:

1. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің есепті баяндамасы — баяндамашы Қазақстан КП Орталық Комитетінің секретары Л. И. Брежнев жолдас.

2. Қазақстан Компартиясы тексеру комиссиясының есепті баяндамасы — баяндамашы тексеру комиссиясының председателі З. А. Бунаков жолдас.

3. Қазақстан Компартиясының Орталық органдарын сайлау.

4. КПСС XX съезіне делегаттар сайлау.

Совет Одағының Коммунистік партиясы — пікірлес-коммунистердің ерікті жауынгерлік одағы, СССР-дегі коммунизм құрылысының сыннан өткен көсемі және ұйымдастырушысы. Оның даналық басшылығымен еліміздің халықтары үш революцияның дауылы арқылы өтіп, халық шаруашылығын қалпына келтіру, социализмнің негізін жасау және Ұлы Отан соғысы жылдарында өздеріне кездескен сындардың бәріне төтеп берді.

Елді социалистік жолмен индустрияландыру саясатын дәйектілікпен жүргізе отырып, ауыл шаруашылығын коллективтендіруді және мәдениет революциясы программасын жүзеге асырып, партия СССР-де социализмнің жетуін қамтамасыз етті. Совет Одағының Коммунистік партиясы — заманымыздың ақыл-ойы, намысы және ожданы. Еліміздің бүкіл халқы, — дейді Н. С. Хрущев жолдас, — Коммунистік партияның төңірегіне бірікті, оны өзінің ұйымдастырушысы және көсемі деп орынды таныды.


Совет Одағы Коммунистік партиясының басты-басты міндеттері, КПСС Уставында белгіленгеніндей, кәзір мынада: социализмнен коммунизмге бірте-бірте өту жолымен коммунистік қоғам орнату, қоғамның материалдық және мәдени дәрежесін үздіксіз арттыра беру, совет адамдарын интернационализм және барлық елдер еңбекшілерімен туысқандық байланысты дамыта беру рухында тәрбиелеу, Советтік Отанды оның жауларының агрессиялық әрекеттерінен белсенді қорғауды мейлінше нығайта беру.

Совет халқының Коммунистік партияның басшылығымен жеткен жеңістерінің қортындылары шын мәнісінде тамаша. Мысалы, 1955 жылы СССР бүкіл өнеркәсібінің жалпы өнімі 1913 жылғыдан 27 есе, өндіріс құрал-жабдықтарын жасау 60 есе, тұтыну заттарын шығару 11 есе, электр энергиясы 86 есе, машина жасау өнеркәсібінің өнімі 160 еседен аса артты. Социалистік егін даласының еңбекшілері зор табыстарға жетті.

Қазақ ССР-ның халық шаруашылығы күшті қарқынмен өркендеуде. 1955 жылы республикада өнеркәсіп өнімін шығару, алғашқы мәліметтер бойынша, 1950 жылғыдан, шамамен айтқанда, 75 процент, ал соғысқа дейінгіден төрт есе дерлік артты. Көмір шығарудың бесжылдық жоспары мерзімінен бұрын — 13 ноябрьге орындалды, сонда көмір шығару 63 процент өсті. Эмбінің мұнайшылары бесінші бесжылдықтың тапсырмасын мерзімінен бұрын аяқтады.

Болат, прокат, ферросплав өндірудің бесжылдық тапсырмасы мерзімінен бұрын орындалды. Болат өндіру 1,7 есе, болат прокат 2,3 есе, ферросплав — 1,9 есе артты. Түсті металлургия қызметкерлері зор табыстарға жетті. Бесжылдықта қорғасын өндіру — 2,2 есе, тазартылмаған мыс — 78 процент, мырыш — 2,5 есе, мыс рудасын шығару — 1,9 есе, полиметалл рудасын шығару — 2,3 есе артты. Химиялық өнім шығару едәуір өсті: күкірт қышқылы 4,3 есе, суперфосфат 16 есе, кальций карбиді 3 есе артты.

Республикалық және кооператив өнеркәсібі едәуір табыстарға жетті. Алғашқы мәліметтер бойынша, бесінші бесжылдық жоспарды республи-



калық өнеркәсіп шамамен 102,5 процент, кооператив өнеркәсібі 103,5 процент орындайды.

Партия XIX съезінің директиваларына сәйкес энергетикалық қуат шапшаң қарқынмен өсті. Өскемен су электр станциясы іске қосылды. Қарағанды өнеркәсіп ауданын энергиямен жабдықтау негізінен жақсартылды. Республиканың энергетикалық базасының қуаты, шамамен айтқанда, екі есе артты.

Теміржол, су және автомобиль транспортында жүк тасымалының көлемі мықтап артты. Темір жолдар қуатты локомотивтермен және басқа осы күнгі техникамен жабдықталуда, көптеген учасоктер поезды тепловозбен тартуға көшірілді. Теміржол құрылысы кең өрістетілді, соңғы жылдың ішінде оған жұмсалған күрделі қаржы бес есе көбейтілді. 1955 жылдың өзінде республиканың территориясында 1850 километр тар және кең табанды жана темір жолдар салынды.

Соңғы жылдарда республикада құрылыс индустриясы мықтап күшейтілді. 1953 жылы 414 мың шаршы метр, 1954 жылы 664 мың шаршы метр, 1955 жылы бір миллион шаршы метрден астам тұрғын үйлер пайдалануға тапсырылды. 1954 — 1955 жылдардың өзінде ауылшаруашылық құрылысына үш миллиард сомнан астам жұмсалды.

Соңғы екі жылдың ішінде Коммунистік партия мен Совет үкіметі ауыл шаруашылығын шұғыл өркендету жолында зор жұмыс жүргізді. Әсіресе Қазақстанда зор өзгерістер жасалды. Ұлап-байтақ кең далада 337 жана астық совхоздары құрылды. МТС-тердің трактор паркі екі есе, совхоздардың трактор паркі төрт еседен аса өсті, жанадан 28,4 мың комбайн, 20 мыңнан астам жүк автомашиналары және көптеген басқа техника алынды. Ауыл шаруашылығын электр энергиясымен жабдықтау соғысқа дейінгіден 3,2 есе өсті.

Қолхоздар, МТС-тер, совхоздар 17,9 миллион гектар тың және тынайған жер жыртты. Мемлекеттік тапсырма 2,6 миллион гектар асыра орындалды. 1956 жылы Қазақстанда егіс көлемі 27 миллион гектарға жеткізіліп, 1953 жылғыдан үш есе дерлік ұлғайтылады. 1956 жылы республикада астықты 1953 жылғыдан төрт есе, соғысқа дейінгі 1940 жылғыдан алты есе көп өндіру көзделеді. Совхоздарда астық өндіру он есе дерлік арттырылуға тиіс, сонда олардың бүкіл республикада дайындалатын жалпы астық көлеміндегі үлес салмағы 18 проценттен 62 процентке жетеді. Сөйтіп, СССР-де астық өндіруді жылына 10 миллиард пұтқа жеткізу ісінде Қазақстан зор орын алады.

Тың және тынайған жерлерді игеру бүкілхалықтық іске айналды. Қазақстанға туысқан республикалар баға жетпес көмек көрсетті. РСФСР-ден, Украинадан, Белоруссиядан, Молдавиядан, Литвадан және басқа республикалардан Қазақстанның кең даласына ондаған мың жаңақонысшылар келді, жана техника үздіксіз әкелінуде.

Коммунистік партияның басшылығымен жүзеге асырылып жатқан тың және тынайған жерлерді игерудің халық шаруашылығы үшін орасан зор маңызын мынадай фактілер айқын дәлелдейді. 1954 жылдың өзінде республикада астық өндірісі алдыңғы жылғыдан 35 процент артты. Быйылғы жылы, Қазақстан территориясында соңғы алпыс жыл бойына болып көрмеген күшті қуаңшылық жағдайында, астықтың жалпы түсімінің 70 проценті тың және тынайған жерлерден алынды. Республика астық дайындаудың мемлекеттік жоспарын орындап, егіс тұқымын өткен жылғыдан 9 миллион пұт көп құйды.

Жүгері егісінің көлемін ұлғайту астық өндіруді арттырудың маңызды қоры болды. Оның егіс көлемі өткен жылғыдан 34 есе артты, ал 1956 жылы 1 700 мың гектарға жеткізіледі. Көптеген колхоздар жүгеріден мол өнім алды. Қарағанды облысы, Жезказған ауданының Сталин атындағы колхозында Илларионов жолдастың бригадасы 22 гектар жүгері егісінің әрбір гектарынан 450 центнерден көкшөп алды. Алматы ау-

данының Мичурин атындағы колхозында жүгерінің әрбір гектарына 68 центнерден дән және 120 центнерден сүрлемдік көкшөп алынды.

Өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығын өркендету саласындағы алғашқы табыстар партияның XX съезіне Қазақстан Коммунистік партиясынан әрі нығайып, КПСС Орталық Комитетінің төңірегіне онан сайын берік топтасып, шаруашылық және мәдениет құрылысында өзінің алдына қойылған күрделі міндеттерді ойдағыдай жүзеге асыра алатын дәрежеде келіп отырғанын дәлелдейді. Соңғы жылдарда өнеркәсіптің, транспорттың, ауыл шаруашылығының таңдаулы озаттары, сол сыяқты Қазақстанға тың және тыңайған жерлерді игеруге келген коммунистер есебінен республиканың партия ұйымдарының қатары едәуір өсті. Әсіресе Ақмола, Қөкшетау, Қостанай және Павлодар облыстарында партия ұйымдары құрамының саны мықтап көбейді. Жаңа совхоздар мен МТС-терде екі жылдың ішінде 350 бастауыш партия ұйымы құрылды.

Қазақстанның Коммунистік партиясы, басқа одақтас республикалардың компартиялары сыяқты, КПСС XX съезіне әзірлікті кеңінен жүргізуде. Орталық Комитет біздерге: қолжеткен табыстарға мәз болмай, кемшіліктерді батыл аша беру керек, коммунистік құрылыстың әлі орындалмаған міндеттеріне баса көңіл белу керек деп үйретеді. Жақын арада өткізілген қалалық және аудандық партия конференцияларының делегаттары партия ұйымдарының жұмысындағы кемшіліктерді ашуға, барлық күшімізді осы кемшіліктерді жойып, жаңа табыстарға жетуге жұмылдыруға айрықша көңіл бөлді.

«...Біздің ілгері жылжығымыз келеді, — деп көрсетті И. В. Сталин — Біздің ілгері жылжығымыз келгендіктен де біз адал және революциялық өзара сынды өзіміздің аса маңызды міндеттеріміздің бірі етіп қоюымыз керек. Мұнсыз ілгері қадам басуға болмайды. Мұнсыз даму да болмайды».

Өнеркәсіптің жеке салалары мен жеке кәсіпорындардың жұмысындағы жақсы нәтижелерге бола, бүкіл өнеркәсіптің жұмысындағы елеулі кемшіліктерді көрмеу өрескел қате болар еді. Мысалы, республикада жалпы өнім шығарудың бесжылдық жоспары, алғашқы мәліметтер бойынша шамамен айтқанда, небәрі 99,1 процент орындалады. Өнеркәсіптің, транспорттың және құрылыстың бірсыпыра кәсіпорындары мемлекеттік жоспарларды айдан айға орындап отырмайды. Әсіресе Гурьев, Ақтөбе, Қызылорда, Қарағанды және Шығыс Қазақстан облыстарында артта қалған кәсіпорындар көп. «Қарағандауголь» комбинатында, 1955 жылдың көмір шығару жоспары орындала тұрсада, 19 шахта мемлекеттік тапсырмаларды орындамады. Жер астынан көмір шығару жоспары үнемі орындалмай келеді, шахталарда көмірді цикл графигімен шығару нашар енгізіледі.

Түсті металлургия министрлігінің кәсіпорындары металдар өндіруді едәуір арттыра тұрсада, өнімнің негізгі түрлерін: мыс және полиметалл рудаларын, тазартылмаған және тазартылған мыс, қорғасын, мырш, қалайы өндіру жоспарын орындамады. Мыс концентраттар өндіруде әсіресе, Жезқазған, Қарсақпай байыту фабрикалары, қорғасын концентраттар өндіруде Зырян және Текелі комбинаттары артта қалып келеді.

Химия, құрылыс материалдары және балық өнеркәсібі жұмысында ірі-ірі кемшіліктер бар. Республиканың халық шаруашылығының бұл маңызды салалары мемлекеттік тапсырмаларды орындамады. Автомобиль транспорты және тас жолдар министрлігі жүк тасымалы мен автомобиль жолдары құрылысы жоспарының орындалуын қамтамасыз етпеді.

КПСС Орталық Комитеті июль Пленумының және Қазақстан КП Орталық Комитеті V Пленумының шешімдеріне сәйкес белгіленген, озат техника мен технологияны енгізу шараларының шабан жүзеге асырылуы, жаңашылдар тәжірибесінің қорытылмауы және басқа кәсіпорындар мен

участоктерде өндіріске енгізілмеуі көптеген өнеркәсіп орындарының жұмысындағы зор кемшілік болып отыр. Сол себепті бұл кәсіпорындарда еңбек өнімділігін арттыру, өнімнің түсер құнын кеміту жоспарлары орындалмай келеді.

Құрылысшылар Отанымызға көп қарыздар. Құрылыс ұйымдары күрделі құрылыс жоспарларын жылдан-жылға орындамай келеді. Сол себепті бесінші бесжылдықта құрылыс жұмыстары 4 миллиард сомдай кем орындалды, көптеген өндірістік орындарды пайдалануға тапсыру мерзімдері бұзылды, тұрғын үйлер, мәдени-тұрмыс орындарын салу жоспарлары орындалмады. Әсіресе «Қарагандашахтстрой» комбинаты, «Актюбстрой», «Қазметаллургстрой», «Қазмедьстрой» және басқа кейбір трестер құрылысты қанағаттанғысыз жүргізеді. Жоспардың орындалмауының негізгі себептерінің бірі — құрылыстың индустриялық әдістері жете бағаланбайды және жергілікті құрылыс материалдары өнеркәсібі өте қанағаттанғысыз дамытылады. Темір-бетонды құрама бөлшектер мен конструкциялар жасайтын заводтар және полигондар салудың 1955 — 1956 жылдарға арналған жоспары төрттің бір бөлігіндей де орындалмады.

Өнеркәсіп, транспорт және құрылыс жұмысындағы бұл елеулі кемшіліктердің бәрі партия ұйымдарының шаруашылыққа әлі де төмен дәрежеде басшылық етуінен болып отыр. Көптеген партия комитеттері мен партия ұйымдары өздерінің өнеркәсіпке басшылық ету жұмысын әлі болса КПСС Орталық Комитеті июль Пленумының шешімдері тұрғысынан қайта құрған жоқ.

Алтыншы бесжылдықта Қазақстан өнеркәсібінің негізгі салалары — көмір, металлургия, химия, машина жасау өнеркәсібі, энергетика, құрылыс индустриясы — онан әрі шапшаң өркендетіледі. Өнеркәсіп өнімін шығаруды арттыру тапсырмаларын ойдағыдай орындауда, КПСС Орталық Комитеті июль Пленумының ерекше атап көрсеткеніндей, кәсіп орындардағы ішкі резервтерді пайдаланудың маңызы зор.

Техникалық прогресс негізінде өнеркәсіпті онан әрі өркендету партия ұйымдары мен совет органдарынан әрбір заводқа, шахтаға, рудникке, әрбір кәсіпорынға басшылықты батыл жақсартып, еңбекшілер қалың бұқарасын жоспарды әрбір кәсіпорында әрі сапасы, әрі саны жағынан орындау жолындағы күреске жұмылдыруды талап етеді. Партия комитеттерінің өнеркәсіп бөлімдерінің ролін және кәсіпорындардағы істің жәйіне жауаптылығын күшейтіп, бастауыш партия ұйымдарына басшылықты жақсартудың маңызы зор. Республиканың өнеркәсібі алдына қойылған міндеттерді тек сонда ғана ойдағыдай атқаруға болады.

Халық шаруашылығының зор және аса маңызды саласы — ауыл шаруашылығы — өте көп мемлекет қаржысының жұмсалуына, осы күнгі техникамен жабдықталып, кадрлармен нығайтылуына қарамастан, әлі болса халқымыз оған қойған талаптарға сай болмай, артта қалып келеді. Мысалы, мынадай фактілерге төзуге бола ма: быйыл көптеген жүгері егісі құрып кетті, ал егістің әрбір гектарынан орта есеппен колхоздарда небәрі 14,3 центнерден, совхоздарда тіпті онанда кем — 5,5 центнерден сүрлем салынды. Бұл жөнінде әсіресе Павлодар және Қарағанды облыстарының көрсеткіштері өте төмен.

Мақта шаруашылығы едәуір артта қалып келеді. Мақтаның шығымдылығы артпағаны былай тұрсын, қайта 1953 жылғымен салыстырғанда, колхоздарда гектарына 2,4 центнер кеміді. Быйыл мақта 1953 жылғыдан 33,1 мың тонна кем өндірілді. Республиканың алдына, ең алдымен, Оңтүстік Қазақстан облысы алдына, 1960 жылға шитті мақта өндіруді екі есе арттыру міндеті қойылып отыр.

Қант қызылшасын, темекі, майлы дақылдар және басқа техникалық дақылдар өндіруде әлі көп кемшіліктер бар. Соңғы екі жылдың ішінде қант қызылшасының шығымдылығы гектарына 63 центнер кеміді. Таяудағы уақытта қант қызылшасын өндіру, республиканың халқын оның

өзінде өндірілетін қаптың қамтамасыз етерліктей дәрежеге жеткізілуіне тиіс. Мұнымен бірге темекі, майлы және техникалық дақылдар, жеміс, овощ және картоп өндіруді мықтап арттыру керек.

Республиканың мал өсірушілеріне күрделі міндеттерді орындауға тура келіп отыр. Соғысқа дейінгі уақытпен салыстырғанда, мал шаруашылығының өнімдерін дайындау және сатып алу көлемі: сүттен 2,3 есе, еттен 2,9 есе дерлік, жүннен 3,1 есе, жұмыртқадан 2,8 есе арта тұрсада, партия және совет ұйымдары Қазақстанды еліміздің шығысындағы негізгі малшаруашылық базасына айналдыру жолында, сөз жүзінде емес, іс жүзінде әлі көп жұмыс істеуге тиіс. Мал шаруашылығының өнімдерін өндіру, дайындау және сатып алу көлемі біраз өсе тұрсада, бұл саладағы резервтер әлі толық пайдаланылмағанын есте сақтау керек. КПСС Орталық Комитеті январь Пленумының шешіміне сәйкес, 1955 жылға белгіленген — мал шаруашылығының өнімдерін өндіруді арттыру, мал санын көбейту шаралары орындалған жоқ. Малдың өлім-жітімнен шығын болуы, аналық малдың қысыр қалуы әлі де көп, мұның салдарынан сыйыр малы мен қой саны арту орнына, кеми түсті. Жемшөп базасын жасау жәйі өте қанағаттанғысыз.

Коммунистік партия, бұрынғысындай, совет адамдарының игілігіне қамқорлық жасауды өзінің ең бірінші міндеті деп есептейді. Бесінші бесжылдықта Қазақстанда тұрғын үйлер мен мәдени-тұрмыс орындарын салуға жұмсалған күрделі қаржы екі еседен аса өсті. Қалалар мен жұмысшы поселкаларында мемлекеттік тұрғын үйлер қоры шамамен айтқанда, 30 процент артты. Оның үстіне, мемлекеттік қарыздың көмегімен халықтың өз қаржысына қалаларда 2 миллион шаршы метрден астам, селоларда 150 мыңдай тұрғын үйлер салынып, іске қосылды.

Соңғы жылдарда жұмысшылар мен қызметшілердің нақты жалақысы өсті, колхозшылардың табысы көбейді. Мұнымен бірге товар айналымы өсті. Мысалы, тұтынушылар кооперациясы системасында товар айналымы бесжылдықта үш есе артты. Халыққа медициналық қызмет көрсету жақсарды. Соңғы екі жылдың өзінде республикада ауруханалардағы төсектердің саны 18,5 процент, оның ішінде селолық жерлерде 43 процент көбейді.

Алайда, еңбекшілердің материалдық-тұрмыс жағдайын онан әрі жақсарту ісінде әлі де ірі кемшіліктер бар екенін айту қажет. Мәселен, тұрғын үйлер, мәдени-тұрмыс орындарын салу жоспарлары үнемі орындалмайды. Тұрғын үйлерді пайдалануға тапсыру жоспары республикада 1954 жылы небәрі 68,2 процент орындалды, ал 1955 жылы алғашқы мәліметтер бойынша, 70 процент орындалмақ. Бұл жөнінде әсіресе Қызылорда, Солтүстік Қазақстан, Қарағанды облыстары және Алматы қаласы артта қалып келеді. Мемлекеттік жоспарлар орындалса, еңбекшілер осы бесжылдықта 1 миллион шаршы метрден астам тұрғын үйлер алар еді. Партия ұйымдары саудаға үнемі қамқорлық жасап отыруға тиіс.

Кадрлар — партия және мемлекет басшылығының шешуші күші. Солай бола тұрсада, басшы кадрларды іріктеп, орналастыру ісінде де елеулі кемшіліктер болып келеді. Партия және совет қызметкерлерінің сапалық құрамын онан әрі жақсартуға ерекше көңіл бөлу қажет. Мұнда істің жәйі тіпті қанағаттанғысыз. Аудандық партия комитеттерінің МТС-тер мен совхоздар аймағындағы секретарьлары қатарында ауыл шаруашылығының мамандары небәрі 14,5 процент, көптеген секретарьлардың орталау және тіпті төмен дәрежелі білімі бар.

Қызметкерлердің жиі ауысуы, сол сыяқты кадрлардың кенесшілік-бюрократтық әдіспен іріктеліп орналастырылуы әлі жойылмай келеді. Соңғы екі жылдың ішінде аудандық және қалалық партия комитеттері секретарьларының 55,7 проценті ауысты, МТС-тер мен совхоздар аймағындағы секретарьлардың өзінен 237 адам ауыстырылды. Мұның бәрі

қызметкерлердің көп уақытта іскерлік және саяси қасиеттері бойынша емес, анкеталық мәліметтер бойынша бағалануынан болып отыр.

Мысалы, Оңтүстік Қазақстан және Семей облыстық партия комитеттері кадрлар арасындағы жұмыста елеулі кемшіліктерге жол беріп келеді. Мәселен, Оңтүстік Қазақстан облыстық партия комитеті Бостандық аудандық атқару комитетінің председателі қызметіне Шәуілдір аудандық партия комитетінің бұрынғы бірінші секретары Садықов жолдасты ұсынды. Бұл жолдасты қызметтен босатқанда облыстық партия комитеті оған жаман мінездеме берген еді. Ал Садықовты аудандық атқару комитетінің председателі қызметіне ұсынғанда облыстық партия комитеті оған жақсы мінездеме беріп, ұйымдастыру жұмысын, ауыл шаруашылығын жақсы біледі деп көрсетті. Облыстық партия комитетінің қатесін түзеткен Қазақстан КП Орталық Комитеті, әрине, бұл кандидатураны мақұлдамады. Оңтүстік Қазақстан облысының партия комитеті мұндай фактілерге талай рет жол берді.

Істің табысты болуы, ең алдымен, адамдарға, олардың алға қойған міндеттерді шеберлікпен орындап, бұқараны бұған жұмылдыра білуіне, оған басшылық ете білуіне байланысты. Әрбір іскер қызметкерді бағалап, оның өсуіне, жетілуіне көмектесіп отыру керек. Амал не, кейбір облыстық партия комитеттері мұны ұмытады.

Мынадай бір мысал келтірейік. Жакын арада Жамбыл облыстық партия комитеті Мерке аудандық партия комитетінің бірінші секретары Просолупов жолдасты қызметтен алды, оған сөгіс жариялап, мұны есеп карточкасына жазды. Аудандық партия комитетінің пленумында бұл мәселені талқылағанда, Просолупов жолдасқа тағылған айыптардың бәрі негізсіз екені анықталды. Істің мәнісі мынада екен: Просолупов жолдас облыстық партия комитеті мен оның секретарьларын, ауыл шаруашылығына үстірт басшылық еткені үшін, барлық жаңалықты, прогрестікті мезгілінде байқап, қолдай білмегені үшін әрдайым сынап келген. Облыстық партия комитетінің секретары Артығалиев жолдас және бюро мүшелері бұл мәселеде сынға қысым жасап келеді.

Партия басшылығының сынан өткен әдісі — істің орындалуын тексеру кадрларды тәрбиелеудің, партиялық және мемлекеттік тәртіпті сақтаудың аса маңызды құралы болып табылады. В. И. Ленин, адамдарды тексеріп отыру және істің нақты орындалуын тексеріп отыру — бүкіл жұмыстың, бүкіл саясаттың түйіні міне осында екенін көрсетті.

Дұрыс және мезгілінде жолға қойылған, істің орындалуын тексеру тапсырылған іске жауаптылық сезімін күшейтеді, бюрократтықты, қағазбастылықты жояды, партия және совет органдары жұмысының стилі мен әдістерін неғұрлым икемді етіп, жетілдіруге көмектеседі. Істің орындалуын тексерудегі басты міндет — ұйымдастыру жұмысын жүргізу, жергілікті партия, совет және шаруашылық органдарының жұмысын, олардың жақсы қасиеттері мен кемшіліктерін, әлсіз жақтары мен күшті жақтарын терең зерттеу.

Соңғы кезде республиканың партия ұйымында ұйымдастыру жұмысы және шешімдердің орындалуын тексеру біраз жақсарды. Облыстық, қалалық және аудандық партия комитеттері жергілікті органдардың жұмысын неғұрлым терең зерттей бастады, олардың қызметкерлері жер-жерлерге, әсіресе аудандарға, колхоздарға, МТС-терге, совхоздарға жиі барып, партия мен үкмет шешімдерінің орындалуын ұйымдастыруға тікелей қатыса бастады.

Алайда, жер-жердегі ұйымдастыру жұмысы, істің орындалуын тексеру әлі де кейбір партия ұйымдарының күнбе-күнгі жұмысында көрнекті орын алмай келеді. Кейбір реттерде партия комитеттерінің қызметкерлері жұмыс уақытының көбін өнімсіз кеңсе қызметіне бөледі, жер-жерге сирек барады, ұйымдастыру жұмысы орнына кеңсе әбігершілігімен уақыт өткізеді. Маңызды шешімдердің орындалуын тексеруге кейбір



партия органдарының қандай жауапсыз қарайтынын мынадай бір мысалдан көруге болады. Июльде Ақмола облыстық партия комитеті облыстық совхоздар басқармасының жұмысы туралы мәселені талқылап, тиісті шешім қабылдады, бірақ оны орындауды ұйымдастыруға ешқандай шара қолданбады. Облыстық партия комитетінің бұл шешімі облыстық басқарманың партия жыйналысында, оның қабылдануынан үш айдан кейін формальды талқыланды. Бұл шешімді орындаушыларға жеткізуге міндетті етілген облыстық партия комитетінің секретары Белов жолдас, облыстық басқарманың бастығы Лепеха жолдас және оның орынбасары Бай жолдас тіпті жыйналысқа қатысуды да қажет деп таппады.

Кейбір партия комитеттері істің орындалуын тексерудің мәнісін — сол бір мәселе бойынша көптеген шешімдер қабылдауда деп түсінеді. Мұның үшін асығыс тексерулер жүргізіледі, бір-бірінен айнымайтын шешімдер қабылданады, ал олардың орындалуына ешкім көңіл бөлмейді. Мәселен, Қызылорда облыстық партия комитеті өзінің әрбір бюро мәжлісінде 10 — 15 қаулы қабылдайтын болса, ол өзінің шешімдерінің орындалуын тексеруді қалай ұйымдастырмақ?

Партия шешімдерінің орындалуын тексерудің тыңғылықты формаларының бірі — партия комитеттерінің бюро мәжлістері мен пленумдарында партия ұйымдарының есептерін тыңдау. Солай бола тұрсада, көптеген облыстық, қалалық және аудандық партия комитеттері төменгі партия ұйымдарының жұмысы туралы есептерді оқта-текте бір тыңдайды. Ең алдымен, Қарағанды, Талдықорған, Семей және Қызылорда облыстарының облыстық партия комитеттері мен аудандық партия комитеттерінде істің жәйі осындай.

КПСС Орталық Комитеті жоғарыдан тексеруді төменнен тексерумен ұштастыруды талап етеді. Бұл жөнінде партия активінің жыйналыстарында, партия комитеттерінің пленумдарында сын мен өзара сынды кең өрістетудің маңызы зор. Бұған қарамастан, бірсыпра қалалық және аудандық партия комитеттері партия активінің жыйналыстарын жылдар бойына өткізбейді. Мәселен, быйылғы жылдың бірінші жартысында Ақтөбе облысының 8 аудандық партия комитеті мұндай жыйналыстарды өткізген жоқ. Қарағанды, Қөкшетау, Павлодар, Орал қалалық партия комитеттері партия активінің жыйналыстарын сирек өткізеді. Сөйтіп, партиялық демократия бұзылады, бұқарамен байланыс нашарлайды.

Өскен шаруашылық-саяси міндеттер істің орындалуын тексеруді онан әрі жетілдіруді талап етеді. Бұл міндетті тек сын мен өзара сынды батыл күшейтіп, партия және мемлекет тәртібін бұлжытпай қолданғанда ғана орындауға болады.

Істің орындалуын тексеру кемшіліктерді мезгілінде ашып, оларды жою шараларын қолдануға, жұмыстың озат тәжірибесін қалың бұқараның игілігіне айналдыруға көмектесетін болу керек. Мұны орындамаған жерлерде халық шаруашылығының барлық салаларын шұғыл өрге бастыру туралы сөз де болуы мүмкін емес. Солтүстік Қазақстан облысында ауыл шаруашылығының ұзақ уақыт бойына артта қалуы тек істің орындалуын тексеруді дұрыстап жолға қоймағандықтан, озат тәжірибені тарату жұмысын дұрыс ұйымдастырмағандықтан болып отыр.

Мал шаруашылығын өркендету ісінде бұл облыста Қоңуахов ауданы жақсы нәтижелерге жетті. Быйыл колхоздар қойдан жүн алуды 1957 жылдың дәрежесіне, ал «30 лет Қазақстана» және Миңурин атындағы ауылшаруашылық артельдері 1960 жылға белгіленген дәрежеге жеткізді. Аудан мемлекетке жүн тапсыру жоспарын 140,3 процент орындады. Сүт алуды арттыру, шошқа санын көбейту ісінде едәуір табыстарға қол жетті. Бір үлгімен мал қораларын салуда жергілікті материалдар кеңінен қолданылады.

Егер жергілікті партия ұйымдары Қоңуахов ауданының колхозшылары мен механизаторларының тәжірибесін облыстың барлық аудандары-

ның, колхоздарының, МТС-терінің, совхоздарының игілігіне айналдырған болса, бұл облыс мал шаруашылығын өркендетуде, кәзіргісіндей ауыр халде болмаған болар еді. Аса көп мемлекет қаржысының жұмсалуына, техника және қызметкерлер жағынан зор көмек көрсетілуіне қарамастан, Солтүстік Қазақстан облысы быйыл мал шаруашылығын өркендетудің мемлекеттік жоспарын мал түлігінің бірде-біреуінен орындамады. Әрбір сыйырдан сүт өткен жылғыдан аз алынды. Малдың көп шығын болуына жол берілді, мемлекетке ет, сүт және жүн тапсыру мықтап азайды. Партия ұйымдарының шаруашылыққа төмен дәрежеде басшылық етуінің зардабы міне осындай. Шынында да, облыстық партия комитетінің секретарьлары Попадько, Подгорбунский жолдастар, ауылшаруашылық және партия органдары бөлімдерінің меңгерушілері Журавлев, Корчашкин жолдастар Қонюхов ауданына бірде-бір рет бармаған болса, олар бұл ауданның озаттарының тәжірибесін таратуға қалайынша көмектесе алады.

Егер басшы партия және совет қызметкерлері жұмыстың лениндік стилі мен әдісін үнемі меңгеріп отырса, кадрлар арасындағы жұмыста және істің орындалуын тексеруде болатын қателер мен кемшіліктер әлде қайда аз болар еді.

Барлық мәселелерді шешудегі коллегиялық — партия және совет органдарының жұмысты ойдағыдай атқаруының басты шарты. Алайда партияның бұл талабын кейбір басшы қызметкерлер елемейді. Семей облыстық партия комитетінің бұрынғы секретары Қойшыбаев тәрбие және ұйымдастыру жұмысын күнбе-күн мұқият жүргізіп отыру, коллегиялық принципін бұлжытпай орындау орнына, әкімшілік жүргізу жолына түсті. Ол барлық мәселелерді өзі шешуді артық көрді, сынды көтермеді, бюронның басқа мүшелері мен басқа партия қызметкерлерінің кеңесіне құлақ аспады, мұны — өзінің беделін түсіргендік деп білді.

Облыстық партия комитетінің жұмысындағы мұндай зиянды стиль мен әдістерге кейбір аудандық партия комитеттері де еліктей бастады. Мәселен, Ново-Шульба ауданында (аудандық партия комитетінің секретары Набоков жолдас) әрбір колхоз председателі жылына екі-үш сөгіс алады, ал МТС директоры Даниленко жолдасқа бес сөгіс берілді. Көкпекті аудандық партия комитетінің секретары Орынбаев, Аягөз аудандық партия комитетінің секретары Тобақабылов жолдастар және басқалары әкімшілік жүргізу жолына түсті.

Көптеген облыстық партия комитеттері мен аудандық партия комитеттерінің ауыл шаруашылығына басшылық ету дәрежесі оларға қойылатын талаптарға сай келмейтінін турасынан айту қажет. Аудандық партия комитеттерінің аймақтық нұсқаушылар топтарының ролі әлі де кем. Олар колхоздардағы, МТС-тердегі, совхоздардағы істің жәйіна нашар әсер етеді, бірсыпыра реттерде МТС-тер мен совхоздар директорларының көмекші аппаратына айналған.

Қазір селода басшы партия, совет қызметкерлері көп, ал көп аудандарда жұмыстың барысы нашар. Семей облысының Шар ауданын мысалға алайық. Мұнда бір МТС-ке, бес колхозға және бір совхозға 20 инженер-техник қызметкер, 52 партия және совет қызметкері бар. Орта есеппен әрбір колхозға 14 басшы қызметкерден келді. Басшы қызметкерлер мұндай көп болып отырғанда, барлық шаруашылықтар осы күнгі техникамен мол жабдықталған, оларды өркендетуге өте көп қаржы жұмсалып отырған жағдайда аудан өзінің алдына қойылған міндеттерді ойдағыдай атқаруға тиісті еді. Ал іс жүзінде ауыл шаруашылығы өркендемегені былай тұрсын, кейбір көрсеткіштер бойынша төмендеп барады. Мысалы, соңғы екі жылдың ішінде бұл ауданда малдың барлық түлігі 2 250 бас азайды, төл өсірудің онына да төмен көрсеткіштері нашарлай түсті. Бұл уақыттың ішінде орта есеппен әрбір сыйырдан алынатын сүт 41 литр кеміді, ал астық өндіру жартыдан аса азайды. Шар

аудандық партия комитетінің секретарьлары Герасенко, Серкешев және Меркенов жолдастар жұмысты «қайта құру», басшылықты тікелей өндіріске «жақындату» туралы көп айтады. Олар басты міндет — бұқара арасындағы ұйымдастыру жұмысы орнына өнімсіз мәжілістермен, бос сөздермен уақыт өткізеді.

Коммунистік партияның негізі — бастауыш партия ұйымдары. Сондықтан, бүкіл партия жұмысын онан әрі өрге бастыру, шаруашылық және мәдениет жұмысына басшылықты жақсарту, көбінесе осы бастауыш ұйымдардың жұмысты қалай атқаруына байланысты. Лениногор қорғасын зауытының партия ұйымы (секретарь Багин жолдас) зауыттың коллективін КПСС Орталық Комитеті июль Пленумының шешімдерін жүзеге асыруға ойдағыдай жұмылдырып отыр. Мұнда барлық коммунистердің 92 проценті тікелей өндірістің шешуші учасоктерінде жұмыс істейді. Завод мемлекеттік тапсырмаларды үнемі орындап, металл шығаруды үздіксіз арттыруда. Металлургтер коллективі еңбек өнімділігін арттырып, өнімнің түсер құнын кемітуде.

Қостанай облысы, Қарабалық ауданындағы «Өрнек» астық совхозының партия ұйымы (секретары Қалюжный жолдас) жұмысты жақсы атқарады. Мұнда коммунистер өндірістің барлық учасоктерінде ұйымдастыру жұмысын кеңінен жүргізеді. Мұның өзі тыңғылықты нәтижелер берді. Құрылысшылар жоспардан тыс 419 шаршы метр тұрғын үйлерді пайдалануға тапсырды. Совхозда клуб, электр станциясы, овощь қоймасы, монша, мектеп, нан пісіретін орын, аурухана, жатақ-үй салынды, совхоз толық радиоландырылды.

Совхоздың коллективі тың және тыңайған жерлерді жырту тапсырмасын асыра орындады, басқа шаруашылықтарға көмектесіп, 16 140 гектар жер жыртып берді, ауа райының қолайсыз болуына қарамастан, егіннен мол өнім алды. Совхоз егін жыйнауды ұйымшылдықпен өткізді, астық дайындау жоспарын орындады, келесі жылғы егістің тұқымын түгел құйды, біржарым жылдық жемшөп запасын жасады, барлық малға жетерліктей жақсы қоралар салынды. Мұндай партия ұйымдары барған сайын көбеюде. Мәселен, Батыс Қазақстан облысы, Фурманов ауданының Калинин атындағы колхозының партия ұйымы (секретары Ныхов жолдас) колхоздағы барлық жұмыстардың жетекшісі және демберушісі болып отыр.

Мұнымен бірге республикада өздерінің міндеттерін нашар атқаратын бастауыш партия ұйымдары әлі де аз емес. Олардың партия мен үкмет директиваларын орындаудағы ролі кем. Өнеркәсіптік партия ұйымдарындағы коммунистердің тікелей өндірісте жұмыс істейтіндері жартысынан кем болуына төзу қиын. Солтүстік Қазақстан, Қөкшетау және Гурьев облыстарының егін шаруашылығы мен мал шаруашылығында жұмыс істейтін коммунистер аз.

Бастауыш партия ұйымдарын келешекте де ұйымдық жағынан нығайтып, шаруашылық-саяси міндеттерді орындауда олардың ролін арттыру міндет. Барлық совет органдарының, сондай-ақ, кәсіподақтар мен комсомол сыяқты бұқаралық ұйымдардың жұмысын жақсарту керек. Мұнысыз партия ұйымдары шаруашылық және мәдениет құрылысында баянды табыстарға жете алмайды.

Идеологиялық жұмыс, насихат және үгіт мәселелеріне, еңбекшілерге коммунистік тәрбие беру ісіне партиямыз әрдайым зор маңыз беріп келді және беруде. Партияның Орталық Комитеті бұқара арасындағы жұмысымызды бәсеңдетпей, қайта күшейте беруге, идеологиялық жұмысымызды қандайда болсын нашарлату буржуазиялық идеологияның күшеюіне бастайтынын есте сақтай отырып, социалистік идеологияны үнемі насихаттап отыруға шақырады.

Республиканың партия ұйымдары идеологиялық жұмысты, ең алдымен, насихатты мейлінше жақсарту үшін әлі көп жұмыстар істеуге тиіс.

Партия конференцияларында көрсетілгеніндей, идеологиялық жұмыс өмірден алыстатылған, насихаттың көп уақытта дерексіздік сипаты болады, коммунистік құрылыс міндеттерінен артта қалып отырады, бұқараың белсенділігін күшейтуге жеткілікті көмектеспейді.

Лекциялық жұмыста, үйірмелер мен саяси мектептердің сабақтарында догмашылдыққа, жаттампаздыққа, марксизм-ленинизмнің жеке қағидаларын тұрпайыландыруға, теорияның партия ұйымдары алдындағы шаруашылық және саяси міндеттерден алыстатылуына жол беріледі.

Идеология майданының жеке қызметкерлері ұлы Лениннің мына нұсқауын ұмытқан болса керек: «Қазір істің бәрі практикада, теория практикаға айналатын, практикамен жандандырылатын, практикамен түзетілетін, практикамен тексерілетін, Маркстің: «практикалық қозғалыстың әрбір қадамы дюжина программадан маңыздырақ» деген сөздері ерекше дұрыс болып отырған, нақ осы тарихи кезең туды».

Батыс Қазақстан облысында идеологиялық жұмыстың салақ жүргізілуі нақ осы нұсқауды ұмытқандықтан болып отыр. Мұнда насихатшы кадрларды іріктеу бетімен жіберілген, насихатшылардың жартысына жуығының небәрі орта және орталау білімі бар. Ал даярлығы бар 500 ден астам коммунист насихат жұмысына мүлде тартылмаған.

Қөкшетау облысында насихат жұмысының жолға қойылуында көптеген елеулі кемшіліктер бар. Облыстық партия комитеті, қалалық партия комитеті және кейбір аудандық партия комитеттері өздерінің партия насихатына басшылығын толып жатқан шешімдер қабылдаумен тұжырады. Соңғы кезде бұл мәселе партия комитеттерінің бюроларында, пленумдарында, актив жыйналыстарында 56 рет талқыланды, бірақ мұнан жұмыс жақсарған жоқ.

Марксизм-ленинизм: революциялық теория—практикалық қызметке басшылық, практикадан бөлектелген теория жансыз, ал революциялық теориямен нұрландырылмаған, дамудың келешегін көрмейтін практика көзсіз деп үйретеді. Социалистік құрылыстың барлық салаларына дұрыс басшылық ету міндеттері кадрларымыздан маркстік-лениндік теорияның негіздерін қажырлылықпен меңгеруді, практикалық қызмет мәселелерін шешкенде теорияны басшылыққа ала білуді талап етеді.

Партия ұйымдары үгіт-бұқаралық жұмысқа толық көңіл бөлуге тиіс. Ең алдымен, үгітшілер кадрларын тәрбиелеуді және оларды орналастыруды жақсарту керек. Үгіт пен насихатты еліміздегі коммунистік құрылыстың шұғыл міндеттерін орындауға бағындырып, өмірге неғұрлым жақындату керек, идеологиялық жұмысқа жауынгерлік, алғырлық сипат беру керек.

Қазақстанның Коммунистік партиясы өзінің VIII съезіне жақындап келеді. КПСС XX съезіне де көп уақыт қалған жоқ. Ұйымдастыру-партиялық және идеологиялық жұмысты үнемі жақсарта беру, коммунистік құрылыста жаңа табыстарға жетуге ұмтылу — барлық партия ұйымдарының, әрбір коммунистің құрметті міндеті.

Қазақстан Компартиясының VIII съезін және КПСС XX съезін шаруашылық және мәдениет құрылысында жаңа табыстармен қарсы алайық! Коммунистік партияның басшылығымен совет халқы өзінің түпкі мақсаты — коммунизмнің жарқыраған шыңдарына жетеді.

# Бірінші орыс революциясының бүкіл дүниежүзілік тарихи маңызы

С. ФЕДЮКИН

Еліміздің еңбекшілері өздерінің бостандыққа ұмтылған жолында қанаушыларға, патша өкметіне және капитализмге қарсы күресте талай үздік ерлік қыймылдар жасады. Империализм дәуіріндегі алғашқы халықтық революция — 1905 — 1907 жылдардағы революция — бұл күрестің дүниежүзілік тарихи маңызы бар, күрделі кезеңі болды.

Бірінші орыс революциясы Отанымыздың халықтарының және бүкіл дүниежүзілік революциялық қозғалыстың тағдырына орасан зор әсерін тигізді. Бұл революция патшалық самодержавие құрылысын негізіне дейін шайқалтты, Россия еңбекшілерінің әлеуметтік және ұлттық азаттығы ісін үздік алға бастырды. Мұнымен бірге 1905 — 1907 жылдардағы революция бүкіл дүние жүзіндегі революциялық қозғалысқа күшті қозғау салды.

Бірінші орыс революциясында алған тәжірибе еліміздің жұмысшы табы мен ең кедей шаруаларына Ұлы Октябрь социалистік революциясында жеңіске жетуге көмектесті. «1905 жылғы «ұлы репетиция» болмаса, — деп көрсетті В. И. Ленин, — 1917 жылғы Октябрь революциясының жеңуі мүмкін болмас еді» (Шығармалар, 31-том, 12-бет).

Қаһарман орыс пролетариаты күресінің сабақтары дүниежүзілік революциялық қозғалыстың теориясы мен практикасын байытты. Бірінші орыс революциясы қазірде де капиталистік елдердегі жұмысшы табының және оның революциялық партияларының бостандық жолындағы күресінде оларға рух беруші үлгі және жауынгерлік тәжірибенің сарқылмас бұлағы болып отырады.

\* \* \*

1905 — 1907 жылдардағы революцияның асқан дүниежүзілік тарихи маңызы мынада: бұл революция, Париж коммунасының жеңіліске ұшырауынан бері капитализмнің бір шама бейбіт дамуы дәуірінен кейін, дүниежүзілік капиталистік системаның ерекше күшті кризисінің басталуын дәлелдеген қауырт революциялық шайқалыстар заманының бастамасы болды.

1905 — 1907 жылдардағы буржуазиялық-демократиялық революция патшалы Россияның езілген халықтарының сан миллион жұмысшылар, шаруалар, еңбекшілер бұқарасын оятып, саяси өмірге қатыстырды. Бұл революция шын мәнісінде халықтық революция болды, өйткені оған, В. И. Лениннің көрсеткеніндей, езілген және қаналған ең көп «төменгі» қоғамдық топтар қатысты. Халық қалың бұқарасының белсеніп қатысуы — бірінші орыс революциясының ең айқын сипатты белгісі.

Батыстағы XVII — XIX ғасырлардың буржуазиялық революцияларынан өзгеше, Россиядағы буржуазиялық-демократиялық революцияның басшы күші, ұлттың басым көпшілігінің мүдделерін дәйектілікпен білдіруші бірден-бір тап, қазіргі заман қоғамының ең революцияшыл табы — пролетариат болды. Халықтық революцияның толық жеңуіне нақ осы тап мүдделі болды, өйткені бұл жеңіс оған жақсы ұйымдасуға, бұқараға саяси басшылықтың тәжірибесін жыйнауға мүмкіндік беретін еді, саяси өкметті жеңіспен алуға қажетті жағдай тугызатын еді.

Сан миллион шаруалар бұқарасы бұл революцияда Россия пролетариатының табиғи одақтасы болды. Аграрлық, шаруалық мәселе орыс буржуазиялық-демократиялық революциясының өзекті мәселесі болды. Помещиктердің жерін алуға, демократиялық бостандықтар алуға мүдделі шаруалардың күнбе-күнгі тұрмыс қажеттері оларды пролетариаттың одақтасы болып, батыл демократиялық төңкерісті жақтауға ұмтылдырды.

Орыс буржуазиясын алатын болсақ, жұмысшы қозғалысының өрлеуінен өлердей қорыққан және патша өкметімен байланысты болған бұл буржуазия демократиялық революцияның жеңуін, патша өкметінің және барлық крепостнойлық қалдықтардың жойылуын тілемеді, сондықтан революцияға қарсы күш болды.

Сонымен, 1905 — 1907 жылдардағы революцияның, монополияға дейінгі капитализм тұсындағы революциялардан түбірлі өзгешелігі, ең алдымен, күштердің жаңадан орналасуында: басшылық рольді (гегемонияны) буржуазия емес, пролетариат атқарды, шаруалар буржуазияның резервінен, пролетариаттың одақтасына айналды. Жұмысшы табы мен шаруалардың күш біріктіріп күресуі олардың түбірлі экономикалық және саяси мүдделерінің бірлігінен туды.

1905 — 1907 жылдардағы революция жұмысшы табының шаруалармен жауынгерлік одағы туралы лениндік идеяның ұлы өмірлік күшін тамаша дәлелдеді. В. И. Ленин, меньшевиктердің бұл одақ «негізсіз» дейтін байымдауларын әшкерелеп, жұмысшы табы мен шаруалардың одағы революцияның бүкіл дәуірінің арқауы болып отыратынын көрсетті. «Бұл одақ, — деп жазды В. И. Ленин, — стихиялық, қалыптаспаған, көбінесе санаға ене қоймаған одақ болды. Бұл күштер жеткілікті ұйымдаспаған бытыраңқы күштер еді, олардың нағыз бастап отыратын орталық басшылығы, т. т. болмады, бірақ ескі самодержавиенің шебін бұзған басты күштер ретіндегі пролетариат пен шаруалар «күштерінің одағы» болғандығы даусыз факт. Бұл фактіні түсінбейінше, орыс революциясының «қорытындылары» жөнінде ештеңе де түсінуге болмайды» (Шығармалар, 15-том, 337 — 338-бет.).

Бірінші орыс революциясының тәжірибесі, жұмысшы табы басшылық роль атқаратын жұмысшы табы мен шаруалар одағының помещиктер мен капиталистер өкметін құлатып, елімізде социалистік қоғам орнатуды қамтамасыз ете алған қоғамдық күш болып табылатынын көрсетті. Жұмысшы табы мен шаруалардың одағы кәзір советтік құрылыстың мызғымайтын негізі болып отыр. Коммунистік партия мен Совет үкметі жұмысшы табы мен шаруалар одағын көздің қарашығындай сақтайды. Бұл одақ болып отырғанда, еліміздің халықтарына ешқандай жау қорқынышты емес.

Орыстың үш революциясының тәжірибесімен, СССР-дегі социализм құрылысының практикасымен байытылған, жұмысшы табы басшылық роль атқаратын жұмысшы табы мен шаруалар одағы туралы лениндік идея Европа мен Азияның халықтық демократия елдерінің социализм орнату жолындағы тарихи жеңістерінде айқын бейнеленді.

1905 — 1907 жылдардағы революцияның сабақтары, жұмысшы табы мен барлық еңбекшілердің шын мәнісіндегі басшысы және көсемі ролін тек жауынгер марксистік революцияшыл партия, оппортунизмнің іс жүзінде үстемдігі орнаған II Интернационалдың партияларынан мүлде өзгеше, жаңа тұрпатты партия ғана атқара алатынын дәлелдеді. Россиядағы мұндай партия большевиктер-коммунистер партиясы болды.

Ұлы Лениннің даналығымен құрылған большевиктік партия іс жүзінде жұмысшы табының алдыңғы ұйымдасқан отряды, оның таптық ұйымының ең жоғарғы формасы болды. Тек большевиктер партиясы ғана, бұқараға ойдағыдай басшылық ете алатын жеткілікті батыл, тәж-

рибелі және теориялық біліммен қаруланған партия бола алды. Россияда мұндай партияның құрылуы дүниежүзілік жұмысшы қозғалысында жаңа беталысты бастады.

1905 — 1907 жылдардағы орыс революциясының ерекшелігі — оның халқының жартысынан көбі орыс емес халықтардан құралған көпұлтты мемлекетте жасалғандығында болды. Сондықтан пролетариат және оның партиясы елдің шеткері аймақтары халықтарының өсіп келе жатқан ұлттық-азаттық күресіне өздері басшылық етуге тиісті болды. Большевиктік партияның ұлт мәселесіндегі программасы жалпы пролетарлық азаттық қозғалыстың мүдделерін Россия халықтарының ұлттық мүдделерімен шебер ұштастырды. Бірінші орыс революциясы жұмысшы табының басшылығымен көпұлтты ел еңбекшілерінің біртұтас майданын жасаудың үлгісін көрсетті. Көпұлтты капиталистік мемлекеттердің жұмысшы табы кәзір осы үлгіден өнеге алады.

Өзінің сипаты жағынан буржуазиялық-демократиялық революция болған бірінші орыс революциясы, мұнымен бірге пролетарлық революция болды. Мұның себебі пролетариаттың революцияға көсем болып шыққандығында ғана емес, мұнымен бірге оның себебі — күрестің пролетарлық формалары мен әдістері — жашай саяси стачка және қарулы көтеріліс — оның барысын және болып көрмеген кең өрістілігін белгілегендігінде.

Революция бұқараның саяси белсенділігін күшейтудің басты құралы — жаппай стачкалардың ұлы маңызын дәлелдеді. Сол кезде капиталистік елдердің бірде-біреуінде, Россиядағыдай күшті стачкалық қозғалыс болған жоқ. 1905 жыл бойына өнеркәсіптегі әрбір жұмысшы орта есеппен екі дүркін ереуіл жасағанын көрсетудің өзі бұған жеткілікті дәлел.

Стачкаларды ұйымдастырғанда большевиктер экономикалық мәселелерді саяси мәселелермен өте шебер байланыстырды. Большевиктік партия бастаған жұмысшы табы ішінара талаптар үшін емес, халықты патша өкметінің езгісінен қарулы күшпен азат ету үшін күрес жүргізетінін оқиғалардың бүкіл барысы айқын көрсетті. В. И. Ленин саяси стачканың сипаты мен көтеріліс арасындағы нақ осы байланысты есте тұтып, былай деп жазды: «1905 жылдың тәжірибесі бұқаралық стачкалардың терең тамыр жайған, ұлы дәстүрін жасады. Сондықтан бұл стачкалардың Россияда неменеге әкеп соғатынын да ұмытпау керек. Бізде қарысқан бұқаралық стачкалар **қарулы көтеріліспен** тығыз байланысты» (Шығармалар, 18-том, 100-бет).

Шынында да, көтеріліске ұласқан бұқаралық саяси стачка революцияшыл еңбекшілерге 1917 жылғы февральда патша өкметін бірнеше күннің ішінде құлатуға мүмкіндік берді.

Бірінші орыс революциясының тәжірибесі бұқаралық саяси стачка пролетарлық революцияның ұлы мектебі, бұқараны революциялық ұйымдастырудың тыңғылықты құралы болып табылатынын көрсетті. Бұқаралық саяси стачка пролетариат үшін тиімсіз дейтін оппортунистік теория осылайша бекерге шығарылды.

Декабрьдегі қарулы көтеріліс революцияның дамуының жоғарғы шыңы болды. Бұл көтеріліс Россиядағы революциялық қозғалыстың және халықаралық жұмысшы қозғалысының тарихынан аса көрнекті орын алды. Париж коммунасынан кейін алғаш рет пролетариат қарулы көтеріліске аттанды.

Россиядағы 1905 жылғы декабрьдегі көтеріліс, өзінің жеңіліске ұшырауына қарамастан, орасан зор тарихи роль атқарды. Революция жолына түскен пролетариаттың батыл қарулы күрес жүргізуі керек, қарулы күрес жұмысшы табының өкметті қолға алу жолындағы күресінің шешуші құралы болып табылады дейтін марксистік қариданың дұрыстығын декабрь көтерілісі айқын дәлелдеді.

«Москва көтерілісінің сабақтары» деген мақаласында В. И. Ленин декабрьдегі қарулы көтерілістің жеңілу себептеріне терең талдау жасады. Ол меньшевиктердің жеңілушілік позициясын әшкерелеп, масқаралады, неғұрлым батыл қаруланып, батыл шабуыл жасау керек екенін көрсетті, өйткені қорғану—қандайда болсын қарулы көтерілістің ажалы болатынын, әскерлерді өз жағына тарту үшін неғұрлым жігерлі күресу керек екенін, көтерілістің ұйымдастырылуын және тактикасын мұқият белгілеп, көтеріліс жасауды — өнер деп тану керек екенін көрсетті.

Декабрьдегі қарулы көтерілістің бүкіл дүниежүзілік тарихи маңызы бар. Бұл көтерілісте революцияшыл бұқара ескі өкметті құлату қыймылының іс жүзінде бастады. «Пролетариат, — деп көрсетті В. И. Ленин, — декабрь күресі арқылы, бірнеше ұрпақтардың жұмысына идеялық-саяси маяк бола алатын мұралардың бірін халыққа қалдырды» (Шығармалар, 16-том, 173-бет). 1905 жыл жұмысшы табына қарулы көтерілістің тәжірибесін үйретті, бұл тәжірибені Коммунистік партия социалистік революцияны жүзеге асырғанда ойдағыдай пайдаланды.

Бірінші орыс революциясының аса зор тарихи маңызы — орыс жұмысшыларының алғаш рет, пролетариат пен шаруалардың революциялық-демократиялық диктатурасы туралы мәселені практикада алға қойғандығында. Революцияның барысында құрылған жұмысшы депутаттарының Советтері Россия жұмысшы табының жеңіспен жеткен ерекше зор табысы болды.

1905 жылғы Советтердің аз өмір сүргеніне қарамастан, олар халықтық өкметтің күшін және өмірге бейімділігін көрсетті, еңбекшілердің түбірлі мүдделерін білдірді және өздерінің бүкіл қызметінде халық бұқарасына сүйенді.

Бірінші орыс революциясы дәуіріндегі жұмысшы табының революциялық тәжірибесін ғылыми қорыта келіп, марксистік ілімді творчестволықпен дамыта отырып, В. И. Ленин Советтерден пролетариат диктатурасының мемлекеттік формасын тапты. Ол марксизмнің парламенттік демократиялық республика туралы ескі қағидасын пролетариат диктатурасының ең жақсы саяси формасы Советтер республикасы болып табылады дейтін жаңа қортындымен ауыстырды.

Советтер идеясы жұмысшы табының санасына мықтап орнықты. Мұны мынадай факті дәлелдейді: 1917 жылғы февраль революциясының бас кезінде-ақ солдаттар мен шаруалар Советтерді құрды. Бұл Советтер, Октябрь революциясынан кейін елімізде орнаған Совет өкметінің алғы бейнесі болды.

Тарихи дамудың бүкіл барысы советтік мемлекеттік құрылыстың асқан күші мен өмірге бейімділігін көрсетті. Ұлы Октябрь социалистік революциясының өрті ішінде жеңіспен орнатылған Совет өкметі, Коммунистік партияның басшылығымен жаңа қоғам орнату үшін күресуші ең демократиялық, ең озат өкмет болып табылады.

В. И. Ленин капитализмнен коммунизмге өту өте көп және әралуан түрлі саяси формалар туғызатынын, бірақ олардың мәні сөзсіз бір: пролетариат диктатурасы болатынын жазды. Бұл лениндік қағида халықтық демократия елдерінің тәжірибесінде дәлелденіп отыр. Халықтық-демократиялық құрылыс пролетариат диктатурасы формаларының бірі болып табылады және бұл елдерде социализмнің ойдағыдай орнатылуын қамтамасыз етеді.

Бірінші орыс революциясының барысында Россияда кәсіподақтар құрылды. Бұл одақтар, батыстағы кәсіподақтардан өзгеше, пролетариаттың революцияшыл партиясы құрылғаннан кейін және оның басшылығымен ұйымдастырылды. Большевиктік партия, кәсіподақтарды бейтараптандыруға, жұмысшы табының бұл жауынгерлік революциялық



ұйымдарының ролін кемітуге тырысқан оппортунистердің бұл әрекетіне қарсы қажырлы күрес жүргізді.

Қарулы көтеріліс ұранын дәлелдеген және оны жүзеге асырудың нақты жолдарын белгілеген Коммунистік партияның III съезі россиялық және халықаралық жұмысшы қозғалысының тарихында үздік роль атқарды. Қарулы көтерілістің большевиктік идеясына меньшевиктердің қарсы шығуы олардың жұмысшы қозғалысындағы реформистік ағым, буржуазияның агентурасы болып табылатынын айқын дәлелдеді.

Бірінші орыс революциясы жылдары екі саяси жолға — большевиктердің революциялық стратегиясы мен тактикасы жолына, меньшевиктердің бұған қарсы оппортунистік жолына практикалық сын болды. Халықаралық жұмысшы қозғалысының келешектегі тағдыры үшін бұл сынның орасан зор маңызы болды.

Большевиктер мен меньшевиктердің алауыздығының мәнісі мынада болды: большевиктер революцияда пролетариаттың гегемониясы, жұмысшы табы мен шаруалар одағы болуын жақтады, либерал буржуазияны оқшау қалдыруды жақтады, ал меньшевиктер революциядағы пролетариат гегемониясына қарсы, жұмысшы табы мен шаруалар одағын жасау саясатына қарсы шығып, либерал буржуазиямен келісуді жақтады. Революцияның барысы, Коммунистік партияның орнатушысы және көсемі В. И. Ленин белгілеген большевиктердің стратегиялық жоспары мен тактикалық жолының дұрыстығын дәлелдеді.

В. И. Ленин мен большевиктердің дүниежүзілік революциялық қозғалыс алдындары ұлы тарихи еңбегі мынада: олар пролетариаттың революциялық тактикасын жасағанда, өздерінің өмір талап ететін жаңа жолдарды батыл іздейтін, догмашылдық емес, творчестволық марксизм позициясында тұрған, шын мәнісіндегі жанашылдар екенін көрсетті. Өзінің 1905 жылдың орта шенінде басылып шыққан «Социал-демократияның демократиялық революциядағы екі тактикасы» деген еңбегінде В. И. Ленин большевиктік партияның тактикасын, жұмысшы табының тактикасын данышпандықпен дәлелдеді, Коммунистік партияның саяси негіздерін белгіледі. В. И. Ленин пролетариаттың буржуазиялық-демократиялық революциядағы гегемониясының идеясын терең ғылыми дәлелдеді, буржуазиялық-демократиялық революцияны социалистік революцияға ұластырудың айқын келешегін көрсетіп берді. Кейіннен, бірінші дүниежүзілік соғыс дәуірінде, В. И. Ленин социалистік революцияның теориясын жасауды аяқтап, оны социализмнің алғашында бір немесе бірнеше елде жеңу мүмкіндігі туралы қортындымен толықтырды. Алайда, социалистік революцияның лениндік теориясының негізгі қағидаларының дұрыстығын бірінші орыс революциясының өзі-ақ дәлелдеді.

Елімізде Ұлы Октябрь социалистік революцияның жеңуі, Еуропа мен Азияның бірқатар елдерінде халықтық-демократиялық құрылыстың орнатылуы социалистік революцияның лениндік теориясының салтанаты болды. Туысқан коммунистік және жұмысшы партиялары, өз елдерінің ерекшелік жағдайларын есепке ала отырып, социалистік революцияның лениндік теориясын творчестволықпен қолдануда және дамытуда.

Еңбекшілер бұқарасы революцияның барысында Россияның барлық саяси партияларын, олардың программалары мен тактикалық бағыттарын іс жүзінде тексеріп сынай алды. Халық ішінен шыққан және онымен тығыз байланысты, еңбекшілерді азат ету ісіне шын берілген, жұмысшы қозғалысындағы оппортунизмге төзбейтін, бірден-бір дәйекті революцияшыл партия большевиктердің партиясы болып табылатындығына жұмысшы табы мен шаруалардың іс жүзінде көзі жетті. Тек большевиктер ғана елдегі бірден-бір революциялық-марксистік күш болды, тек солар ғана революцияны өрістетіп, патша өкметін қарулы көтеріліс жолымен құлатуға, пролетариаттың шаруалармен одағын жасауға,

буржуазиялық-демократиялық революцияны социалистік революцияға ұластыруға дәйектілікпен батыл бағыт алды.

Бірінші орыс революциясының ұлы тарихи маңызы мынада: оның тәжірибесі, бүкіл оппортунизмді идеялық және ұйымдық жағынан талқандамайынша, революцияшыл партияның біртұтас бірлігін жасамайынша үзілді-кесілді және толық жеңіске жетуге болмайтынын көрсетті. Қазір туысқан коммунистік және жұмысшы партиялары бірінші орыс революциясының осы тәжірибесін басшылыққа алып отырады.

1905 — 1907-жылдардағы революция қалың халық бұқарасын оятып, белсенді саяси күреске қатыстырды. Пролетариат, оның жауынгер партиясы — большевиктер партиясы — бұл халық бұқарасына революциялық күрес жүргізуді үйретті. Бұл күрестің нәтижесінде самодержавие құлатылмаса да, патша өкметі мен капитализмнің езгісін жоюдың жолдары мен әдістері бүкіл халыққа айқын көрсетілді. В. И. Ленин былай деп үйретеді: «Қаналушы тапты тек күрес қана тәрбиелейді, тек күрес қана оған оның өзінің күш шамасын аңғартады, оның ой-өрісін кеңітеді, оның қабілетін көтереді, ақыл-ойын ашады, оның ерлік-жігерін шынықтырады» (Шығармалар, 23-том, 256-бет).

\* \* \*

Марксизм-ленинизм классиктерінің дүниежүзілік революциялық қозғалыс орталығының Россияға ауысатыны туралы және орыс пролетариатының халықаралық революциялық қозғалыстағы авангардтық ролі туралы данышпандық көрегендігін бірінші орыс революциясы тамаша дәлелдеді. Бірінші орыс революциясының аса зор халықаралық маңызын көрсете келіп, В. И. Ленин былай деп жазды: «Қазір бүкіл дүние жүзінің пролетариаты бүкіл Россия пролетариатына аса зарыға көз тігіп отыр. Біздің жұмысшы табының батырлықпен бастап отырған ісі — Россияда патша өкметін құлату ісі барлық елдердің тарихында бетбұрыс кезең болмақ, барлық мемлекеттерде, жер шарының барлық түкпірлерінде барлық ұлттардың барлық жұмысшыларының ісіне жеңілдік болмақ». (Шығармалар, 8-том, 91-бет).

Озат маркстік-лениндік теориямен қаруланған Россия пролетариатының күресі сол кездің өзінде-ақ, өзінің маңызы жағынан, Россияның ұлттық шеңбері шегінен әлде қайда асып кетті. Бірінші орыс революциясы бүкіл дүние жүзінде империализм заманының революциялық шайқастар дәуірін бастады. Россияның жұмысшылары мен шаруаларының патша өкметіне берген соққысы, мұнымен бірге бүкіл империалистік системаға соққы бергендік болды.

Россиядағы революция туралы хабарды барлық елдердің жұмысшылары күшті жігермен қарсы алды. Орыс жұмысшы табының қыймылы бүкіл дүние жүзінде пролетариат пен буржуазия арасындағы таптық қайшылықтардың шиеленісуіне зор әсер етті. 1905 жылғы январь күндерінің өзінде көптеген елдердің 40-тан астам қалаларында орыс жұмысшы табына тілектестік білдіру стачкалары жасалды. 1905 жылы АҚШ-та, Германияда және Францияда төрт мыңнан астам стачка өткізілді, оларға бір миллиондай жұмысшылар қатысты.

Көп халық қатысқан митингтерде, жыйналыстарда, демонстрацияларда жұмысшылар Россияның қаһарман пролетариатын құттықтап, патша өкметі мен дүниежүзілік империализмнің жауыздықтарына өздерінің ашулы наразылығын білдірді, өздерінің үкіметтерінен орыс самодержавиесі мен буржуазиясына көмектеспеуді талап етті.

Халықаралық жұмысшы қозғалысының аса көрнекті қайраткерлері бірінші орыс революциясын шаттықпен құттықтады. К. Либкнехт былай деп жазды: «22 январь Россияның тарихында жаңа беталыстың басталғанын көрсетеді. Патша өкметі сол күндерде төгілген қанға тұншығады.

Россияға сәулесін түсірген бостандық — Пруссия үшін, Саксония үшін, Германия үшін де бостандық. Орыс революциясының туы астына жыйналуға біздің толық дәлеліміз бар».

Орыс революциясының әсерімен дүниежүзілік пролетариат күресінің формалары мен әдістері өзгерді. Батыс Еуропаның жұмысшы табы күрестің «орыстық» әдістерін үйрене бастады. Мәселен, өзінің оппортунистік лидерлері жалпы ереуілдің қас-дұшпандары болуына карамастан, герман пролетариаты орыс революциясының көрнекі сабақтарына ең алдымен үн қосып, жалпы саяси стачка идеяларын қызу жақтайтын болды.

Россиядағы революциялық оқиғалардың әсерінен Германияның, Францияның, Болгарияның, Голландияның және басқа елдердің социал-демократиялық партияларындағы революцияшыл элементтер өздерінің революциялық қызметін күшейтті. Бұл елдерде солшыл социал-демократтар мен оппортунистер арасындағы күрес шиеленісті. Орыс революциясына, Россия жұмысшы табы күресінің формалары мен әдістеріне көзқарас батысевропалық социал-демократияның шын бейнесін көрсетті. Бірінші орыс революциясы II Интернационал лидерлерінің оппортунистігін халықаралық жұмысшы қозғалысы алдында әшкерелеуге, батысевропалық социалистік партиялардың шын революцияшыл күштерін біріктіруге, олардың большевиктер партиясымен жақындасуына көмектесті.

Батысевропалық елдердің жұмысшылары бүкіл 1905 жыл бойына, революциялық қозғалыстың үздіксіз өрлеп келе жатқанын дәлелдейтін қыймылдар жасады. 3—7 апрельде Италияда теміржолшылардың ереуілі өткізілді, 13-ші августа Будапеште 40 мың адам қатысқан демонстрация, ал 15 августа жалпы ереуіл жасалды. «Потемкин» броненосеці командасының қаһармандық көтерілісінің үлгісі бойынша Германияның «Фрауэнлоб» крейсерінде матростар көтеріліс жасады. 1906 жылы Франция, Англия, Германия және басқа елдер жұмысшыларының күресі онан сайын ұлғая түсті. Батысевропалық елдердегі күшті таптық шайқастар бірінші дүниежүзілік соғысқа дейін жүргізілді.

Бірінші орыс революциясының азаттық идеялары мына фактіден де айқын көрінді: 1905 жылғы 25 июньде Норвегияның стортингі (парламенті) король Оскарды тақтан түсіріп, Норвегияның тәуелсіздігін, яғни оның Швециядан іс жүзінде бөлінуін жариялады.

Өртүрлі елдердегі тап күресінің өртүрлі формалары болды, алайда, бірінші орыс революциясының әсерімен қалыптасқан оның ортақ сипаттары соның өзінде көрінді. Россия жұмысшыларынан үлгі ала отырып, басқа елдердің пролетариаты тап күресінің неғұрлым ашық формаларына көшті. Егер 1905 жылға дейін батысевропалық елдерде күрестің парламенттік формалары үстем болса, енді демонстрациялар мен митингтер, ереуілдер мен қарулы көтерілістер, яғни еңбекшілердің бұқаралық қыймылдары басым болды. Бұл күрес барлық елдердің жұмысшыларын топтастырып, империализмнің үстемдігіне зор қатер туғызды.

Бірақ бірінші орыс революциясы, әсіресе, Шығыс елдеріндегі ұлттық-азаттық қозғалысқа күшті және тікелей әсерін тигізді. Азияның колония және тәуелді елдерінің халықтары Россиядағы революцияны феодализмге қарсы, шерелдік империализмге қарсы, демократия және ұлттық тәуелсіздік жолындағы күресті күшейтуге берілген белгі деп танып, қарсы алды.

Тамаша қаһармандық, революциялық инициатива және революциялық күш көрсеткен Россияның жұмысшы табы мен шаруаларының үлгісі Азия халықтарының ұлттық-азаттық қозғалысының күшеюіне себеп болды. Бұл өрлеудің нәтижесінде Түркияда, Иранда, Қытайда буржуазиялық революциялар жасалды, Индияда, Индонезияда, Қорейда және басқа елдерде ұлттық-азаттық қозғалыс кең өріс алды. 1905 — 1907 жылдардағы революцияның маңызын сипаттай келіп, В. И. Ленин былай

теп жазды: «Орыс революциясы бүкіл Азияға қозғау салды. Түркиядағы, Персиядағы, Қытайдағы революциялар 1905 жылғы құдіретті көтеріліс терең із қалдырғандығын және жүз-жүздеген миллион адамдардың шабуылды қыймылынан көрініп отырған, оның әсерін жоюға болмайтындығын дәлелдейді» (Шығармалар, 23-том, 267-бет).

Бірінші орыс революциясы 1911 жылы Қытай Республикасын құрумен аяқталған қытай революциясының дамуына ерекше күшті әсер етті. Орыс революциялық қозғалысының азаттық идеялары Сунь Ятсен бастаған қытай революционерлерінің демократиялық программасының қалыптасуына игілікті әсерін тигізді. Орыс пролетариатының қаһармандық қыймылының әсерінен туған Қытайдағы қуатты революциялық халықтық қозғалыс 1949 жылы халықтық-демократиялық революцияның жеңуіне дейін тоқталмай келді.

Осылайша, бірінші орыс революциясы дүниежүзілік революциялық қозғалыстары «бейбіт» даму дәуірі орнына келген жаңа дәуірдің — Батыста жұмысшы қозғалысы мықтап өрлеген, Шығыста ұлттық-азаттық қозғалыс екпіндеп өскен дәуірдің — басталғанын дәлелдеді. Россиядағы 1905 – 1907 жылдардағы революцияның баянды бүкіл дүниежүзілік-тарихи маңызы міне осында.

\* \* \*

Бірінші орыс революциясының елу жылдығы — еліміздің және бүкіл дүние жүзі еңбекшілерінің тарихындағы даңқты кезең. 1905 жылы Россияның қаһарман пролетариаты, кейіннен жер жүзіндегі халықтың үштен бірінен көбін қанаушылардың езгісінен құтқарып, әлеуметтік және ұлттық азаттыққа жеткізген күресті бастады. 1905 — 1907 жылдардағы революциядан бергі уақыттың ішінде еліміз бүкіл дүниежүзілік революциялық қозғалысқа басшы болып, өзінің лайықты орнын бір-жолата алды.

Мұнан жарты ғасыр уақыт бұрын Россияның халықтары қаһармандық күрес жүргізе бастаған революция ісі кәзір үздік өсіп нығайды. Елімізде социализмнің жеңуі, халықтық демократия елдерінде социалистік құрылыстың кең өрістетілуі, Азия мен Африка елдерінде ұлттық-азаттық қозғалыстың мықтап өрлеуі, Батыс Европа мен Америкада революциялық күрестің өсуі, Совет Одағы бастаған қуатты демократиялық нағерьдің құрылуы — бұл жеңістердің бәрінде бірінші орыс революциясының ұлы азаттық идеялары жүзеге асырылды.

Бірінші орыс революциясынан бергі жарты ғасыр уақыттың ішінде бүкіл дүниежүзілік-тарихи маңызы бар революциялық қыймылдар көп болды. Бірақ әртүрлі елдердегі революциялық күрестің қандай ерекшеліктері мен өзгешеліктері бола тұрсада, әлемге айқын бір шындық: капитализмнің күйреу дәуіріндегі революциялардың бәрінде, бірінші орыс революциясының өрті ішінде туған және ұлы Ленин қорытып айқындаған идеялар — жұмысшы табының революциядағы жетекші және басшылық ролі туралы, жұмысшы табы мен шаруалардың жауынгер одағының ұлы өмірлік күші туралы, буржуазиялық-демократиялық революцияның социалистік революцияға ұласуы туралы идеялар — салтанат құруда.

Бірінші орыс революциясы — адамзаттың тарихындағы үздік шыққан оқиға. Оның ерекше мол тәжірибесі, еңбекшілер бұқарасының шын берілген қаһармандық күресінің үлгілері капиталистік және колония елдер еңбекшілерінің бейбітшілік, демократия, ұлттық-тәуелсіздік және өздерін империалистік езгіден азат ету жолындағы күресінде оларға рух беруші өнеге болып келді және болып отыр.

Коммунистік партия бастаған совет халқы коммунизм орнату ісін аяқтап шығуға берік бел байлаулы. Даңққа бөленген бірінші орыс революциясы бұл істі жүзеге асыру жолындағы алғашқы үлкен шайқас болды.

# Қазақстанды экономикалық аудандарға бөлу туралы

Б. ДВОСКИН,

*географиялық ғылымдардың кандидаты*

КПСС Орталық Комитетінің июль Пленумы совет халқының социалистік өндірісті жоғары техника негізінде онан әрі ұлғайтып жетілдіру, өнеркәсіпті, ең алдымен ауыр индустрияны жаңадан өрге бастыру, оның техникасын онан сайын өркендету және өндірістің ұйымдастырылуын жақсарту жолындағы күресінің нақты программасын белгіледі.

Өнеркәсіпті, бүкіл халық шаруашылығын жаңадан мықтап өрге бастыру міндеттерін орындауда өндіргіш күштерді дұрыс орналастырудың маңызы зор. Капитализмге қарама-қарсы социалистік қоғамда экономика жоспар бойынша өркендетіледі, өндіріс жоспар бойынша орналастырылады, мұның өзі табиғат және еңбек ресурстарын неғұрлым кең, тиімді пайдалануға мүмкіндік туғызады, сайып келгенде, ұлғаймалы социалистік ұдайы өндірістің қарқынын тездетуге көмектеседі.

Өндірісті жоспар бойынша орналастырудың аса маңызды шарттарының бірі — елді дұрыс экономикалық аудандау. КПСС Орталық Комитетінің июль Пленумы барлық партия, совет және шаруашылық органдарынан, өндіргіш күштерді орналастыруды жоспарлағанда, партияның өнеркәсіпті шикізат қорларына, отынды тұтынушы аудандарға жақындату туралы, экономикалық аудандардың шаруашылығын дұрыс мамандандыру және комплексті дамыту туралы, еліміздің шығыс аудандарында өнеркәсіптің неғұрлым шапшаң өркендеуін қамтамасыз ету туралы директиваларын бұлжытпай басшылыққа алып отыруды талап етті.

Шаруашылықты дұрыс жоспарлау экономикалық аудандаумен тығыз байланысты. Социалистік өндірісті өркендетудің ағымдары, әсіресе алдағы жоспарларын жасау еліміздің әрбір ауданында жергілікті табиғи және экономикалық ресурстарды мүмкіндігінше толық есепке алуды талап етеді. Сондықтан да, ГОЭЛРО жоспарынан бастап, халық шаруашылығын өркендетудің барлық жоспарлары, шаруашылықтың тек салалары бойынша емес, мұнымен бірге еліміздің жеке аудандары бойынша жасалды. Экономикалық аудандау еңбектің республикалар мен облыстар арасындағы территориялық бөлінісін ұйымдастырумен тығыз байланысты. Мұның өзі экономикалық аудандардың шаруашылығын мамандандыру және комплексті өркендету, өнеркәсіп орындарын аудан ішінде кооперациялау міндеттерін алға қойып, дұрыс орындауға мүмкіндік туғызады. Аудандардың шаруашылығын мамандандыруды және комплексті өркендетуді дұрыс ұштастыру, өз тарапынан, өнеркәсіпті шикізат және отын қорларына, тұтыну орталықтарына жақындатқандық, тиімсіз және тым шалғай тасымалды жойғандық болады.

Экономикалық аудандау Коммунистік партияның ұлт саясатын жүзеге асыруға көмектеседі. Ұлт республикаларының экономикасы мен мәдениетінің шапшаң өркендеуі Қазақстанның мысалынан айқын көрініп отыр. Республикада өнеркәсіптің жалпы өнімі совет өкметі тұсында 83 есе дерлік өсті. Түсті және сирек кездесетін металдардың, темір рудаларының, көмірдің, мұнайдың запасы және өндірілуі жағынан Қазақстан елімізде едәуір орын, ал бірсыпыра реттерде жетекшілік орын алады. Кәзіргі уақытта Қазақстан бүкіл Совет Одағында шығарылатын мыстың

57 процентін, қорғасынның 60 процентін, мырштын 61 процентін, кадмийдің 58 процентін, никельдің 26 процентін, молибденнің 22 процентін береді. Бұл цифрлар еліміздің жалпы өнеркәсіп өндірісінде республиканың өнеркәсібі зор орын алатынын дәлелдейді.

Республиканың ауыл шаруашылығында да зор өзгерістер жасалды. Қолхоз-совхоз құрлысының жеңуі жоғары дәрежеде механикаландырылған, көп салалы ауыл шаруашылығын өркендетуге орасан зор мүмкіндіктер туғызды. Соңғы жылдарда Қазақстанда тың және тыңайған жерлерді игеру жұмыстары мейлінше кеңінен жүргізілуде. Мұның өзі астық өндірісін едәуір ұлғайтуға мүмкіндік берді. Тың жерлерді кеңінен игерудің алғашқы жылы — 1954 жылы — Қазақстанның қолхоздары мен совхоздары мемлекетке астықты 1953 жылғыдан екі еседен аса көп тапсырды. Қазақстанның ауыл шаруашылығында мал шаруашылығы зор орын алады. Республикамыз қой мен ешкінің саны жағынан СССР-де екінші орында, сыйыр малы мен жылқының саны жағынан үшінші орында болып келеді.

Осылайша, Қазақстан бесжылдықтар тұсында, жоғары дәрежеде өркендеген өнеркәсібі, әралуан салалы ауыл шаруашылығы бар қуатты индустриялы-колхозды республикаға айналды.

Қазақстанның халық шаруашылығы алтыншы бесжылдықта мұнан да мықты өркендетіледі. Өнеркәсіптің, ең алдымен өндіріс құрал-жабдықтары өндірісінің кәзіргі салалары кеңейтіліп, жаңа салалары құрылады. Толық циклді Қарағанды металлургия заводы, Павлодардың комбайн заводы, Соколов-Сарыбай темір рудалары негізінде салынатын кенбайыту комбинаты, Бұхтарма су электр станциясы және басқа көптеген кәсіпорындар жаңа бесжылдықтың аса зор жаңа құрылыстары болады. Жаңадан табылған пайдалы кен ошақтары іске қосылады, жаңа темір жолдар мен автомобиль жолдарын салу жұмыстары онан әрі кеңінен жүргізіледі.

Республиканың ауыл шаруашылығында егіс көлемі 1956 жылы шұғыл артады. Егіс көлемі жағынан Қазақстан Украинаны басып озып, елімізде екінші орынға шығады. Сөйтіп, таяудағы жылдарда республикамыз елдің астық өндіретін негізгі аудандарының біріне айналады.

Жоғарыда айтылғандардың бәрі Қазақ ССР-нің кәзіргі уақытта өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының аса маңызды салаларын өркендеткен, комплексті дамып отырған шаруашылығы бар, еліміздің аса қуатты экономикалық ауданы болып отырғанын дәлелдейді.

Бұл жағдай, республиканың экономикасында жасалған түбірлі өзгерістерге және кәзір оның халық шаруашылығы алдына қойылып отырған міндеттерге сәйкес, Қазақстанның СССР экономикалық аудандары жүйесінде алатын орнын және ролін дұрыс анықтап белгілеуді керек қылады. Бұл мәселенің маңызы зор, өйткені республиканың шаруашылығын өркендетудің келешөкті жоспарларын дұрыс жасау едәуір дәрежеде осы мәселені шешуге байланысты.

Кәзіргі уақытта СССР-дың бүкіл территориясы 13 негізгі экономикалық ауданға бөлінген, оның ішінде біздің республикамыз Орта Азия мен Қазақстан экономикалық ауданының құрамына кіреді. Экономикалық аудандардың кәзіргі жүйесі соғыстың қарсаңында жасалды және ол, тиімсіз, тым шалғай тасымалдарды азайту мақсатымен, әрбір ауданның барлық керектерін ішкі ресурстар есебінен толық қанағаттандыру принципіне негізделді.

Алайда, соңғы 15 жылдың ішінде Совет Одағының, оның ішінде Қазақстанның экономикасында зор өзгерістер жасалды. Мұның нәтижесінде өнеркәсіп және ауылшаруашылық өндірісі саны жағынан өсіп қана қоймай, оның үстіне Қазақстан шаруашылығының мамандандырылуы

және комплекстілігі күшейді, республиканың жеке бөлектері арасындағы ішкі өндірістік-территориялық байланыс кеңейіп, күрделіленді.

Кәзір Қазақстанда күрделі және әралуан салалы өнеркәсіптік комплекс жасалды, ол әртүрлі салаларды қамтыды:

кен өнеркәсібі (түсті, сирек кездесетін және қара металдар рудаларын, көмір, мұнай, тұз, фосфорит және басқаларын шығару); шикізат пен отын алу жағынан кен өнеркәсібімен байланысты түсті металлургия (мыс, мырш, қорғасын және басқа металдар өндірісі);

кен өнеркәсібінен тиісті шикізат пен отын алып тұратын қара металлургия (болат, прокат, ферросплав өндірісі және т. б.);

машина жасау өнеркәсібі (кен және металлургия өнеркәсібіне керекті әртүрлі жабдықтар өндірісі);

химия өнеркәсібі (тыңайтқыштар, күкірт қышқылы, бор қышқылы өндірісі, көмір мен мұнайды химиялық өңдеу, химия-фармацевтік препараттар жасау және т. б.);

халық шаруашылығының барлық салаларын энергиямен жабдықтайтын электроэнергетика;

әртүрлі жеңіл және тамақ өнеркәсібі.

Таяудағы жылдарда Қазақстанның өнеркәсіптік комплексі жаңа маңызды салалармен: шойын өндірісі, комбайн жасау және басқалармен толықтырылады. Республикада автомобиль, трактор өнеркәсібін және өндірістің басқа түрлерін жасаудың қажеттілігі пісуі жеткен мәселе болып отыр.

Қазақстанның жан-жақты өнеркәсіптік комплексті көп салалы әралуан ауыл шаруашылығымен де сондай толықтырылады. Бүкіл ауыл шаруашылық өндірісінің негізі болып отырған астық шаруашылығымен қатар, Қазақстанның егіншілігінде техникалық дақылдар (мақта, күнбағыс, қант қызылшасы, темекі, конопля, кенаф, күнжұт, мақсары, дәрілік мақ, горчица, майкене және басқалары) егісі маңызды рол атқарады. Жеміс, жүзім, овощь, бақша шаруашылығы, сол сыяқты картоп егісі едәуір орын алады. Ақырында, Қазақстан өзінің мал шаруашылығының әртүрлі салаларымен өрекше орын алып отыр.

Әрине, өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы салаларының бәрі бірдей Қазақ ССР-інің жалпыодақтық мамандануына жатпайды, оның ішінде көп салалардың республикалық немесе тіпті жергілікті маңызы бар, бірақ бар табиғи ресурстарды пайдалану және шаруашылықты комплексті өркендету тұрғысынан бұл салалардың бәрінің де маңызы өте зор.

Сонымен, Қазақстан аса күрделі экономикалық өлке болып отыр. Өзінің мамандануы, комплекстілік сипаты, еңбектің бүкілодақтық бөлінісіндегі өзіне тән міндеттері жағынан, оның Орта Азия республикаларынан зор айырмашылығы бар. Бұған байланысты, біздіңше, Орта Азия мен Қазақстанды біртұтас негізгі экономикалық аудан етіп сақтаудың қолайсыздығы туралы мәселені алға қоюдың мезгілі жетті<sup>1</sup>. Бұл ауданды сақтау енді оның әртүрлі бөлектерінде қалыптасқан, шаруашылықтың жаңа салалық құрылысына, жаңа өндірістік территориялық байланысқа үйлеспейді. Ол түгіл, Орта Азия мен Қазақстанның біртұтас экономикалық аудан болып отыруы кәзіргі уақытта бұл территорияда, өндірістің салалары бойынша да, сол сыяқты жеке республикалар бойынша да, өндіргіш күштерді дамытуды және орналастыруды жоспарлауға қиыншылық туғызады.

Елді жаңа экономикалық аудандарға бөлгенде Қазақстанды дербес экономикалық ауданға бөлу қолайлы. Онан кейін Қазақстан экономикалық ауданының шаруашылығын өркендетудің таяудағы екі-үш бесжыл-

<sup>1</sup> Бұл мәселе партиялық баспасөз бетінде кәзірдің өзінде көтерілді («Коммунист» журналының 1955 жылғы 14 номерін қараныз).

дықтарға арналған ұлы схемасын жасау қажет. Бұл схема халық шаруашылығының жалпы мемлекеттік жоспарына толық сәйкес жасалуға тиіс.

Қазақстанның экономикасын өркендетудің алдағы жоспарында республиканың өндіргіш күштерін дамытудың маңызды мәселелері: шаруашылықтың неғұрлым айқын мамандандырылуын белгілеу, халық шаруашылығының жетекші салаларын өркендетудің неғұрлым қолайлы жағдайларын қамтамасыз ету, өнеркәсіп орындарын мамандандыруды онан әрі дамыту және оларды тиімді кооперациялау мәселелері шешілуге тиіс.

Тиімсіз тасымалдарды жою мақсатымен Қазақстан экономикалық ауданы шаруашылығының комплекстілігін онан сайын күшейтуге, әртүрлі салалардың дұрыс ара салмағын белгілеуге, жергілікті шикізат және отын ресурстарын, әрине рентабельді болған жағдайда, жан-жақты пайдалануға ерекше көңіл бөлу қажет.

Мұның аса маңызды болуының бір себебі: республикада шаруашылықтың жеке салаларын дамытып орналастыруда, экономиканы комплексті өркендетуді ұйымдастыруда әлі күнге елеулі кемшіліктер болып келеді. Технологиялық процестің жетілдірілмеуі себепті Қазақстан өнеркәсібінің аса маңызды саласы — түсті металлургияда бағалы металдар өте көп ысырап болады. Мысалы, Қонырат руднигінде кемінде 0,93 процент мысы бар ондаған миллион тонна руда тас-топрақпен кетіп ысырап болады. Балқаш заводында жыл сайын көптеген күкірт, қорғасын, сирек кездесетін және бытыраңқы металдар ысырап болуда. Шымкент қорғасын заводында небәрі 6 элемент айрылады, ал заводта өңделетін шикізатта кемінде 11 пайдалы компонент бар.

Қазақстанның бірсыпыра аудандарында отын мен электр энергиясының тапшылығы сезіліп отырады. Мәселен, Шығыс Қазақстанда Алтай энергетика жүйесі электр энергиясын тұтынудың өскен қажетін қанағаттандырмайды. Ал мұның қасында, жоғары вольтті электр жүйелерінің жеткілікті дамытылмауы себепті Өскемен су электр станциясының қуаты толық пайдаланылмайды. Кейбір облыс орталықтарында (Семей, Орал және басқалар) электр энергиясымен жабдықтауда зор қыйыншылықтар кездеседі, мұның өзі ол қалалардағы өнеркәсіптің өсуіне бөгет жасайды.

Республиканың территориясында бірсыпыра өндірістердің біркелкі орналастырылмауы құрылыс материалдарының, жеңіл және тамақ өнеркәсібі бұйымдарының, отынның және басқаларының тиімсіз тасымалдануына себеп болады. Мәселен, Қостанай облысына кірпіш тіпті Ленинградтан, Ташкенттен, столдар Ростовтан, орындықтар Молдавиядан, мектеп парталарының бөлшектері Соликамскіден әкелінеді және т. б. Ал Қазақстанның өзінде шаруашылықты комплексті өркендетуге керекті мүмкіндіктердің бәрі бар, сол себепті біздің ағымдағы және алдағы жоспарларымызда бұл мүмкіндіктерді толық пайдаланып, іске асыру көзделуге тиіс.

Республиканы ішкі экономикалық аудандарға бөлу туралы мәселенің теориялық және практикалық маңызы зор. Қазақстан жерінің кеңдігі: солтүстіктен оңтүстікке қарай — 1 800 километр, батыстан шығысқа қарай — 3 000 километр. Мұндай ұлан-байтақ территорияның табиғи және экономикалық жағдайлары әралуан түрлі. Мұның өзі, өндірісті жоспарлағанда бұл жағдайларды сөзсіз есепке алуды керек қылады.

Қазіргі уақытта Қазақстанда оның жеке бөлектерінің мамандандырылуы, бүкіл республиканың өндірістік комплексінде олардың ролі мен маңызы оларды онан әрі өркендету міндеттері азды-көпті айқындалды деуге толық дәлел бар. Қысқасын айтқанда, әңгіме енді Қазақ ССР негізгі экономикалық ауданының ішінде бірсыпыра дербес өндірістік-территориялық комплекстерді — көлемі кем экономикалық аудандарды — қалыптастыру туралы болып отыр.



Біздің пікірімізше, Қазақстанды 5 экономикалық аудан: Солтүстік Қазақстан, Батыс Қазақстан, Орталық Қазақстан, Шығыс Қазақстан және Оңтүстік Қазақстан аудандарына бөлу қажет. Бұл аудандардың әрқайсысын толық сипаттау мақсатын алға қоймайынша, тек олардың негізгі ерекшеліктерін көрсетейік.

Солтүстік Қазақстан (Қостанай, Қөкшетау, Солтүстік Қазақстан және Павлодар облыстары) республиканың экономикасына, астық өндіруге және сүттік-еттік мал шаруашылығын өркендетуге маманданған аса маңызды ауылшаруашылық ауданы болып кіреді. Әсіресе тың жерлерді игеруге байланысты, бұл аудан республиканың негізгі астық базасы болып табылады.

Мұнымен қатар Солтүстік Қазақстан ауданының өндірістік комплексі кәзіргі уақытта өнеркәсіптің бірсыпыра маңызды салаларымен толықтырылуда. Бұл ауданда көмір өнеркәсібі (Екібастұз, Құсмұрын) өркендетіледі, еліміздегі ең үлкен кен ошақтарының бірі — Соколов-Сарыбай темір рудалары шығарыла бастайды, мұның негізінде зор металлургия комбинаты салынады, Павлодарда еліміздің ең үлкен комбайн заводы салынады, темір жолдар салу жұмыстары кеңінен жүргізілуде.

Батыс Қазақстан (Гурьев, Батыс Қазақстан, Ақтөбе облыстары) республиканың экономикасында мұнай, борат шығаратын және оларды өңдейтін басты, әзірге бірдең-бір аудан, хром және никель рудаларын шығаратын, ферросплав өндіретін аса маңызды аудан болып, ерекше орын алады. Батыс Қазақстанның шаруашылығында химия өнеркәсібінің (Ақтөбе облысы), балық өнеркәсібінің (Гурьев облысы) және т. б. алатын орны едәуір зор. Ауданның ауыл шаруашылығы мал шаруашылығын, көбінесе қой шаруашылығын өркендетуге, ал солтүстік бөлегінде астық (тары, бидай) өндіруге маманданып келеді.

Батыс Қазақстанның шаруашылығын онан әрі өркендету бірнеше маңызды проблеманы шешуге байланысты. Гурьев облысының оңтүстік бөлегінің ұлан-байтақ кеңістігінде (Маңғыстау, Үстірт) өндіріш күштердің дамытылуын күшейту қажет, өйткені мұнда пайдалы кендердің (көмір, марганец, мыс және басқалары) көптеген түрлері шығатын үлкен кен ошақтары бар деп ұйғарылады. Бұл міндетті орындауда жаңа теміржолдар салудың, әсіресе Қоңырат — Мақат темір жолын салудың ерекше маңызы бар. Сол сыяқты келешектегі Қоңырат — Мақат магистралынан Маңғыстау түбегіне қарай темір жол салу туралы мәселені де зерттеу қажет.

Орталық Қазақстан (Қарағанды және Ақмола облыстары) — республиканың негізгі өнеркәсіпті аудандарының бірі, онда ауыр индустрия жоғары дәрежеде өркендеген. Бұл аудан көмір шығару (Қарағанды бассейні), мыс өндіру (Балқаш және Қарсақбай заводтары), марганец шығару (Жезді), болат және прокат (Теміртау металлургия заводы), кен өнеркәсібіне керекті жабдықтар (Қарағанды қаласы), ауылшаруашылық машиналарын жасау (Ақмола қаласы) және т. б. жағынан Қазақстанда бірінші орын алады. Ауданда химия өнеркәсібі, көптеген сирек кездесетін металдар шығару, құрылыс материалдарын жасау өндірісі және өнеркәсіптің басқа салалары өркендетілген.

Мұнымен бірге Орталық Қазақстанда өнеркәсіп өндірісінің көлемін ұлғайтуға, шаруашылықтың комплекстілігін күшейтуге зор мүмкіндіктер бар. Қарағанды облысында темір және марганец рудаларының, кокстелетін көмірдің, әктастың және басқа кендердің болуы толық циклді үлкен металлургия заводын салуға жағдай туғызады. Бұл завод алтыншы бесжылдықтың жаңа құрылыстарының бірі болады. Оны салу республиканың үздіксіз өсіп отырған машина жасау өнеркәсібін, темір жол транспортын металмен қамтамасыз етуді мықтап жақсартады, көмір, химия өнеркәсібінің және басқа өндіріс салаларының өркендеуіне әсер етеді.

Орталық Қазақстанның металлургиясында «Түсті металлургия магниткасы» — Жезқазған мыс комбинаты аса маңызды жаңа құрылыс болады. Бұл комбинатты салу Жезқазғанның орасан мол мыс кендерін неғұрлым толық игеруге көмектеседі.

Орталық Қазақстанның өзінің ауылшаруашылық базасын жасау оның экономикасын онан әрі өркендетудің маңызды проблемасы болып табылады. Ақмола облысында және Қарағанды облысының солтүстік бөлегінде тың, тыңайған жерлерді игеру, мал шаруашылығын өрге бастыру, қала маңындағы шаруашылықты ұлғайту — мұның бәрі ауылшаруашылық өнімдерінің өндірісін үздік арттырады.

Орталық Қазақстанның ұлан-байтақ территориясының экономикасын жаңадан өрге бастыру үшін транспортты онан әрі күшейтудің зор маңызы бар. Біздің пікірімізше, Жарық — Байқоңыр темір жолын батысқа қарай Жосалыға немесе Аралға, шығысқа қарай Семейге жеткізіп, келешекте бұл жолды, Каспий теңізінен Алтайға дейін баратын, бүкіл Қазақстан арқылы өтетін үлкен теміржол магистралына айналдыру туралы мәселені алға қою қолайлы. Бұл жолды, ең алдымен жоғарыда көрсетілген учасоктерді салу Қарағанды облысының Жезқазған және Қарқаралы аудандарының әртүрлі мол пайдалы кендерін пайдалануға өріс ашады, Орталық Қазақстан мен республиканың батыс және шығыс бөлектері арасындағы экономикалық байланысты күшейтеді.

Шығыс Қазақстан (Шығыс Қазақстан және Семей облыстары) — республикамыздағы және бүкіл еліміздегі полиметалдар өндірісінің ең ірі аудандарының бірі. Ауданның өнеркәсіптік комплексінде қорғасын (Лениногор, Өскемен), мырш (Өскемен), мыс (Глубокое) және басқа металдар өндіретін түсті металлургия негізгі орын алады. Бесжылдықтар тұсында құрылып өркендеген машина жасау, химия өнеркәсібі, энергетикалық өнеркәсіп Шығыс Қазақстанның түсті металлургиясымен тығыз байланысты. Ауыр индустрияның бұл салаларының бәрі Шығыс Қазақстан облысында, көбінесе Рудалы Алтай деп аталатын өлкеде.

Мұнымен бірге Шығыс Қазақстан экономикалық ауданының өндірістік комплексі, көбінесе Семей облысындағы тұтыну заттары өндірісінің жоғары дәрежеде өркендеген салаларын, сол сыяқты жан-жақты ауыл шаруашылығын қамтыйды.

Шығыс Қазақстанның халық шаруашылығы оған қуатты энергетикалық база жасауды керек қылады. Бұл ауданды электрлендіруде едәуір табыстардың болуына қарамастан, мұндағы электр энергиясын өндірудің өсу қарқыны, дегенмен, өскелең шаруашылықтың қажетін қанағаттандырмайды. Электр энергиясы өндірісін шұғыл ұлғайту үшін Ертістің су ресурстарын пайдаланудың ерекше маңызы бар. Өскемен су электр станциясын пайдалануға тапсыру, Бұхтарма су электр станциясын салу, келешекте жаңа электр станцияларын (Шульба станциясын және басқаларын) қамтуға тиісті Ертістегі қуатты электр станцияларының құрамасын жасауды көздейтін зор жұмыстардың бастамасы болады.

Энергетикалық базаның өсуі Шығыс Қазақстанның экономикасын өркендетудің аса маңызды міндеттерін комплексті орындауды қамтамасыз етеді, энергияны көп тұтынатын көптеген өндірістерді ұйымдастыруға, түсті металлургияны, химия өнеркәсібін кеңейтуге, ауыл шаруашылығын электрлендіруге және басқа жұмыстарға көмектеседі. Су электр станцияларын салу, үлкен су қоймаларын жасау Ертістегі кеме қатнасы жағдайын, оған жансарлас жерлерді суару мүмкіндігін жақсартады.

Кендірлік көмір-сланец кендерін шығару да іске асымды міндет болып табылады. Мұның өзі, ауданның әзірге тапшы болып отырған отын балансын жақсартуға мүмкіндік туғызады. Ауданды, Шығыс Қазақстан-

ның негізгі өнеркәсіп орталықтарына жақын жердегі және онымен темір жол, Ертіс өзені арқылы қатнасатын қолайлы транспорттық байланысы бар Екібастұз бассейнінің көмірімен жабдықтау да осы мақсатқа қызмет етеді.

Оңтүстік Қазақстан (Талдықорған, Алматы, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан және Қызылорда облыстары) республиканың халық шаруашылығында, ең алдымен, жылылықты сүйетін бағалы дақылдар (мақта, күріш, кант қызылшасы, темекі және басқалары) өндіретін, бұларға байланысты өңдеу өнеркәсібінің тиісті салаларын өркендететін аудан ретінде ерекше орын алады. Мұнда жеміс және жүзім, астық шаруашылығы да өркендетілген. Оңтүстік Қазақстан — республиканың ирригациялық құрылысты күшейткен басты ауданы.

Мұнымен қатар бұл ауданда ерекше өнеркәсіптік комплекст қалыптасты. Бұл комплекс кен шығару өнеркәсібін (полиметалдар, фосфорит, көмір, тұз және басқа кендерді шығару), түсті металлургияны (Шымкенттің қорғасын заводы), машина жасау өнеркәсібін (Алматы, Шымкент), химия өнеркәсібін (Жамбыл, Шымкент), құрылыс материалдары өндірісін, әралуан түрлі жеңіл және тамақ өнеркәсібін қамтыйды.

Келешекте Оңтүстік Қазақстанның шаруашылығы өзінің мамандануыш негізінде сақтай отырып, жергілікті ресурстарды неғұрлым тиімді пайдалану жолымен өркендетілуге тиіс. Мәселен, Қазақстанның оңтүстігінде 7 миллион гектардан астам егістік жерлер бар, ал кәзіргі уақытта бүкіл егіс көлемі 1,5 миллион гектардан аспайды, оның 1 миллион гектардан астамы — суармалы жерлер. Демек, мұнда жаңа жерлерді игеру мүмкіндіктері өте зор. Су ресурстарын пайдалану жөнінде де сондай. Өзендердің жер суару қуаты: Сырдарияда небәрі 8—10 процент, Іледе 20 процент, Қараталда 24 процент пайдаланылады және т. б. Екіншілікті оған әрі өрге бастыру, мақта, күріш және басқа дақылдар өндіруді арттыру, мал шаруашылығын өркендету үшін кәзіргі уақытта жасалып жатқан Қызылорда плотинасын, Арыс — Түркстан каналын және басқа құрылыстарды салудың маңызы зор.

Іле өзенін игерудің комплексті проблемасын шешудің пісуі жетті. Бұл проблеманы онда плотина және су электр станциясын салу арқылы шешуге болады. Мұның өзі Алматы және Талдықорған облыстарының өнеркәсібі мен ауыл шаруашылығын электр энергиясымен жабдықтауды мықтап жақсартады, Іле өзенін бірқалыпты жұмыс атқаратын транспорт жолына айналдырады. Оңтүстік Балқаш бойын меңгеру үшін бұл соңғы айтылған жағдайдың аса зор маңызы бар.

Қазақстанның жеке экономикалық аудандарының халық шаруашылығын мамандандырудың ерекшеліктері және бұл шаруашылықты оған әрі өркендетудің кейбір проблемалары туралы пікірлеріміз жалпы алғанда осындай. Бұл мәселе, әрине, жаң-жақты мұқият зерттеуді керек қылады. Экономикалық аудандардың құрамы мен шекарасы туралы әртүрлі пікірлер болуы мүмкін. Бұл аудандардың әрқайсысы қалыптанудың әртүрлі сатысында, олардың әрқайсысында шаруашылықтың комплекстілігі әртүрлі дәрежеде көрініп отырады. Қазақстанды аудандағанда мұның бәрі ескерілуге тиіс. Экономикалық аудандарға бөлу мәселелерінің пісуі жеткендігі, оларды практикада шешудің керектігі даусыз.

Өндіру мен тұтынудың материалдық баланстарын зерттеу, белгілі территориядағы табиғи, еңбек ресурстарына талдау жасау, республиканың жеке бөлектері арасындағы өндірістік-территориялық тиімді байланысты белгілеу, экономикалық аудандардың шекарасын ғылыми дәлелдеп анықтауға мүмкіндік беретін неғұрлым дұрыс әдіс болып табылады.

Мұнымен бірге мынаны есте тұту қажет: Қазақстанның экономикалық аудандары бір-бірінен оқшауланған тұйық шаруашылық комплекстер түрінде емес, бірін-бірі толықтыратын, бәрі бірге біртұтас негізгі

экономикалық ауданды — Қазақ ССР-ін құрастыратын, өзара байланысты экономикалық аудандар түрінде қалыптасып келеді.

Экономикалық аудандау мәселелерінің ерекше маңыздылығы, ең алдымен, жоспарлаушы органдардың оған мейлінше мұқият көңіл бөлуін керек қылады. Оның үстіне, Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комиссиясы жанында республиканың экономикалық аудандарының шаруашылығын жоспарлайтын ерекше бөлім немесе сектор құру, біздіңше, қолайлы болар еді. Кәзіргі уақытта шаруашылықтың жеке салалар (өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы және т. б.) бойынша жоспарланатыны сыяқты, жергілікті ресурстарды неғұрлым толық пайдалану және әрбір ауданда шаруашылықтың салаларын дұрыс ұштастыру үшін, мұнымен бірге экономикалық аудандар бойынша да жоспарлау қолайлы болар еді.

Қазақ ССР-ін экономикалық аудандарға ғылыми тұрғыдан бөлу мәселесін онан әрі зерттеп шешу өндіргіш күштерді дұрыс жоспарлап, дұрыс орналастыруға жағдай туғызады және Қазақстанның халық шаруашылығын мықтап өрге бастыруға көмектеседі.

# Қазақстанның химия өнеркәсібін өркендетудің келешегі

А. БЕКТҮРОВ,

*Химиялық ғылымдардың докторы*

Қазақстанда әртүрлі минералдық қышқылдар, тыңайтқыштар, тұздар және басқа химиялық өнімдер жасап шығаратын өнеркәсіпті кеңінен өркендетуге керекті химиялық шикізаттың барлық түрлерінің дерлік мол запастары бар. Бұл шикізат негізінде республикада Совет өкметі тұсында бірсыпыра ірі-ірі химия кәсіпорындары салынды. Олар кәзіргі уақытта фосфорлы тыңайтқыштар, бор қышқылын, бура, күкіртті натрий, күкірт қышқылын, кальций карбидін, сантонин, анабазин және басқа өнімдер шығарып тұрады.

Химиялық шикізат запасының аса мол, оның сапасының жақсы болуы химия өнеркәсібінің әртүрлі салаларын бұған дейінгіден анағұрлым кең көлемде өркендетуге мүмкіндік туғызады. Мәселен, Оңтүстік Қазақстандағы Қаратау фосфорит кені рудаларының молдығы және сапасы жағынан СССР-дың, Хибиннен басқа, фосфорит кендерінің бәрінен асып түседі. Қаратау фосфоритін дүние жүзінің мұндай зор кен ошақтарымен (АҚШ-тың батыс штаттары, Солтүстік Африка) салыстыру Қаратау кенінің сапасы жағынан олардан қалыспайтынын, ал молдығы жағынан тіпті асып түсетінін көрсетеді.

Н. А. Булгакин жолдастың ҚПСС Орталық Комитетінің июль Пленумындағы баяндамасында Орта Азия мен Қазақстанның фосфорлы минерал тыңайтқыштарды тұтыну қажеті өздерінің ресурстары есебінен небәрі 60 процент қамтамасыз етілетіні көрсетілді. Ал, техникалық дақылдардың аса маңызды түрлерін көп өндіретін Орта Азия республикалары мен Қазақстанның фосфорлы тыңайтқыштарды тұтыну қажеті аса зор. Қелешекте бұл қажет оған әрі өсе бермек.

Ұлы Отан соғысы жылдарының өзінде құрылған Қаратау кен-химия комбинаты кәзіргі уақытта фосфорит ұнын шығарады. Алайда, комбинаттың қуатын мұнан да арттыруға болады. Қаратауда фосфорлы шикізаттың сарқылмайтын мол запастары бар. Мұның өзі Қазақстанның ғана емес, барлық Орта Азия республикаларының, Сибирьдің және РСФСР-дың басқа іргелес аудандарының минералды тыңайтқыштарды барған сайын көп керек етіп отырған қажетін толық қанағаттандыра алады.

Ақтөбе фосфорит кені де — фосфорлы шикізаттың маңызды қоры. Бұл кенде өнеркәсіптік запас едәуір мол, ондағы фосфорлы ангидрид азырақ. Алайда, фосфорлы тыңайтқышқа айналдырудан бұрын Ақтөбе фосфориті алдын-ала флотациялау арқылы байытылуға тиіс.

Қаратау және Ақтөбе фосфориттерінен жасалатын жәй суперфосфаттың жеңіл әзірленуі, оңайлығы және агрономиялық едәуір пайдалылығы сыяқты даусыз артықшылықтарымен қатар, елеулі кемшіліктері де бар. Онда өсімдіктер сіңіретін фосфор қышқылы аз. Мұнымен бірге кальций сульфаты сыяқты артық тектер көп. Сондықтан оны азды-көпті шалғай жерлерге тасып жеткізу қиынға соғады. Сол себепті Қазақстанның тук өнеркәсібін өркендетудің келешекті жоспарында жәй суперфосфат өндірісінің үлес салмағы бірте-бірте кемітілуге тиіс. Мұның өресіне неғұрлым

құнарлы тыңайтқыштар өндірісінің жетекші орын алуын қамтамасыз ету керек.

Бұған байланысты фосфор өнеркәсібі, көбінесе, жақсы нәтиже беретін фосфорлы тыңайтқыштардың әралуан түрлерін шығаратын, фосфориттерді өндірудің қышқылдық әдістерін меңгеру бағытымен өркендетілуге тиіс.

Фосфорлы шикізаттың барлық түрлерін фосфорлы тыңайтқыштарға айналдырып өңдеу үшін күкірт қышқылы керек болатыны мәлім. Тиісті шикізаттың болмауы себепті Жамбыл мен Ақтөбенің суперфосфат заводтарының күкірт қышқылы цехтары кәзіргі уақытта Оралдан әкелінетін күкіртті колчеданмен жабдықталады. Бұл өте қолайсыз. Шығарылатын рудалардағы пайдалы тектердің комплексті пайдаланылуын қамтамасыз етуді, өндірістің барлық сатыларында күкіртті шикізаттың ысырабын мықтап азайтуды талап еткен КПСС Орталық Комитеті июль Пленумының нұсқауын орындау керек.

Түсті металлургия заводтарының бөлінетін газдары мен қорғасын, мырш байыту кәсіпорындарының пиритті концентраттары республикада күкірт-қышқылды шикізаттың нақты қорлары болып табылады. Өскеменде күкірт қышқылы кәзірдің өзінде қорғасын-мырш заводының бөлінетін газдарын ұстап жыйнау жолымен алынады.

Бірақ бұл бір ғана мысал. Орталық және Шығыс Қазақстанның мыс қорытатын заводтары (Балқаш, Жезқазған, Қарсақпай және Ертіс заводтары) жыл сайын күкірт газы түрінде жүздеген мың тонна күкірт қышқылын босқа ауаға жібереді, оның үстіне бұл заводтардың төңірегіндегі ауаны уландырады. Мыс қорытатын заводтар кәзірдің өзінде жыл сайын күкірт қышқылын миллион тонна суперфосфат шығаруға қанша керек болса, сонша бере алады. Түсті металлургия кәсіпорындарының бөлінетін газдарын тиімді пайдаланудың халық шаруашылығы үшін қандай зор маңызы бар екені осының өзінен айқын көрінеді.

Күкірт қышқылын байыту фабрикаларының пиритті қалдықтарынан, Зайсан қоңыр көмірін байытқанда бөлінетін колчеданнан алуға болады. Қәзіргі уақытта Ащысай, Белоусовқа, Зырян, Текелі байыту фабрикаларының пиритті концентраттары мүлде пайдаланылмайды, қалдықтардағы күкірт тас-топраққа жетеді. Бұл қалдықтар тек Лениногор байыту фабрикасында ғана пайдаланылады. Ал Зайсанның қоңыр көмірі кәзіргі уақытта мүлде шығарылмайды. Шикізаттың осы түрлерінің бәрін, болмашы аз қаржымен ұқыпты пайдалану, халық шаруашылығына осыншама керек болып отырған жүздеген мың тонна күкірт қышқылын бере алады.

Фосфорлы тыңайтқыштарды, қышқылдарды қолданбайынша, термосілтілік әдіспен өндірудің де халық шаруашылығы үшін маңызы зор. Бұл әдісті қолданғанда пайдаланылатын сульфат Қазақстан жерінде тіпті мол. Қазақ ССР Ғылым Академиясының қызметкерлері жасап жатқан, тыңайтқыштар өндірудің бұл әдісінің келешегі аса зор. Қаратау фосфориті мен Қазақстанның табиғи сульфатынан алынған термофосфатта жалпы және сіңірілетін фосфор қышқылы, фосфориттік суперфосфаттағыдан анағұрлым көп. Агломерация әдісімен алынатын термофосфаттың түсер құны суперфосфаттың түсер құнынан едәуір кем. Сол сияқты, термофосфат ұзақ сақтағанда өзінің қасиеттерін өзгертпейтінін айту қажет. Суперфосфаттан бір өзгешелігі — ол ыдысты күйдірмейді және тығыздалмайды.

Қазақ ССР Ғылым Академиясының әдісі бойынша жасалған термофосфаттың өнеркәсіптік бір бөлегі еліміздің көптеген селекциялық және тәжірибелік ауылшаруашылық станцияларында, дала жағдайында агрономиялық сыннан өткізілуде. Бұл сын кәзірдің өзінде тыңайтқыштардың осы жаңа түрінің жоғары нәтижелілігін және экономикалық тиімділігін көрсетті.

Қазақстанда термофосфат жасауға керекті фосфориттер және табиғи сульфат запасының мол болуы, агломерациялық установкаларда термофосфатты жасаудың оңайлығы, арзанға түсетіндігі және жоғары агротехникалық қасиеттерінің болуы таяудағы жылдарда, қазақстандық шикізаттар негізінде, зор термофосфат өндірісін жасауға толық мүмкіндік береді.

Ауылшаруашылық дақылдарының шығымдылығын арттыру үшін басқа тыңайтқыштармен қатар, калий тұздары кеңінен пайдаланылады. Бұл тұздарды негізінде, тыңайтқыштың бұл түрін едәуір көп тұтынатын Орта Азия мен Қазақстаннан шалғай жатқан, Соликамск кені беріп тұрады.

Қазақстанда калий тұздары шығарылатын, неғұрлым келешегі зор кен — Батыс Қазақстандағы Индер калий-барит кені. Индер көлінің тұздарында калийден басқа магний, бор, бром және ас тұзы бар. Сол ауданда Совет Одағындағы бірден-бір мол борат кені бар. Бұл кеннің негізінде Ақтөбе химия комбинаты бор қышқылы мен бура өндіретіні мәлім. Мұның бәрі Индер калий-барит кенінің ерекше бағалылығын дәлелдейді. Алайда, СССР Министрлер Советінің Индерде шахта мен байыту фабрикасын салу туралы қарар қабылдағанына қарамастан, бұл кендерді игеру жұмыстары енді ғана басталып отыр.

Алтыншы бесжылдықтың жоспарында Батыс Қазақстандағы калий өнеркәсібін неғұрлым тез және кеңінен өркендету мүмкіндігін ескеру керек, сол сыяқты Ақтөбе химия комбинатының шикізаттық базасын кеңейтуді, зерттеу жұмыстарын, боратты бураға және бор қышқылына айналдырып технологиялық өңдеуді жақсартуды көздейтін зерттеу жұмыстарын тездету керек.

Минералды тыңайтқыштарды қолданудан неғұрлым зор агрономиялық нәтиже алу үшін аса маңызды үш элемент: фосфор, калий және азот арасындағы белгілі бір оптимальдық арасалмақты бұлжытпай сақтап отыру керек екені мәлім. Фосфат және калий өнеркәсібін өркендету мүмкіндіктері жоғарыда айтылды. Ал, республикада азотты тыңайтқыштар өндіруді алатын болсақ, мұның өзі, Қазақстанда сарқылмайтын шикізаттық мүмкіндіктері болып отырған қара металлургия өндірісінің қалдықтарын пайдаланумен тығыз байланысты болуға тиіс. Азот-тук заводтарын, мәселен, келешектегі Қарағанды металлургия заводының кокс газын пайдалану негізінде салуға болады. Мұнда көп аммиак, азот қышқылын, аммиакты селитра шығаруды жолға қоюға болады. Іле өзеніне салынуға тиісті Қапшағай су электр станциясының артылатын энергиясы да азотты тыңайтқыштар өндіруге база бола алады. Бұл су электр станциясы, Қазақстанның астанасын электрмен жабдықтаудан тыс, ауаның азотын пайдалануға және бағалы тыңайтқыштар өндіруге жеткілікті энергия бере алады.

Бірсыра маңызды химикаттарды жасауға пайдаланылатын негізгі өнім — натрий сульфатының химия өнеркәсібінде зор маңызы бар. Бұл қоспаның Қазақстандағы запасы әйнек, металлургия және химия өнеркәсібінің неше алуан түрлі салаларының бұл өнімді тұтыну қажетін толық қанағаттандыруға мүмкіндік береді. Алайда кәзір оны шығару дәрежесі мүлде жеткіліксіз. Табиғи сульфаттың неғұрлым маңызды кені Солтүстік Арал бойында. Бұл жердегі кен өзінің запасы мен сапасы жағынан Совет Одағында екінші орын алады.

Мұнымен бірге Арал бойында химиялық шикізаттың басқа бағалы түрлерінің — астраханиттің және забаланс сульфаты дейтіннің аса мол запасы бар, бірақ олар әзірге қолданылмай келеді. Сол сыяқты, Қаратау кен-химия комбинаты ауданындағы Тұз көл астраханитінің мол запасы да пайдаланылмайды. Ал, кәзіргі уақытта жалпы қолданылатын схема

бойынша термофосфат алу немесе одан жоғары сапалы сульфат алу үшін астраханитті жақсы пайдалануға болар еді.

Қазақстанның органикалық синтез өнеркәсібі енді ғана өркендетіле бастады. Бұл өнеркәсіпте әзірге Теміртаудағы жасанды каучук заводы бар және Гурьевтің мұнай айыру заводының газдарынан спирт жасайтын завод салынып жатыр. Органикалық синтез өнімінің негізгі тұтынушылары — машина жасау өнеркәсібі (пластмасса, бояулар, сырлар, еріткіштер), энергетика өнеркәсібі (изоляция материалдары), балық өнеркәсібі, жеңіл өнеркәсіп және ауыл шаруашылығы.

Органикалық синтез өнеркәсібінің әртүрлі салаларын өркендетуді көздейтін күрделі міндетті жүзеге асырғанда Орталық Қазақстанға республиканың басқа аудандары қатарында жетекшілік орын берілуге тиіс. Бірсыңра факторлар, ең алдымен, бұл ауданда химиялық-технологиялық сипаты әралуан түрлі көмірлердің мол запасының болуы осындай қортындыға келтіреді. Мұнда қуатты металлургия өнеркәсібі жасалады, онымен бірге металлургия комбинаттары заводтардың нақ іргесінде шығарылатын коксты пайдаланатын болады. Ақырында, органикалық синтез өнімдері нақ осы Орталық Қазақстан мен оған жапсарлас аудандарда ерекше көп керек болады.

КПСС Орталық Комитетінің июль Пленумы өзінің шешімдерінде неғұрлым құнарлы тыңайтқыштар, сол сыяқты ауылшаруашылық өсімдіктеріне зиянды жәндіктер мен кеселдерге қарсы күресуге керекті у — химикаттар жасауды игеру жұмысын кеңінен жүргізу, жасанды каучук, жасанды торқа, жуғыш құралдар және басқа өнімдер шығарудың негізгі шикізаттық базасы болуға тиісті табиғи газдар мен мұнай газдарын пайдалануды арттыру керек екенін, халық шаруашылығын арнаулы каучуктердің, пластмассаның, бояулардың, сырлардың жаңа түрлерімен қамтамасыз ету шараларын қолдану керек екенін көрсетті.

Шынында да, Орталық Қазақстанда кокс-химия заводтарының сұйық және газ тәрізді өнімдері негізінде органикалық синтез өнеркәсібінің, жасанды каучук және торқа, пластмасса, спирт еріткіштер, сырлар, бояулар жасайтын жетекші салаларын құруға болады.

Республиканың қара және түсті металлургиясының кеңінен өркендетілуі Қазақстанның негізгі химиялық өнеркәсібін күшейтуге жағдай туғызады. Сонда металлургия өнеркәсібінің кәсіпорындары шикізат беріп отырады, ал бұл шикізат жасанды аммиак және күкірт қышқылын шығаруға пайдаланылады. Оның үстіне Қазақстанда табиғи тұздардың ерекше мол запасы бар. Мұның негізінде минералды тыңайтқыштар және басқа химиялық өнімдер өнеркәсібі ұйымдастырылады.

Халық шаруашылығының жетекші салаларын өрге бастыру республиканың экономикасын онан әрі өркендетуге, Қазақстанды, қара және түсті металлургия жағынан ғана емес, химия өнеркәсібі жағынан да, еліміздің неғұрлым өркендеген өнеркәсіпті аудандарының біріне айналдыруға алдын-ала шешуші жағдай туғызады.



# Қытай Халық Республикасындағы мемлекеттік капитализм туралы

Л. ГРОМЫКО

Қытай халқы өзінің Коммунистік партиясының басшылығымен өз елінде социализмді ойдағыдай орнатуда. Бұл ұлы күрестің бағытын белгілейтін партияның сара жолы өту дәуірінде елді социалистік индустрияландыруды, ауыл шаруашылығын, майдагерлік өнеркәсіпті және сауданы социалистік негізге қайта құруды ұзақ уақыт бойына бірте-бірте жүзеге асыруды көздейді. Қытай Коммунистік партиясының капитализмнен социализмге өту дәуіріндегі бұл бағыты Қытайдың дамуының өзінен нақты-тарихи жағдайларына сәйкес белгіленеді. Мұның өзі В. И. Лениннің данышпандық нұсқауын айқын дәлелдейді: «Барлық ұлттар да социализмге жетеді, бұл даусыз, бірақ бұлардың бәрі де дәл бірдей болып жетпейді, олардың әрқайсысы демократия формаларының қайсысына болса да, пролетариат диктатурасы түрлерінің қайсысына болса да, қоғам өмірінің әртүрлі салаларына социалистік өзгеріс енгізу қарқынының қандайына болса да өзіндік өзгешелік енгізеді» (Шығармалар, 23-том, 65-бет.).

Жеке меншікті капиталдың өнеркәсіп және сауда орындарын социалистік негізге қайта құру Қытайдың өту дәуіріндегі міндеттерінің бірі болып табылады.

Қазіргі уақытта мемлекет капиталистік меншікті конфискацияламайды, өйткені жеке меншікті өнеркәсіп қазір елдің өндіргіш күштерін өркендетуге, индустрияландыруды неғұрлым тез жүзеге асыруға, товар айналымын күшейтуге, техникалық кадрларды үйретуге, халықтың қажетін қанағаттандыруға белгілі дәрежеде көмектеседі.

1945 жылы Қытай Коммунистік партиясының VII съезінде Мао Цзэ-дун жолдас былай деп көрсетті: «Шетелдік империализм мен елдің өзіндегі феодализмнің езгісі орнына капитализмнің біраз дамуы, мұның өзі — тек прогрестік ғана емес, оның үстіне сөзсіз болатын құбылыс. Мұның өзі тек буржуазияға ғана тиімді емес, сол сыяқты мұнан пролетариат та көп ұтады, тіпті, буржуазиядан да көп ұтуы мүмкін». Сол себепті де капиталистік элементтер жөнінде Қытай Коммунистік партиясы оларды пайдалану, тежеу және қайта өзгерту саясатын жүргізеді. Жеке меншікті кәсіпорындарды мемлекеттік капитализм жолына салып, оларды жоспарлап отыру бұл саясатты жүзеге асырудың аса маңызды құралы болып табылады.

«Мемлекеттік капитализм дегеніміз, — деп көрсетті Ленин, — өзіміз тежей білетін, өзіміз шегін белгілей білетін капитализм, бұл мемлекеттік капитализм мемлекетпен байланысты, ал мемлекет дегеніміз, бұл — жұмысшылар. бұл — жұмысшылардың алдыңғы қатарлы бөлегі, бұл — авангард...» (Шығармалар, 33-том, 276-бет.).

В. И. Ленин, өту дәуірінің экономикасында ұсақ товарлы өндіріс және ұсақ буржуазиялық стихия басым болған жағдайда мемлекеттік капитализм мәселесіне зор маңыз беріп, бұл жағдайда мемлекеттік капитализм социализмге өту сатысы болып табылатынын атап айтты. Бұл лениндік идеялардың Қытай үшін орасан зор маңызы бар. Қытайдың Коммунистік партиясы жаңа нақты-тарихи жағдайда, ұсақ буржуа-

зиялық стихия мен жеке меншіктік капиталистік анархияны жеңу үшін Лениннің мемлекеттік капитализмді дамыту туралы ілімін творчестволықпен қолданды. Өкмет жұмысшы табының қолына көшкеннен кейін мемлекеттік капитализм капиталистік өнеркәсіп пен сауданы қайта құрудың тыңғылықты экономикалық формасы болып табылатынын практика дәлелден отыр.

Қытайдың экономикасының тұтқалы салалары — ауыр өнеркәсіп, банктер, теміржолдар — Халықтық үкметтің қолында. Мұның өзі мемлекеттік капитализмнің дамуын тәртіптеп отыруға мүмкіндік береді. Капиталистік кәсіпорындар қытай халқының өнеркәсіп өнімдерін тұтыну қажетін ішінара өтеп отырады, ал олардың жұмысы капитализмнің қайта оралуына әкеп соқтырмайды. В. И. Лениннің көрсеткеніндей, бұл капитализм бақылауда болып отырады, өйткені мемлекеттік өкмет жұмысшы табының қолында болады.

Қытайдағы мемлекеттік капитализм, халық қалың бұқарасының мүдделеріне сәйкес партия мен үкметтің капиталистік өндірісті тәртіптеп, бір ізге салып отыруының маңызды формаларының бірі болып табылады. Қытай Халық Республикасының өмір сүруінің өткен алты жылы ішінде өнеркәсіп пен сауда саласындағы мемлекеттік капитализм әртүрлі формада дамытылып келді. Мемлекеттік капитализмнің мемлекеттік сектормен байланысының дәрежесіне қарай бұл формаларды төменгі, орта және жоғары формаларға бөлуге болады.

Мемлекеттік капитализмнің төменгі формасы — мемлекет жеке меншікті кәсіпорындардың өнімін сатып алады және бұл өнімді ішінара немесе түгелінен, мемлекеттік сауда арқылы өткізуді ұйымдастырады. Мұның өзі — мемлекеттік капитализмнің дамымаған формасы, ол халықтық өкметтің өмір сүруінің алғашқы жылдарында кең өріс алды. Мұнда өндіріс құрал-жабдықтары түгелінен капиталистердің меншігінде, ал өндірістің өзі мемлекеттік жоспарлаумен әлі аз қамтылған. Бұл сатыда мемлекет жеке меншікті кәсіпорындар иелерінен жоғары сапалы стандартты өнімді әділетті бағамен сатып алады.

Мемлекеттік капитализмнің бұл формасын пайдалану, гоминдандықтардан азат етілгеннен кейін Шанхайдың, Тяньцзиннің және басқа қалалардың жеке меншікті өнеркәсібі үшін пайдалы болып шықты. Жеке меншікті кәсіпорындар өздерінің өнімін өткізу жағынан қиыншылық көрген, шикізат жетіспеген жағдайда мемлекеттің көмегі және мемлекеттің өнімді сатып алуы оларға өздерінің өндірісін нығайтып, жолға қоюға көмектесті.

Алайда, мемлекеттік капитализмнің төменгі формасы тұсында жеке меншікті кәсіпорындардың социалистік экономикамен ынтымағы және байланысы баянды болып отырмайды. Сондықтан, мұндай кәсіпорындар, «Женьминьжибао» газетінің көрсеткеніндей, бірте-бірте, әуелі мемлекеттік капитализмнің орта, онан кейін жоғарғы формасына өтіп дамыйды.

Мемлекеттік капитализмнің дамыпқыраған орта формасының төрт түрі бар. Бірінші түрі — белгілі мерзімдерде, өнімнің белгіленген сапалы белгілі бір түрін жасап шығару үшін мемлекеттік, кооперативтік ұйымдар жеке меншікті кәсіпорындарға шикізат немесе жартылай фабрикаттар береді. Жеке меншікті кәсіпорындар өндірген бүкіл өнім мемлекетке тапсырылады, мемлекет бұл өнімді өңдеп шығару шығындарын төлейді.

Екінші түрі — жеке меншікті кәсіп иелері мемлекеттік заказдарды орындайды. Мұнда олар жасап шығарған товарлар мемлекеттік стандарттарға сай келуге тиіс. Мемлекет, заказды орындау ақысы есебінен жеке меншікті кәсіпорындарға аванс береді немесе оларды ішінара шикі-



затпен жабдыктайды. Заказ орындалғаннан кейін мемлекет даяр өнімді белгіленген баға бойынша алады.

Үшінші түрі — жеке меншікті кәсіпорындардың, мемлекет белгілеген үлгілер мен стандарттарға сай келетін бүкіл өнімін мемлекет орталықтандырылған тәртіппен, халық шаруашылығының қажетіне сатып алады. Мұнда жеке меншікті кәсіпорындары иелерінің өздерінің өнімін жәй рынокқа өткізуге правосы жоқ, өнім түгелінен мемлекеттік сауда жүйесіне түседі.

Ақыр-аяғында, мемлекеттік капитализмнің орта формасының төртінші түрі — мемлекеттік сауда ұйымдары, жеке меншікті кәсіпорындардың бүкіл даяр өнімін сатып алып өткізу үшін ол кәсіпорындармен шарт жасасады.

Мұндай шарттарды тек жай сауда договорлары деп тануға болмайды. Бұл шарттар мемлекеттік және жеке меншіктік мүдделердің өзара қатнасын белгілейді. Бұл шарттарда социалистік экономиканың капиталистік өндіріске басшылығы нақты формада көрініп отырады, олар жұмысшыларға, бұл шарттарға сүйене отырып, капиталистік қанауды тежеуге мүмкіндік береді.

Қытайдағы мемлекеттік капитализмнің бұл орта формасы соңғы кезде мықтап дамытылды. Мемлекет жеке меншікті кәсіпорындарды шикізатпен немесе өңдеп шығару үшін жартылай фабрикаттармен жабдықтап отырады, белгілі бір өнімді жасап шығаруға заказдар береді, бұл өнімді өткізеді. Мұның өзі белгілі бір саладағы ұсақ кәсіпорындарды қайта құрып, біріктіруге көмектеседі. Мемлекет жеке меншікті кәсіпорындарға, өңдеп шығаруға шикізат немесе заказдар бере отырып, өндірісті бақылау үшін оларға өзінің өкілдерін жібереді, капиталистік өндірістің анархиясын тежеп отырады, капиталистік өндірісті бірте-бірте жоспарлауға бағындырады, сөйтіп, рынокта тұрақтылық орнауын қамтамасыз етеді. Мемлекеттік банк те өзінің финанс жұмыстары арқылы жеке меншікті кәсіпорындарды бақылап отырады. Мұның нәтижесінде өндіріс дамып жақсарады, жұмысшылар бұқарасының белсенділігі күшейеді, еңбек өнімділігі артады. Мұның бәрі мемлекетке жеке меншікті кәсіпорындардан жоғары сапалы өнім алуға мүмкіндік тугызады.

Мемлекеттік капитализмнің орта формасына жататын кәсіпорындарда өнім енді пайда алу үшін емес, мемлекеттік жоспардың талаптары бойынша өндіріледі. Демек, социализмнің негізгі заңы мемлекеттік капитализмнің орта формасына жататын кәсіпорындарда жанама түрде белгілі роль атқарады.

Өнім өңдеп шығару және заказдар беру саласының, олардың мөлшерінің өсуіне сәйкес мемлекет жеке меншікті кәсіпорындардың өндірісін бақылауын барған сайын күшейте береді. Мұнымен бірге мемлекет өзінің қаржысын ұрлаушылыққа қарсы, сапасы нашар өнім шығаруға қарсы, өнімді салықтан жасыруға қарсы күрес жүргізеді. Мұндай жолмен мемлекет капиталистердің шамадан тыс пайда алу ниетін тежеп отырады, оларға заңдарды орындап отыруды, өздерінің шаруашылығын экономиканың мемлекеттік секторының мүдделеріне сәйкес жүргізуді үйретеді.

Мемлекеттік капитализмнің орта формасы кәзір Қытайдағы жеке меншікті кәсіпорындардың көбінде қолданылады. Мысалы, 1951 жылы бұл форма шырпы өнеркәсібіне түгел жайылды. 1953 жылы, алюминий бұйымдар, пульверизаторлар, мата бояуларын және сондай бұйымдар шығаратын 350 ден астам кәсіпорындар өздерінің өнімін тек мемлекеттік сауда ұйымдарына көтере өткізді.

Шанхайда 1953 жылдың өзінде мемлекеттік капитализм арнасына түскен 6 230 жеке меншікті кәсіпорындар болды. Мұның өзі оларға финанс қыйыншылықтарын жеңіп, өздерінің өндіріс қуатын арттыруға мүмкіндік тугызды. Мемлекеттің бұл кәсіпорындарға көмек көрсетуі

арқасында товарлардың түр-түрі көбейді, шығарылатын өнімнің саны мен сапасы артты, бұл өнім енді жәй рынокқа түсірілмей, жоспарлы тәртіппен халықтың қажетін өтеуге жұмсалады.

Мемлекеттік капитализмнің орта формасына жататын жеке меншікті кәсіпорындарға заказдар және шикізатты өңдеп шығаруға беру жылдан-жылға көбейеді. Мемлекет шикізатты өңдеп шығаруды ұйымдастыра және товарлар жасап шығаруға заказдар бере отырып, мұны 1953 жылдың аяғында едәуір жоғары дәрежеге жеткізді: орта формаға жататын мемлекеттік-капиталистік кәсіпорындардың шығаратын өнімінің жалпы көлемі, товардың құнымен есептегенде, жеке меншікті ірі кәсіпорындардың бүкіл өнімінің 58 процентінен асты.

Алайда, мұнымен бірге мынаны ұмытпау керек: орта формаға жататын кәсіпорындар дегенмен — капиталистік кәсіпорындар, онда қоғамдық мүдделер мен жеке меншіктік мүдделер арасында, еңбек пен капитал арасында қайшылықтар болып отырады. Мұндай қайшылықтардың болуы Қытайдың өндіргіш күштерін өркендетуге бөгет жасайды, сондықтан мемлекет бұл кәсіпорындарды мемлекеттік капитализмнің жоғарғы формасына өткізеді — аралас кәсіпорындар құрады.

Мемлекеттік капитализмнің басқа формаларымен салыстырғанда, аралас мемлекеттік-жекеменшіктік кәсіпорындардың едәуір артықшылықтары бар. Бұл кәсіпорындарды мемлекет пен жекеменшіктік капитал бірігіп пайдаланады. Осылайша, кәсіпорындардың өз ішінде социалистік және капиталистік секторлар ынтымақ жасап отырады, мұның ішінде социалистік сектор басшылық орын алады.

Аралас кәсіпорындарда капиталистердің заң бойынша белгіленген мүдделері мен праволары сақтала тұрсада, мемлекет оларды бақылап отырады. Аралас кәсіпорындарда капиталистерге белгілі бір қызмет атқару, кәсіпорындарды басқаруға қатысу правосы беріледі, бірақ олар өздерінің қызмет бабынан пайдаланып, мемлекеттік мүлікті иемденбейтін болуы шарт. Мемлекеттік-жекеменшіктік кәсіпорындардың жұмысына мемлекеттің тікелей басшылық етуі тек қана көп пайда түсіруді көздейтін капиталистік әдістерді қолдануға мүмкіндік қалдырмайды. Өндірісті өркендету, халықтың қажетін өтеу аралас кәсіпорындардың жұмысындағы бағыттаушы мақсат болып отырады.

Аралас кәсіпорындардағы өндіріс кәзірдің өзінде едәуір дәрежеде мемлекеттік жоспарға бағындырылған, олардағы өндірістік қатнастар мемлекеттік капитализмнің төменгі және орта формаларына жататын кәсіпорындардағы өндірістік қатнастардан едәуір өзгеше. Аралас кәсіпорындардағы өндірістік қатнастардың социалистік элементтері бар. Бұл кәсіпорындарды басқаруға мемлекеттік сектордың өкілдері, аралас кәсіпорындардың жұмысшылары мен қызметметшілері қатысады, ал капиталистер өздерінің біркездегі басшылығынан айрылуда.

Демек, кәсіпорындарда капиталистердің мемлекеттік сектормен ынтымағы жүзеге асырылатын реттерде, өндірістік қатнастар бірте-бірте капиталистік қатнастардан социалистік қатнастарға айнала береді. Мұның өзі мемлекеттік сектордың басшылық жағдайынан және басшылық ролінен туады. Оның мұндай жағдайы жұмсалған капиталдың мөлшеріне қарай белгіленбей, елдегі мемлекеттік өкметтің сипатына және социалистік экономиканың роліне қарай белгіленеді. Мұның нәтижесінде еңбек пен капитал арасындағы қатнас өзгереді, кәсіпорындарды басқару жақсарады. Жұмысшылар енді аралас кәсіпорындардың өндірістік қуатын арттыруға мүдделі болып отырады, өйткені шығарылатын өнімнің едәуірі халықтың материалдық қажетін өтеуге жұмсалатынын олар біледі.

Аралас кәсіпорындардың жұмысшылары мемлекеттік жоспарды толық және асыра орындау үшін, үнемшілдік тәртібін бұлжытпай орын-

дау үшін күресуде. Мемлекеттік статистика басқармасының мәліметі бойынша, орталыққа бағынатын аралас кәсіпорындар 1955 жылғы августта жоспарды, өнімнің жалпы құны жағынан 103,9 процент орындаран, ал бұл кәсіпорындарда жалпы өнім шығару осы жылғы январьдан августқа дейін 3,6 процент артқан.

Мемлекет аралас кәсіпорындарды қайта құрып, үлкейтуге көп көңіл бөліп отырады. Мысалы, Нанкиндегі аралас химия заводтарының күрделі құрылысына мемлекет қаржыны, соңғы төрт жылдың ішінде жеке меншікті капиталдың сіңірген қаржысынан 18 есе көп жұмсады. Тяньцзиньнің аралас тоқыма кәсіпорындары мемлекеттің көмегімен жұмысшылардың санын біржарым есе көбейтті, бұрынғысының үстіне 20 мың ұршық, 480 машина сатып алды.

Аралас кәсіпорындардағы пайданы бөлу туралы мәселенің зор маңызы бар. Қазіргі уақытта қолданылатын «Аралас басқарылатын өнеркәсіп орындары туралы уақытша ереже» бойынша, кәсіпорынның жылма-жылғы пайдасы, табыс салығын төлегеннен кейін, үшке бөлінеді: кәсіпорынның қоғамдық қоры, сыйлық қоры және акционерлердің пайдасы. Акционерлердің пайдасы, басқарманың мүшелеріне, басқарушыға және директорға тиесілі сыйлықты қосқанда, бүкіл жылдық пайданың 25 процентінен аспауға тиіс. Бұл соманың жеке меншікті жарнашыларға тиесілі бөлегін сол жарнашылардың өздері бөлуге тиіс.

1953 жылдың аяғында Қытайда 1 035 аралас кәсіпорындар болды, олардың жалпы өнімі елдің бүкіл өнеркәсіп өнімінің 5,5 проценті болды. 1954 жылдан бастап мемлекет жеке меншікті кәсіпорындарды аралас кәсіпорындарға айналдыру жұмысын жоспарлы тәртіппен жүргізді. 1954 жылы тағы да 750 аралас кәсіпорындар құрылды, барлық аралас кәсіпорындардың жалпы өнімі елдің бүкіл өнеркәсіп өнімінің 12 проценті немесе жеке меншікті сектордың барлық кәсіпорындары шығаратын өнімнің үштен бір бөлегіндей болды.

Мемлекеттік-капиталистік кәсіпорындардың бірыңғай капиталистік кәсіпорындардан едәуір артықшылықтары бар, өйткені, белгілі бір дәрежеде мемлекеттік капитализм арнасына көшкен кәсіпорындар өздерінің өндірісін мемлекеттік жоспардың талаптарына сәйкес жүргізеді.

Мемлекеттік-капиталистік кәсіпорындардың өндірісі және оларды пайдалану тәртібі негізінде немесе ішінара мемлекеттің қажетіне сәйкес белгіленетін, ал аралас кәсіпорындарда пайда мемлекеттік «Ереже» бойынша бөлінетін болғандықтан, мұндай кәсіпорындарда еңбек пен капитал арасындағы қатнасты тәртіптеп отыруға мүмкіндік туады. Сондықтан, жұмысшылар да, капиталистер де, кәсіпорынның өндірісін және оны пайдалануды жақсартуға мүдделі болып отырады.

Мемлекет товарлардың түсімінің барлық қорларын өз қолына алып, баға мен сауданы бақылап отыратындықтан, мемлекеттік-капиталистік кәсіпорындарды қытай халқының қажетін өтеу мақсатына пайдалануға мүмкіндік туды.

Сауданы алатын болсақ, Қытайда қазіргі уақытта, товарлардың шығарылуына қойылған мемлекеттік бақылаудың бірдей дәрежеде болмауы себепті, мұнда да мемлекеттік капитализмнің әртүрлі формалары болып отыр.

Саудадағы мемлекеттік капитализмнің бір формасы ретінде комиссиялық сауда қолданылады: мемлекет өзінің меншігіндегі товарларды жеке меншікті сауда ұйымдарына комиссиялық тәртіппен сатуды тапсырады. Жеке меншікті магазиндер бұл товарларды белгіленген мемлекеттік бағамен сатады да, сатылған товарлардың санына сәйкес, белгілі ақы алады.

Сол сияқты, монополиялық товарлардың делдалдық саудасы да қолданылады. Жеке меншікті магазиндер мұндай товарларды мемлекет-

кеттен сатып алады да, оларды белгіленген мемлекеттік бағамен сатады, сөйтіп, сатып алу бағасы мен сату бағасы арасындағы айырманы өздерінің пайдасына қалдырады. Мемлекеттік өнімді сату правосын алу үшін, жеке меншікті магазиндердің иелері мемлекеттік фермаларға белгілі мөлшерде ақшалай кепілдік төлейді. Жеке меншікті магазиндер кейде, монополиялық товарлардан тыс, мемлекеттік фермалардан немесе кооператив ұйымдарынан басқа товарларды белгілі мөлшерде көтере сатып алып, оларды мемлекет белгілеген бөлшек сауда бағасымен немесе рыноктарды басқаратын органдар бекіткен бағамен сатады. Мұнда жеке меншікті магазиндердің иелері сатып алу бағасы мен сату бағасы арасындағы айырманы өздерінің пайдасына қалдырады. Мұндай саудада жеке меншікті сәудегерлер шамадан тыс пайда ала алмайды, олар белгілі бір мөлшерлі пайдамен қанағаттануға тиісті болады.

Мемлекеттік капитализм арнасына көшкен сәудегерлердің қызметі мемлекетке тиімді. Олардың едәуір капиталы бар, көптеген сауда орындары, сатушылары бар, сол себепті олар товар айналымын кеңейтуге көмектеседі.

\* \*  
\*

Қытайда жеке меншікті өнеркәсіп пен сауданы социалистік негізге қайта құру шиеленіскен тап күресі жағдайында жүзеге асырылуда. Қытайда ұлттық буржуазия өмір сүріп отырғандықтан, жұмысшы табы мен ұлттық буржуазия арасындағы қайшылық елдің ішкі таптық қатынасындағы негізгі қайшылық болып табылады. Мемлекеттік капитализм жеке меншікті капитализмнің еркін дамуын тежеп отырғандықтан, мұның өзі, буржуазияның қызметіне белгілі шек қояды көздейтін мемлекеттің шараларына қарсы буржуазияның күресін туғызбай қоймайды. Социалистік өзгерістер бірте-бірте капиталистік меншік орнына жалпы халықтық меншік орнату, капиталистер табын жою мақсатын көздейді. Сондықтан мұның өзі капиталистердің қарсылық әрекетін туғызбай тұрмайды.

Алайда партия мен жұмысшы табы, социалистік өзгерістерді жауға қарсылық көрсетуге тырысатын реакцияшыл күштердің қылмыстық әрекетін зиянсыздандырып отырады. Мемлекеттік капитализм дегеніміз — «таптық күрестің басқа формадағы жалғасы болып табылады, бірақ ешбір ретте де таптық күресті таптық бітіммен алмастырғандық болмайды» (В. И. Ленин. Шығармалар, 32-том, 366-бет). Қытай халқы Қытай Қоммунистік партиясының басшылығымен, бүкіл бейбітшілік, демократия және социализм лагерінің қолдауымен, капиталистік өнеркәсіп пен сауданы социалистік негізге қайта құрудың күрделі және қиын міндетін ойдағыдай жүзеге асыруда.

# Партия тұрмысы

## Бастауыш партия ұйымдарының ролі мен белсенділігі арттырылсын

В. ИМАНАЛИЕВ,

*Қазақстан КП Орталық Комитетінің партия органдары бөлімі  
меңгерушісінің орынбасары*

Қазақстанның партия ұйымы КПСС-тің өміріндегі маңызды оқиға партияның XX съезіне қызу әзірленуде. Съезге әзірлік республикамыздың шаруашылық және саяси өмірінің барлық салаларында жүргізілуде. Өнеркәсіп орындарының, колхоздардың, совхоздардың, МТС-тердің партия ұйымдарының жауынгерлігі едәуір артты. Бұл әзірлікте бастауыш партия ұйымдарындағы есеп беру-сайлау жыйналыстары, сол сыяқты аудандық және қалалық партия конференциялары маңызды роль атқарды. Бұл жыйналыстар мен конференцияларда КПСС Орталық Комитетінің январь және июль Пленумдарының шешімдерін жүзеге асыру мәселелеріне, аудандық партия комитеттерінің бастауыш ұйымдарға басшылығының әдістері мен стиліне баса көңіл бөлінеді.

Партия ұйымдары еңбекшілер бұқарасын өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығын онан әрі өркендету шараларын жүзеге асыруға жұмылдыра отырып, едәуір жұмыс істеді. Аудандық және қалалық партия ұйымдарының көпшілігі шаруашылық құрылыстың барлық участоктерінде елеулі табыстарға жетті.

Алайда бұл табыстар жайбарақаттануға право бермейді. Өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығын онан әрі өркендету міндеттері аудандық, қалалық партия комитеттерінен партиялық-саяси және ұйымдастыру жұмысын жақсартып, жетілдіре беруді талап етеді. Сондықтан да конференцияларда коммунистер аудандық және қалалық партия комитеттерінің есептерін шаруашылық және ішкі партиялық мәселелерді шешуде бастауыш партия ұйымдарының ролін арттыру тұрғысынан талқылады.

Конференциялардың қортындылары, партия комитеттері дұрыс бағыттап отырған көптеген бастауыш ұйымдардың өздерінің міндеттерін дұрыс түсініп, өндірістік тұрмыста белсенділік көрсетіп отыратынын дәлелдейді. Мысалы, Талдықорған облысы, Қаратал аудандық партия конференциясында аудандық партия комитетінің колхоз партия ұйымдарына, еңбекшілер арасында саяси-бұқаралық жұмыс жүргізуде жақсы көмектесіп отыратыны, ауылшаруашылық артельдерінің, мал фермаларының, егін және трактор бригадаларының басшылығын тәжірибелі кадрлармен нығайтқаны айтылды. Аудандық партия комитеті қызметкерлерінің көмегімен Молотов атындағы колхоздың коммунистері өздеріндегі малдың өнімділігін арттырудың кейбір резервтерін ашты. Көптеген ұйымдар партиялық-саяси жұмысты едәуір жақсартты. МТС жанында лекторлар тобы құрылды. Ондағы лекторлар саяси және экономикалық тақырыптарда лекциялар оқып тұрады. МТС-тің басшы қызметкерлері, мамандар, бригадирлер, колхоз председателдері үшін ауыл шаруашылығының экономикасын үйрену семинары ұйымдастырылды. Бастауыш ұйымдарға күнбе-күн нақты басшылық етіп отыру колхоздар мен МТС-тің шаруашылық қызметінің нәтижелеріне игілікті әсерін тигізді.

Мұнымен бірге партия конференциялары бірсыпыра аудандық партия комитеттерінің жұмысындағы негізгі кемшілікті — олардың бастауыш ұйымдармен нашар байланыстылығын, шаруашылық және мәдени құрылыста коммунистердің белсенділігін күшейтуге тиісті қамқорлық жасалмайтынын көрсетті. Мәселен, Қөкшетау облысының көптеген конфе-

ренцияларында коммунистер аудандық партия комитеттерінің төменгі ұйымдардағы партиялық-ұйымдастыру жұмысын әлі де айтарлықтай жақсартпағанын көрсетті. Қарағанды облысы, Тельман ауданының, Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданының партия конференцияларында делегаттар аудандық партия комитеттері қызметкерлерінің колхоздарға барғанда, көбінесе, шаруашылық жайына көңіл бөліп, партиялық-саяси жұмысты жолға қоюмен өте аз шұғылданатынын айтты.

Ақтөбе облысы, Қобда ауданының партия конференциясына қатысушылар аудандық партия комитетінің бастауыш партия ұйымдарын нығайтуға, ауыл шаруашылығын онан әрі өрге бастыру ісінде олардың жауаптылығын күшейтуге тиісті шаралар қолданбайтынын көрсетті. Сол себепті көптеген бастауыш ұйымдар мал шаруашылығының тұрақты жемшөп базасын жасау, еңбекті көп керек ететін жұмыстарды механикаландыру ісімен ойдағыдай шұғылданбайды, озаттардың тәжірибесін таратып отырмайды.

Бастауыш ұйымдарға нашар басшылық ету неге әкеп соқтыратынын Шығыс Қазақстан облысы, Марқакөл ауданының мысалынан көруге болады. Бұл ауданның партия конференциясында делегаттар, коммунистерді шаруашылық-саяси міндеттерді орындауға жұмылдырмаған аудандық партия комитетін қатты сынады. Аудандық комитеттің бірінші секретары Скалабан жолдас әкімшілік жүргізді, көптеген мәселелерді тек өзі шешті, сөйтіп коллегиялық принципті бұзды. Сондықтан партия ұйымдары саяси және шаруашылық мәселелерін өздері толық шеше алмады. Мұның салдарынан аудан барлық өндірістік көрсеткіштер бойынша артта қалды.

Аудандық және қалалық партия комитеттері әкімшілік жүргізу, партия ұйымдарына үстірт басшылық ету элементтерін толық жоюға тиіс. Мұның үшін олар КПСС Уставы бойынша берілген, әкімшіліктің қызметін бақылап отыру правосын жүзеге асыруда партия ұйымдарына күнбе-күн көмектесіп, оларға партия және шаруашылық жұмысын шебер ұштастыруды үйретуге, коммунистермен, еңбекшілер бұқарасымен тығыз байланыс жасауды үйретуге міндетті.

Мұнан әрі, аудандық партия комитеттерінің қызметкерлері төменгі ұйымдарға тек жолжөнекей, кемшіліктерді көрсету үшін ғана барып шығуды тоқтатулары керек. Басшылық етудің мәнісі мұнда емес. Табылған кемшіліктерді жер-жердің өзінде жою шараларын дереу қолданып, секретарьларға дұрыс басшылық етуді үйрету керек. Партия ұйымдарының секретарьларымен нұсқау-кеңестерін жиі өткізіп, жұмыс тәжірибесін өзара үйренуді жолға қою керек. Аудандық партия комитеттері партия қызметінің практикасындағы жақсы тәжірибенің бәрін қорытып, шебер таратып отыруға міндетті. Аудандық партия комитеттерінің басшылық әдістерін онан әрі жетілдіру — партиялық-саяси жұмысты өрге бастырудың негізгі шарттарының бірі.

Партия шешімдерін орындаудың, сол сыяқты бұл шешімдердің орындалуын бақылаудың нашар ұйымдастырылуы зор кемшіліктер сапына қосылады. Пархоменко атындағы заводтың (Қарағанды қаласы) партия ұйымының секретары Левченко жолдас өзінің сөзінде Сталин аудандық партия комитетінің 1954 жылы бұл заводтың жұмысын талқылап, жақсы қарар қабылдағанын, бірақ оны көп ұзамай ұмытқанын айтты. Партия ұйымының бұл қарарды жүзеге асыруда коммунистерге көмектесуді талай рет өгінгеніне карамастан, аудандық комитет ешқандай шара қолданбады. Балқаш қалалық партия конференциясының делегаттары қалалық партия комитетін, өнеркәсіпке басшылық студегі кемшіліктері үшін қатты сынады. Мыс қорыту зауыдының партия ұйымының секретары Губин жолдас, КПСС Орталық Комитеті июль Пленумының қаулысын орындауға қалалық комитеттің жеткілікті қамқорлық жасамағанын мысалдар бойынша көрсетті.



Балқаш балық тресі балық аулау жоспарын ұзақ уақыт бойына орындамай келді. Қалалық партия комитеті осы жылдың өзінде трест басшыларының есептерін бюрода үш рет талқылады, бірақ қабылданған қаулыларды орындауға ешқандай шара қолданбады. Қалалық комитеттің секретарьлары Буравов, Әбішев, Цепилов жолдастар қабылданған шешімдерді орындауда қажырлылық көрсетпейді, қағазбен тасаланады, жер-жерде аз болып, кабинеттен басшылық етуді артық көреді. Қалалық комитеттің қызметкерлері партиялық жұмысты жете бағаламайды. Мәселен, осы жылдың қысында Буравов жолдас Тасарал балық аулау участогінде болған кезінде, ондағы бастауыш ұйымның секретары болмауына және онбір ай бойына партия жыйналысының өткізілмеуіне мүлде көңіл бөлмеді.

Аудандық және қалалық партия комитеттері кеңсешілдіктен біржолата безіп, әрбір қабылданған шешімді бұқара арасындағы ұйымдастыру және саяси жұмыспен тыянақтауға, істің орындалуын мүлтіксіз тексеруді жолға қоюға, мұның өзін принциптік қатаң талап қоюмен ұштастыруға тиіс. Қандайда болсын әкімшілікті жүргізуге, дәкірлікке жол беруге болмайды. Істің орындалуын тексеруді, көп уақытта осындай болатынындай, қайдағы бір бюрократтық әурешілдікке айналдыруға болмайды. Тексеруді әрдайым ұйымдастыру жұмысымен тыянақтап отыру керек.

Нақты ұйымдастыру жұмысы кадрларды іріктеп алуға, орналастыруға және тәрбиелеуге тығыз байланысты екені мәлім. Конференцияларға қатысушылар бұл мәселеге ерекше көңіл бөлді. Гурьев облысы, Теңіз, Маңғыстау және Шевченко аудандық партия конференцияларының делегаттары аудандық комитеттердің секретарьлары мен бюро мүшелерін, олардың кадрларды талғаусыз іріктегені үшін, әкімшілік қызметке бұрын өз беделін түсірген адамдарды жібергені үшін орынды сынады.

Партия комитеттері кадрларды іріктеп, орналастырудың партиялық принциптерін бұлжытпай орындауға, олардың жұмысын бақылап отыруға, бұл маңызды істе ведомстволық немесе жергілікті қысыржақтылыққа жол бермеуге міндетті.

Быйыл конференцияларда сын мен өзара сынның кең өрістетілгенін көрсету қажет. Делегаттар аудандық және қалалық партия комитеттерін жұмыстағы кемшіліктері мен олқылықтары үшін қатты сынады, олардың жұмысына принциптік тұрғыдан баға берді, өздеріне көрсетілген сенімді ақтамаған адамдарды басшылық органдарға сайламады. Мәселен, Оңтүстік Қазақстан облысы, Ленгер қалалық партия конференциясына қатысушылар қалалық комитеттің секретары Капустина жолдасты жұмысты нашар атқарғаны үшін және өзінің қызмет дәрежесін өз басының мақсаттарына пайдаланғаны үшін дауыс беру тізімінен шығарды.

Партия конференциялары республиканың аудандары мен қалаларының бәрінде өткізілді. Енді делегаттардың ұсыныстары мен сын ескертулерін қорытып, ашылған кемшіліктерді жоюға, саяси және ұйымдастыру жұмысын жақсартуға барлық шараларды қолдану міндеті алға қойылып отыр. Қазірден бастап партиялық бұқараны конференциялардың шешімдерін жүзеге асыруға жұмылдыру керек.

Республикамызда өнеркәсіпте де, ауыл шаруашылығында да орасан зор жұмыстар жүргізу: жаңа заводтар мен шахталар салу, жаңа техниканы енгізу, еңбек өнімділігін мықтап арттыру, барлық кәсіпорындардың мемлекеттік жоспарларды сөзсіз орындауын қамтамасыз ету, астық шаруашылығын мейлінше өркендету, мал басын көбейтіп, оның өнімділігін арттыру, колхоздар мен совхоздардың экономикасын нығайту керек болады. Бұл міндеттердің ойдағыдай орындалуы көп ретте партия ұйымдарының бұқара арасындағы жұмысына байланысты. Сондықтан бұқараның белсенділігі мен талапкерлігін мейлінше өрістете беру керек.

# Түрксиб коммунистері өздерінің теориялық білімін арттыруда

Н. АХМАДЕЕВ,

*Түрксиб саяси бөлімінің насихат және үгіт секторының бастығы*

Быйыл Түркстан-Сибирь темір жолының партиялық оқу жүйесінде сегіз мыңнан астам адам оқиды. Жолдың партия ұйымдарында 50 саяси мектеп, КПСС тарихын, В. И. Лениннің өмірбаянын, саяси экономияны, күнбе-күнгі саясатты үйрететін 274 үйірме, 13 тұрақты семинар жұмыс істейді.

Көптеген теміржолшылардың ұзақ уақыт жолда болатыны мәлім. Мұның өзі партиялық оқуды ұйымдастыруға белгілі қиыншылықтар туғызады. Өткен жылдардың тәжірибесін есепке алып, біз оқу сабақтарын өткізудің мынадай тәртібін белгіледік.

Алматы станциясының проводниктер резервінің партия ұйымында партия мүшелері мен кандидаттарының едәуірі алысқа қатынайтын жолаушы поезддарында жұмыс істеп, екі-үш апта бойына жолда болады. Партия бюросы поезддардың жүру жолында оқу ұйымдастырды. Тәжірибенің көрсеткеніндей, бір сапардың өзінде үш сабақ өткізуге болады.

Күнбе-күнгі саясат үйірмелерінің біреуінің жұмысына тоқтап өтейік. Бұл үйірмеге 8 проводник катысады. Топтың парторгі, марксизм-ленинизм кешкі университетінің үшінші курсының отличнигі проводник Примакин жолдас оларда насихатшы болып қызмет атқарады. Адамдардың екі сменаға бөлініп жұмыс істеуі себепті, үйірменің сабақтары екі бөлек жүргізіледі: бір тақырыптың сабақтары жұмыстан босаған әрбір сменамен бөлек өткізіледі. Екі айдан артығырақ уақыттың ішінде проводниктер КПСС Орталық Комитеті июль Пленумының қаулысын үйренді, төрт держава сыртқы істер министрлерінің Женева кенесінің материалдарымен танысты, кәзіргі уақытта Л. М. Каганович жолдасын Ұлы Октябрь социалистік революциясының 38 жылдығы туралы баяндамасын үйренуде.

Паровоз депосының үйірмелерінде сабақ солай сменаға бөліп өткізіледі, ал марксизм-ленинизмді өздігінен үйренушілер және әртүрлі сменаларда жұмыс істеушілер үшін лекциялар қайталап оқылады.

Проводниктер резервінің партия ұйымы жанындағы күнбе-күнгі саясат үйірмелері мен саяси мектептерде де, алысқа қатынайтын поезддарда да коммунистердің оқуы осындай әдіспен жолға қойылды. Поезд бригадасы сапардан қайтқаннан кейін, проводниктер резерві партия ұйымының секретары Сидоренко жолдас, сапарда болған кезде істеген жұмыстары туралы коммунистермен, насихатшылармен әңгімелер өткізеді.

Біз КПСС Орталық Комитеті июль Пленумының шешімдерін үйренуге ерекше маңыз береміз. Партия ұйымдары насихатшылар мен лекторлардан Пленумның шешімдерін, темір жол транспорты кәсіпорындарының нақты міндеттерімен тығыз байланыстырып түсіндіруді талап етті. Мысалы, Жамбыл станциясындағы КПСС тарихы үйірмесінің алғашқы оқу жылындағы сабақтарында насихатшы Михайлов жолдас ауыр салмақты поезддарды шапшаң құрастырып, жүргізу әдістерін, жаңа техниканы енгізу міндеттерін көрсетті.

Теміржолшылардың тілектерін орындай отырып, саяси бөлімдер мен партия ұйымдары саяси экономия үйірмелерінің, экономикалық семинарлардың және мектептердің санын көбейтті. Үштөбе станциясы жанында ашылған экономикалық мектепте 18 коммунист және 8 партияда жоқ жолдастар нақты экономика мәселелерін аса көңіл қойып үйренуде.

Неғұрлым даярлығы күшті насихатшылар, тәжірибелі инженер-техника қызметкерлер: құрылыс-монтаж конторының бастығы Грехин жолдас, байланыс дистанциясының бухгалтері Қирсанов жолдас, партия ұйымының секретары Антонов жолдас және басқалары лекция оқуға тартылды. Нақты экономиканың жеке мәселелері бойынша жолдың саяси бөлімінің штаттан тыс лекторлар тобындағы неғұрлым білімді жолдастар лекция оқыйды.

Түркістан партия ұйымы партиялық оқудың басқа буындарында да сабақтардың сапасы жақсы болуына қамқорлық жасап отырады. Мәселен, В. И. Лениннің өмір баяны үйірмелерінің жұмысы едәуір жақсартылды. Насихатшылар оқу сабақтарында көрнекі құралдарды, көркем әдебиетті, кинофильмдерді пайдаланады. Мысалы, насихатшы Фрадкина жолдас (Жамбыл станциясы) Владимир Ильич Лениннің балалық және жастық шағы туралы өзінің әңгімесінде фотосуреттер көрсетті, мұнан кейін, ұлы көсемнің балалық және жастық шағын айтатын И. Поповтың «Семья» деген пьесасынан үзінділер оқыды.

Сабақтың сапасының жақсы болуы ең алдымен насихатшыға байланысты екені мәлім. Насихатшының белгілі білімі болу керек, партиямыздың идеяларын өзінің тыңдаушыларына қызықты етіп түсіндіретін, коммунистерді бұл идеяларды жүзеге асыру күресіне жұмылдыра білетін болу керек. Бірақ партия ұйымдарының көмегі болмаған жерде, насихатшылар бұл талаптарды тек өздері орындай алмайды. Сондықтан жолдың саяси бөлімі оқу жылының басталуынан бұрын курстар мен семинарларда насихатшы кадрлар даярлауды ұйымдастырды. Насихатшылар аудандық және қалалық партия комитеттері жанындағы семинарларға қатысып отырады, партиялық кітапханаларда жеке-жеке консультациялар алады.

Жолдың және жол бөлімшелерінің саяси бөлімдерінің штаттан тыс лекторлар топтары марксизм-ленинизм классиктерінің шығармаларын үйренушілерге зор көмек көрсетіп отырады. Олар әртүрлі тақырыптарда лекциялар оқыйды. Лекциялар темір жол тораптарында ғана емес, жол станцияларында, разъездерде де және бәрінен де жиі кәсіпорындардың лекторийлерінде оқылады. Алматы бөлімшесінің саяси бөлімінің штаттан тыс лекторы Кравченко жолдас проводниктер резервінің лекторийінде «Россиядағы 1905 — 1907-жылдардағы революция — империализм дәуіріндегі алғашқы халықтық революция» деген тақырыпта лекция оқыды. Жамбыл бөлімшесінің саяси бөлімінің штаттан тыс лекторы Шмидт Жамбыл станциясының клубында халықаралық жағдай туралы лекция оқыды. Бізде барлығы 370 штаттан тыс лекторлар бар. Бұлар — теміржол транспортының басшылары мен саяси қызметкерлері, мұғалімдер, дәрігерлер және басқалар.

Партиялық оқу жүйесінде партиялық кітапханалар маңызды орын алады. Оның ішінде көптеген кітапханалар насихатшыларға, лекторларға, үйірмелердің, саяси мектептердің тыңдаушыларына зор көмек көрсетіп отырады. 18 кітапхана жанында маркстік-лениндік теорияны өздігінен үйренушілер үшін консультациялық пункттер ашылып, жұмыс істеуде. Жамбыл станциясы жанындағы кітапхана қызметкерлерінің ұйымдастыруымен, үйірменің жетекшісі Фрадкина жолдас өзінің сабақ өткізудегі тәжірибесі туралы баяндама жасады. Сарыөзек, Защита тораптарының партиялық кітапханалары және басқа кітапханалар экономиканың, Коммунистік партия тарихының жеке тақырыптары бойынша көрнекі құралдар әзірледі. Кәзір «Марксизм-ленинизм бойынша көпшілікке арналған кітапхана» сериясының кітаптарын кеңінен насихаттап, тарату шаралары қолданылуда.

Жолдың партия ұйымдарында екі мыңнан астам адам КПСС тарихын, философияны, саяси экономияны өзінің үйренуде. Бұлар үшін лекциялар оқылады, жол бойының станциялары мен разъездерінде тұра-

тындарға арнап консультациялық пункттер және көшпелі консультациялар ұйымдастырылды. Біз жұмыстың әнгімелер, теориялық семинарлар және конференциялар өткізу сыяқты әдістерін де қолданамыз.

Партиялық оқу жүйесіндегі сабақтар міне үш ай уақыт бойына өткізіліп келеді. Бұл уақыттың ішінде елеулі олқылықтар мен кемшіліктер де ашылды. Кейбір үйірмелерде тыңдаушылардың сабаққа келуі қанағаттанғысыз. Алматы I станциясының вагон депосында, Жамбыл, Аягөз станцияларында тыңдаушылардың келмеуі себепті сабақты өткізілмеген кездері болды. Жамбыл бөлімшесінің вагон депосы жанындағы үйірме жетекшісінің орынбасары Каримов жолдас сабаққа даярланбай келді, пайда берерліктей ешнәрсе айта алмай, 30 минуттан кейін тыңдаушыларды таратып жіберді.

Лекциялық насихатта да кемшіліктер бар. Кейбір лекциялар тыңдаушылардың өскелең тілектерін қанағаттандыра алмайды, өмірмен байланысы жоқ. Кейбір штаттан тыс лекторлар насихат жұмысына әлі де белсеніп қатыспайды.

Партиялық оқуда мұндай және басқа кемшіліктердің болуының себебі не? Оның себебі — кейбір партия ұйымдары бұл маңызды іске науқаншылық тұрғыдан қарайды. Аягөз станциясында сабақтардың кейде өткізілмеуі, тыңдаушылардың аз келуі тек осыдан болып отыр. Оқу жылы басталар алдында партия ұйымы үйірмелер мен саяси мектептерді ашуға қызу кірісті, ал сабақты бастар кезде бұл тораптың партия қызметкерлері партиялық оқуды бетімен жіберді.

Мұндай кемшіліктердің қайталамауы үшін саяси бөлім мен партия ұйымдары бірсыпра шаралар қолданды. Партия бюроларының мәжілістері, секретарьлардың кеңестері, коммунистердің жыйналыстары өткізілді. Онда кемшіліктер тексеріліп, жеке жолдастардың сабаққа келмеуінің себептері ашылды, партия мүшелері мен кандидаттарының саяси білім алуын жақсарту шаралары белгіленді.

Бөлімшелердің саяси бөлімдері мен партия ұйымдарының коммунистерге іскерлікпен көмектесіп, олардың оқуын күнбе-күн бақылап отыруы маркстік-лениндік теорияны насихаттауды едәуір жақсартуға, теміржол транспортының барлық буындарында жаңа табыстарға жету күресінде еңбекшілердің саяси және өндірістік белсенділігін оған сайын күшейтуге мүмкіндік туғызады.

# Бүгінгі күннің тақырыбына

## Сауда жүйесіндегі ұрлыққа қарсы күрес күшейтілсін

Отанымыздың саяси және экономикалық қуаты үздіксіз өсіп отырған жағдайда, советтік құрылыстың экономикалық негізі — социалистік меншіктің маңызы арта береді, сондықтан оны сақтау социалистік мемлекеттің негізгі міндеттерінің бірі болып табылады.

Партия мен Совет үкметі социалистік меншікті сақтап нығайтуға үнемі қамқорлық жасап отыру керек деп үйретеді. Советтік заңдар халық дәулетіне қол сұғушылардың бәріне қарсы рақымсыз күреседі.

Совет өкметі тұсында совет адамдарының социалистік меншікке көзқарасы негізінен өзгерді. Азаматтарымыздың басым көпшілігі халықтың байлығына қамқорлықпен ұқыпты қарайды. Алайда, адал еңбек орнына, халық дәулетін ұрлайтын, талан-таражға салатын, оны «қазна мүлкі», оңай пайда табудың көзі деп таныйтын арамтамақ адамдар бізде әлі де бар.

Кейбір адамдар санасындағы капитализмнің қалдықтары әлі де қатты сезіліп отырады. Мемлекеттік, кооперативтік қаржының едәуір бөлегі талан-таражға салынады. Товарларды, материалдарды, ақшадай қаржыны ұрлау, жеу, әсіресе сауда жүйесінде етек алған. Бұл масқаралық фактілер кәсіпорындар мен мекемелердің жеке басшыларының бейқамдығы, ашықауыздығы және бақыламауы салдарынан болып отырады.

Республиканың Сауда министрлігі, Қазақстанның тұтынушылар одағы, Қазақстанның кәсіпшілік кооперациясы советі және олардың жергілікті органдары социалистік меншікті сақтау жолындағы күресті әлі нашар жүргізеді. Сауда ұйымдарына өтіп алған зымыяндар халық дәулетін талан-таражға салады, адал сауда қызметкерлерін өздерінің сұрқыялық істеріне араластырады, мемлекет пен кооператив ұйымдарына аса көп зыян келтіреді.

Ұрылар мен жемқорларға жол беретін қызмет басындағы адамдардың жауапсыздығы көп уақытта мемлекет және кооператив сауда жүйесіндегі ұрлыққа қарсы күрес жүргізуге бөгет жасайды. Кей кездерде сауда ұйымдары басшыларының материалдық-жауапты адамдарды қызметке алу тәртібін орындамайтынына, сөйтіп сұрқыя адамдардың мемлекеттік және қоғамдық мүлікке араласуына көмектесетініне тіпті де төзуге болмайды.

Әсіресе, Қазақстанның тұтынушылар одағының жүйесінде сауда қызметкерлерін іріктеп алуда бейғамдыққа, талғаусыздыққа жол берілді. кейбір басшылар кадрларды іріктеуге мемлекеттік тұрғыдан қарамайды; зымыяндар мен арамниетті адамдарды батыл қудалау орнына, оларды бүркеп, жұмыстың бір участогінен екінші участогіне жібереді. Мәселен, Қарағанды облысының Нұра ауданында, мемлекеттік қаржыны иемденгені үшін екі рет сотталған Ряженая деген біреу магазиннің меңгерушісі қызметіне алынған. Бір ай жұмыс істегеннен кейін Ряженая 16 мың сомнан астам ақшаны ұрлап, қашып кеткен. Нұра аудандық тұтынушылар қоғамының басшылары тіпті сауда қызметкерлеріне, ақша-мүлік жегендер туралы материалдарды тергеу органдарына тапсырмауға уәде беруге дейін барған.

Көп уақытта материалдық-жауапты қызметке білімі де жоқ, практикалық тәжірибесі де жоқ, сауатсыз және тіпті камелеттік жасқа жетпеген адамдар алынады. Мысалы, Киров аудандық тұтынушылар одағының (Талдықорған облысы) Көксу сельпосына сатушылық қызметке мүлде сауатсыз Көккөзиев деген біреу тағайындалған. Оның тапсыратын есептерін, ақысына бір бөтелке арақ алып, сельпоның кассирі Торкиев пен бухгалтері Баясилов жасап беретін болған. Тексергенде Көккөзиевтің қарамағындағы қаржы 20 мың сом кем болып шықты.

Материалдық жауапты қызметтерге қызметкерлердің көп уақытта тамыр-таныстықпен, туысқандықпен алынуын дәлелдейтін көптеген мысалдар келтіруге болады.

Тексергенде, қарамағындағы товарлар мен ақшалай қаржы жетіспейтіні анықталған адамдарды қызметке қалдыра беретін зиянды, мемлекет мүддесіне қарсы практика әлі жойылмай келеді. Осының салдарынан ондай адамдардың қарамағындағы қаржының, материалдардың талап-таражға салынуы, жетіспеуі көбейе береді.

Сауда кадрларының тұрақтамауы социалистік меншікті сақтауға аса зиянды зардабын тигізеді. Мәселен, Оңтүстік Қазақстанның облыстық тұтынушылар одағында бір жылдың ішінде басшы кадрлардың төрттен бір бөлегі, материалдық-жауапты қызметкерлердің 40 проценттен артығы ауысты.

Талдықорған, Оңтүстік Қазақстан, Қостанай, Батыс Қазақстан, Семей және республиканың басқа облыстарында сауда ұйымдарының көптеген басшылары документтер бойынша тексерудің және мүлік-қаржыны тізімдеудің тәртібі мен мерзімдерін өрескел бұзып отырады. Оның үстіне тексерудің сапасы көп уақытта өте нашар болады. Бұл жұмысқа көп уақытта тәжірибесі аз, кейде адалдығы жоқ қызметкерлерді жібереді. Мұндай практика іс жүзінде ұрылар мен жемқорларды жасыру формаларының бірі болып табылады. Мәселен, Талдықорған облысы, Андреев аудандық тұтынушылар қоғамының № 1 складының менгерушісі Лемешенко магазинге бірде-бір тексеру жүргізілмеуінен пайдаланып, бір жыл тоғыз айдың ішінде 33 мың сомды жоқ қылған.

Кейде мүлік-қаржының шашылуын және жетіспеуін тексерушілердің өздері жасырады. Мысалы, Қызылорда облысы Жаңақорған аудандық тұтынушылар одағының тексерушісі Ержігітов магазинді тексергенде, оның менгерушісі Махамбетовтың 14 150 сом қаржыны жоқ қылғанын жасырды. Талдықорған облысы, Сарыөзек сельпосының бухгалтері Буявух, буфетшілер — Гостинина мен Гладышеваның екі мың сомнан астам қаржысы жетпейтінін біле тұрып, мезгілінде тиісті шаралар қолданбады. Мұның салдарынан жетіспеген қаржы 4 627 сомға жетті.

Кейбір сауда ұйымдарының бухгалтерлері өздеріне жүктелген — товарлар мен ақшаның шашылуына алдын ала жол бермеу міндеттерін орындамайды, бухгалтерлік есепте тиісті тәртіп орнатуға камқорлық жасамайды. Мұның өзі мемлекеттік және қоғамдық мүліктің талап-таражға салынуына қолайлы жағдай туғызады. Мәселен, Қарағанды облысы, «Сталинуголь» тресінің Жұмысшыларды жабдықтау бөліміне қараған № 22 асхананың кладовщикі Кликушин азық-түліктің түсуі және жұмсалуы туралы бухгалтерияға екі ай бойына есеп бермеді. Алайда, асхананың директоры мен аға бухгалтері, Жұмысшыларды жабдықтау бөлімінің басшылары мұнан тіпті де қауіптенбеді. Үш айдан кейін тексергенде Кликушиннің 5 473 сомдық мүлікті жоқ қылғаны анықталды.

Мұнымен бірге сауда ұйымдарының басшылары кейде материалдық-жауапты адамдардың жұмысына қолайлы жағдай туғызбайды, товарларды сақтау шараларын қолданбайды. Мұның өзі көп уақытта материалдардың жетіспеуіне, бұзылуына себеп болады. Талдықорған облысы, Киров сельпосында склад үйі болмады, сол себепті бензин керосин, олифа, кебек және басқа товарлар ұзақ уақыт бойына ашық

далада жатты, оларды қарайтын сақшы болмады. Бұл заттарды кезкелген адам алып кете берді, ақырында складтың меңгерушісі Серешенконың қарамағындағы мүліктің 100 мың сомнан астамы жетіспеуіні анықталды.

Сауда орындарының кейбір басшылары мен бас бухгалтерлері бұзылған және жетіспеген товарларды шығынға жазуға жеңіл қарайды, оның түпкі себебін тексерместен, «зыянның» есебіне жаза салады. Оңтүстік Қазақстан облысының тұтынушылар кооперациясы жүйесінің өзінде быйыл жалпы сомасы үш миллион сомнан асатын товарлар осындай «зыянға» жазылып, есептен шығарылды.

Сауда мекемелері басшыларының қолы қойылған, мөрі басылған куәліктердің ақтай бланкелерін сауда қызметкерлерінің қолына беріп қоятын, сол сыяқты кейіннен есебін тапсыруға көп сома (80 мың сомға дейін) беріп қоятын зыянды практика әлі жойылған жоқ. Мұндай практика, әсіресе, тұтынушылар кооперациясында кеңінен қолданылады. Саудадан түскен ақшаны мерзімінде тапсыру ісінде де тиісті тәртіп орнатылған жоқ.

Тексеру комиссиялары мен қоғамдық бақылаудың енжарлығын, кейде тіпті түк жұмыс істемейтінін бетіне айту керек. Мүлікті тізімге алып отыру мерзімдері өрескел бұзылады, документтер бойынша және кенет тексеру жете бағалапбайды.

Сауда ұйымдарының бірсыпыра басшылары мүлік-қаржыны ұрлағандарға жасалған материалдарды тергеу органдарына тапсырмай кідіртеді немесе өте кеш тапсырады. Мұның салдарынан айыпты адамдар қашып кетеді немесе ұрланған мүлікті жасырып үлгіреді. Мысалы, Жезқазған кен басқармасының Жұмысшыларды жабдықтау бөлімінің басшылары № 7 магазиннің меңгерушісі Ястребоваға жасалған материалды прокуратураға тек мүлік-қаржының шашылғаны анықталуынан екі жарым айдан кейін жіберді.

Кейбір облыстық, қалалық, аудандық партия комитеттері, сол сыяқты еңбекшілер депутаттарының облыстық, қалалық, аудандық Советтерінің атқару комитеттері социалистік меншікті ұрлаушыларға, олардың көмекшілеріне, қамқорларына орынсыз рақымшылдықпен қарайды, сауда қызметкерлері арасында бұқаралық-саяси және тәрбие жұмысын қанағаттанғысыз жүргізеді, социалистік меншікті ұрлаған адамдарды партиялық жолмен жауапқа тарту туралы мәселелерді өте шабан қарайды. Мәселен, Семей облысы, Көкпекті аудандық партия комитеті 14 мың сомнан астам қаржыны жоқ қылған, партия мүшесі Токарев туралы мәселені қарамағанына үш айдан асты.

Милицияның, прокуратураның және соттың кейбір қызметкерлері социалистік меншікті ұрлаушыларға, талан-таражға салушыларға қарсы күресте елеулі кемшіліктерге жол береді. Ондай істерді қозғап, тергеуде, қылмыстыларды және ұрланған мүлікті іздеп табуда жеделділік көрсетпейді, көп уақытта батыл қыймылдамайды, мемлекетке келтірілген зыянды өндіруге жеткілікті шаралар қолданбайды.

Прокурорлар мен судьялар арасында, қылмысты анықтап, жаза шараларын белгілегенде, заңның талаптарын орындамай, ұрыларға, зымьяндарға, олардың қамқорларына жұмсактық жасайтын ымырашылдар әлі де кездеседі. Мысалы, Шығыс Қазақстанның облыстық соты (председательлік етуші Баншиков жолдас) Зайсан аудандық тұтынушылар одағының сатушысы Джейконы, кооператив қаржысын иемденгені үшін не бәрі шартты жазаға кесті. Прокурор бұл ымырашылдық үкімге қарсылық білдірмеді. Шымкент қаласының 4-участок халық соты (судья Могилевский жолдас) Шымкент қорғасын заводының азық-түлікпен жабдықтау бөлімінің № 4 ларегінің сатушысы, 10 мың сом мемлекет қаржысын жеп қойған Кузьевті шартты жазаға кесті.

Материалдық зыяның орнын толтырудың жөйі да нашар. Быйылғы

9 айдың ішінде республиканың мемлекеттік сауда жүйесінде ұрланған және талан-таражға салынған қаржының жалпы сомасының небәрі 4 проценттен көбірегі өндірілді. Тұтынушылар кооперациясында небәрі 3,6 процент өндірілді. Ұлы Лениннің мына нұсқауын естен шығармау керек: «Біреудің қолына қатеден түскен бірде-бір жүзсомдықты мемлекеттік қазнаға қайта түспей қоймайтын етіндер... Мұны тек тәртіптілік арқылы ғана, жұмысшы, шаруа еңбегін ұйымдастыру арқылы ғана, есеп пен бақылау арқылы ғана істеуге болады» (Шығармалар, 27-том, 296-бет).

Ұрылар мен талан-таражға салушылар келтірген зиянның ойдағыдай өндірілмеуіне, ұрлаушыларды іздеп тауып, дүние-мүлкін қаттауға көп уақытта мезгілімен тиісті шаралар қолданбайтын прокуратура және милиция органдары да едәуір дәрежеде айыпты.

Прокуратура және милиция органдары мүлік-қаржының ұрлануы, шашылуы туралы істерді тексергенде өрескел сөзбұйдалыққа жол береді. Талдықорған облысы, Қапал ауданының прокуратурасы 29 мың сом кооператив қаржысын ұрлаған Шәшірбаевтың ісін тоғыз ай бойына тергеді, соның өзінде де айыпкердің мүлкін қаттамады.

100 мың сомнан астам мемлекет қаржысын ұрлаған ерлі-зайыбты Ауғанбаевтардың ісін Алматы қаласының прокуратурасы жеті айдан артық уақыт бойына тергеді, олардың хатталған мүлкі Ауғанбаевтың анасына тапсырылды, ал ол бұл мүлкті сатып, ақшасын жасырып қойды. Бұл істі тергеудегі былық, бейқамдық салдарынан Алматы қалалық өнеркәсіп сауда бөлімінің ұрланған мүлкі өндірілмеді.

Республиканың көптеген соттары да социалистік меншікті ұрлау және талан-таражға салу туралы істерді қарағанда мүлде орынсыз қағазбастылыққа жол береді.

Товар-материалдар мен ақшадай қаржыны сақтауда мемлекеттік тәртіп орнату — республикалық, облыстық, қалалық және аудандық сауда ұйымдарының міндеті. Сауда қызметкерлерін іріктеп алып, қызметке орналастырудағы бейғамдықтан, ашықауыздықтан біржолата безіп, жас мамандарды батыл жоғарылату керек, бақылау-тексеру жұмысы мен бухгалтерлік есепті мықтап жақсарту керек.

Прокуратура, милиция, сот органдары социалистік меншікті ұрлауға, талан-таражға салуға қарсы, зат сатып алушыларды алдауға қарсы ымырасыз күрес жүргізіп, мүлік-қаржының ұрлануы және желінуі туралы істерді жедел, неғұрлым толық тергеуге, жазаға кесілген адамдардан желінген мүлктің мезгілінде өндірілуін қамтамасыз етуге міндетті. Тәрбиелік маңызы зор ашық сот процестерінің ролін арттырып, халық дәулетіне қол сұғушыларға төзбейтін, бойкот жасайтын, оларды жалпы жексұрын көретін жағдай туғызуға тиістіміз.

Мемлекет есебінен, еңбекшілер есебінен оңай пайда табу жолына түскен арамтамақ элементтердің еңбекшілер еңбегінің жемісін ұрлап, талан-таражға салуына халқымыз төзіп отыра алмайды.

**И. КИСЕЛЕВ,**  
Қазақ ССР Юстиция министрінің орынбасары.



# Оқушылардың сұрауларына жауап

## Бағдад пакті деген не?

Журналымыздың оқушылары Бағдад пакті дегеніміз не және оның мақсаттары қандай екенін айтып беруді өтінеді. Төмендегі мақалада бұл өтінішке жауап беріледі.

1955 жылғы февральда Түркия мен Ирак арасында соғыс келісімі жасалды. Бағдад пакті деп аталатын бұл келісімге кейіннен Англия мен Пәкістан, ал осы жылғы октябрьде Иран да қосылды.

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін Таяу және Орта Шығыс елдерінде өздерін империалистік езгіден азат ету қозғалысы ерекше күшейіп, кең өрістей бастады. Таяу және Орта Шығыс елдерінің халықтары енді бұрынғыша өмір сүргісі келмейді. Дүние жүзінің бұл бөлегінде де халықтардың тәуелсіздік жолындағы күресінің ұлғаюы себепті шетелдік колонизаторлар амалсыздан өздерінің империалистік ниеттерін бүркеуге кірісті. Бұл мақсатпен Таяу және Орта Шығыс елдерінің қауіпсіздігіне қайдағы жоқ «советтік қатердің» төнуі туралы ертегі шығарылды.

Мұның ізінше империалистер әртүрлі соғыс блоктарын жасауға кірісті. Мысалы, 1951 жылдың өзінде, араб елдері мен Иранды қамтуға тиісті «орташығыстық командование» дейтіннің жобасы ұсынылды. Египеттің және басқа кейбір араб елдерінің «орташығыстық командованиеға» қосылудан үзілді-кесілді бас тартуы себепті империалистердің бұл әрекеті күйреді.

Бірақ Таяу және Орта Шығыста Солтүстік Атлантика пактінің үлгісі бойынша соғыс блогын жасау әрекеті тоқталмады. Таяу және Орта Шығыс елдері бірте-бірте агрессиялық блоктарға тартыла бастады. Бұл мақсатпен, Вашингтон мен Лондоннан берілген нұсқау бойынша, өткен жылғы апрельде Түркия мен Пәкістан арасында соғыс келісімі жасалды. Мұнан кейін 1955 жылғы 24 февральда Бағдадта түрік-ирак договорына қол қойылды. Сонымен Ирак, араб елдері лигасының мүшелері көпшілігінің қарарына қарамастан, шетелдік империалистердің бақылауындағы агрессиялық одақтар жүйесіне қосылды. Таяу және Орта Шығыс елдерінің жұртшылығы түрік-ирак соғыс келісіміне — араб елдерінің бостандығы мен қауіпсіздігіне қарсы қаскүнемдік деп әділетті баға берді.

«Юнайтед пресс» агенттігінің Вашингтондағы тілшісі мынаны атап көрсетті: Американың ресми топтары Түркия мен Ирак арасындағы договорды әуелі бастан-ақ — Орта Шығыста кең соғыс блогін жасауды көздейтін «жалпы жоспарды» жүзеге асыру жолындағы белгілі бір қадам деп таныды, ал бұл блок Түркия арқылы Солтүстік Атлантика одағымен және Түркия-Пәкістан пактімен, ал Пәкістан арқылы Оңтүстік-Шығыс Азияның соғыс блогімен (СЕАТО) байланыстырылады.

Англияның «Обсервер» газеті, өз тарапынан, Түркия мен Ирак арасындағы договор «Солтүстік Атлантика одағының үлгісі бойынша Орта Шығыстың қорғанысын ұйымдастырудың негізі болатынын» жазды. Рейтер агенттігі былай деп көрсетті: ағылшын-американ дипломатиясының күш салуымен Анкара — Бағдад — Қарачи төңірегінде құрылатын Орта Шығыс блогін Лондонда да, Вашингтонда да — Совет Одағы мен халық-

тық демократия елдерін қоршайтын соғыс топтарының тізбегіндегі «жетіспей тұрған буын» деп есептейді.

Бұл «буынды» жасау мақсатымен ағылшын-американ империалистері, сол сыяқты олардың Түркия мен Ирактың билеп-төстеуші топтары қатарындағы итаршылары талай рет Сириядан Бағдад пактіне қосылуды талап етті, Сауд Аравиясына, Египетке және басқа араб елдеріне қысым жасады. Алайда олардың бұл бопсасы іске аспады, ол елдер өздерінің тәуелсіз сыртқы саясатын жүргізуден бас тартпады. Әсіресе Египетке қатты қысым жасалды, мұның үшін оған қару-жарақ сату туралы мәселе пайдаланылды.

Өз елінің бұл мәселеге көзқарасын түсіндіре келіп, Египеттің премьер-министрі Насер Египеттің соңғы бірнеше жыл бойына санрет батыс державалардан, Египеттің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге керекті қару сатуды өтінгенін айтты. Алайда батыс елдерінің билеп-төстеуші топтары Египетке қару сату үшін оның ерікті елдігінде нұқсан келтіретін және оның тәуелсіз сыртқы саясатына қайшы келетін талаптар қойды. Мысалы, Египет үкіметінен Таяу және Орта Шығыстағы агрессиялық блоктар системасына қосылуға ризалық беруді талап етті. Египет мұндай талапты, әрине, қабылдай алмады. Алайда, Египет үкіметі, өз елінің беретін товарлары есесіне Чехословакиядан қару-жарақ алу туралы онымен, ешқандай шартсыз, сауда келісімін жасағанда, батыс баспасөзі, өздеріне белгілі бұйрық берілгеніндей, Египеттің Таяу Шығыстағы «күштердің теңдестігін» бейне бір бұзуы туралы, Египеттің қайдағы жоқ «жанталаса қарулануы» және басқалары туралы даурықты. Египетті Чехословакиядан қару-жарақ сатып алмауға «сендіру» үшін Каирге тезінен АҚШ мемлекеттік секретарының көмекшісі Аллен жіберілді. Мұнымен бірге американ баспасөзінде: құрама Штаттарға өзінің Египетпен «экономикалық ынтымақ» саясатын қайта қарап, оған қарсы «экономикалық шаралар» қолдануға тура келуі мүмкін деген хабарлар жарияланды.

Ашықтан-ашық қысым жасап, күш көрсету науқаны, алайда, нәтиже бермеді. Египет, өзінің ішкі істеріне қолсұқпақ болған АҚШ-тың билеп-төстеуші топтарының бұл әрекетін тойтарып тастады. Египет үкіметінің бұл берік позициясын Сирия, Ливан, Иордания, Сауд Аравиясы, барлық бейбітшіл елдер бірауыздан қолдады.

Империалистердің Орта Шығыстағы агрессиялық жоспарларында Иранға ерекше орын беріледі. Соңғы бірнеше жыл бойына бұл елді агрессиялық блокқа қосауға сан рет әрекет жасалды. Нақ соңғы кезде Түркия, Пакистан және ағылшын-американ дипломатиясы Иранға қатты қысым жасады. Мұның нәтижесінде Иран үкіметі шет державалардың талаптарын қабылдап, түрік-ирак-пакистан блогіне қосылуға ұйғарды.

Иран шахы, меджлис пен сенат бекіткен Иранның Бағдад пактіне қосылуы туралы заңға 1955 жылы 24 октябрьде қол қойды. Мұнымен бірге, Иранның ұлттық мүдделері мен бейбітшілік ісіне қайшы келетін агрессиялық топқа Иранның қосылуы өте шұғыл, асығыс жағдайда өткізілгенін көрсетпеуге болмайды. Тіпті қорқыту, күш көрсету әдістері де қолданылды.

Американың елшісі Чепин Иранның премьер-министрі Хосейн Алаға үзілді-кесілді талап қойды. «Эттелаат» газетінің хабары бойынша, бұл талапта, егер Иран өзінің бейтараптық саясатын онан әрі жүргізіп, Таяу және Орта Шығыстағы соғыс блогіне қосылудан бастартса, Иранның таяудағы уақытқа «АҚШ-тың финанс, техникалық және соғыс көмегінен айрылатыны, сол сыяқты АҚШ достарының тізімінен шығарылатыны» айтылған. Мұнымен бірге американ елшісі, «Фердоуси» журналының жазғанындай, Иран үкіметіне 100 миллион доллар беруге уәде қылған.

Иран жұртшылығы мұны — Иранның Багдад пактіне қосылуын тездегу үшін төленген ақы деп бағалады. Сол сыяқты, бұрын Иранның соғыс пактілеріне қосылуы туралы мәселеде екіжақты болып келген, меджлистің жеке депутаттарының, сенаторлардың, саяси қайраткерлердің ризалығын алу үшін «біраз қаржының жұмсалғаны» хабарланды. Алайда, асықтырылуына, пайдалана берілуіне, күш көрсетіп болса жасалуына карамастан, сенатта да, меджлисте де, Иран үкметінің Иранды соғыс блогіне қосу саясаты халықтың мүдделеріне қайшы келіп, қауіп туғызатынын көрсеткен байсалды дауыстар естілді.

Иран үкметінің агрессиялық Багдад пактіне қосылуға ұйғаруы, — Совет үкметінің 12 октябрьде Иран үкметіне жолдаған мәлімдемесінде және 26 ноябрьдегі совет нотасында көрсетілгеніндей, — Иранның Совет Одағымен тату көршілік қатынасына және Иранның белгілі договорлық міндеттемелеріне, оның ішінде 1927 жылы жасалған кепілдік және бейтараптық туралы совет-иран договорына қайшы келеді. Бұл договордың үшінші статьясында былай делінді: «келісуші жақтардың әрқайсысы, екінші келісуші жақтың жер бетіндегі немесе теңіздегі қауіпсіздігіне қарсы, сол сыяқты оның тұтастығына, оның тәуелсіздігіне немесе ерікті елділігіне қарсы бағытталған саяси одақтарға немесе келісімдерге іс жүзінде де, формальды да қатыспауға міндеттенеді».

Империалистік топтар Багдад агрессиялық тобын құра отырып, мұны біріккен Ұлттар ұйымының уставына сәйкес құрылатын «қорғаныстық және жергілікті ұйым» деп көрсетуге тырысады. Бірақ бұл ертегіге империалистік елдердің өздерінде де ешкім нанбайды. Мысалы, «Нью-Йорк таймс» газеті Багдад пактінің шын мақсаттарын көрсете келіп, былай деп жазды: «Солтүстік саты» деп аталатын біздің инициативамыз бойынша құрылған Түркия, Ирак, Иран және Пәкістан одағы — Совет Одағына қарсы, сол сыяқты Египетке қарсы бағытталған». Багдад пакті, демек, «қорғаныстық» емес, Совет Одағына қарсы, Таяу және Орта Шығыстың бейбітшілік елдеріне қарсы бағытталған агрессиялық одақ. Сол сыяқты ол жергілікті одақ та емес, өйткені 1955 жылғы 4 апрельде оған, Таяу және Орта Шығыс ауданынан мыңдаған километр шалғай жатқан Англия да қосылды. Шетелдік баспасөздің хабары бойынша, Багдад пактіне АҚШ та қосылмақ.

Сонымен, Багдад пактінің өздерінің Таяу және Орта Шығыстағы нашарлаған жағдайын нығайтуға тырысатын агрессияшыл империалистік топтар жасап отыр.

Совет үкметі өзінің осы жылғы 26 ноябрьдегі нотасында «Багдад блогі, Таяу және Орта Шығыста ғана емес, бұл ауданнан тыс жерлерде де бейбітшілік ісіне қатер туғызатынын» атап көрсетті.

Осы жылғы 4 апрельде Англия мен Ирак арасында жасалған келісім сыяқты, кіріптарлық келісімдер соғыс пактілерін толықтырғандық болады. Бұған дейін күшінде болып келген 1930 жылғы ағылшын-ирак договорының орнына жасалған «өзара ынтымақ» туралы бұл келісімнің кіріптарлық сипаты онан да асып түседі. Англияның «Йоркшир пост» газеті Англияның бұған дейін Иракта пайдаланып келген ардақтылығында ешқандай өзгеріс жасалмағанын жазды. Египеттің «Ахбар аль-яум» апталық газеті 1930 жылғы ағылшын-ирак договорын жаңа келісіммен ауыстыру Англияның Иракты оккупациялауын бәсеңдетпей, қайта баянды ете түсетінін көрсетті.

Таяу және Орта Шығыстың халықтары, өздерінің ұлттық тәуелсіздігі мен ерікті елдігіне қауіп туғызатын соғыс блоктарын жасау саясатын батыл айыптауда.

А. ТУҒАНБАЕВ.

# Хаттар мен корреспонденциялар

## Мамандарды даярлау жақсартылсын

Елімізде коммунистік құрылыс міндеттерін ойдағыдай жүзеге асыру үшін халық шаруашылығы мен мәдениеттің барлық салаларына көп мамандар керек. Халық шаруашылығының жаңа басшы кадрларын, білімнің барлық салаларының мамандарын даярлаудың сапасы жоғары және орта дәрежелі арнаулы оқу орындары жұмысының дәрежесіне, олардың оқушыларды маркстік-лениндік теориямен және арнаулы білімдермен қандай дәрежеде қаруландыруына байланысты.

Партия мен үкмет жоғары білімді мамандар даярлау ісінде жоғары және орта дәрежелі арнаулы оқу орындарының қызметкерлеріне зор талаптар қояды. КПСС Орталық Комитетінің июль Пленумы ғылыми-зерттеу институттары мен жоғары оқу орындарының жұмысын күшейтіп, ғылым және оқу жұмысын жақсарту керек екенін атап көрсетті.

Қазақ республикасының басқа қалалары қатарында Семей қаласы да — көптеген оқу орындарының орталығы. Қазір онда 17 жоғары және орта дәрежелі арнаулы оқу орындары бар. Бұл оқу орындарында 10 мыңдай адам оқиды. Қаланың институттары мен техникумдарында 5 профессор, 56 доцент, 512 оқытушы және ассистенттер жұмыс істейді. Мұнда ауыл шаруашылығының, өнеркәсіптің, советтік сауданың, халық ағарту, денсаулық сақтау ісінің маман кадрлары даярланады. 1955 жылы Семейдің оқу орындары жоғары және орта білімді 1 539 маман, оның ішінде 318 мұғалім, 263 ауылшаруашылық мамандарын, ондаған сауда, жеңіл және тамақ өнеркәсіп қызметкерлерін даярлап шығарды.

Қаланың жоғары оқу орындары мен техникумдарының оқытушылар коллективтері оқу-тәрбие жұмысын жақсартып, белгілі бір нәтижелерге жетті: студенттердің сабақты үлгеруі артты, оқудың сапасы, тәртіп жақсарды, студенттердің қоғамдық белсенділігі күшейді. Көптеген студенттер марксизм-ленинизм негіздері, СССР тарихы, әдебиет, арнаулы пәндер бойынша өздерінің тұрақты, жақсы білім алғанын көрсетуде. 450 студент емтиханды түгелінен «өте жақсы» деген бағамен тапсырды.

Оқытудың сапасын — оқу-тәрбие жұмысының негізгі мәселесі деп таныған оқытушылардың көпшілігі өздерінің идеялық-саяси дәрежесін, педагогтік шеберлігін үнемі арттырып отырады, әрбір лекция мен семинарға мұқият әзірленіп, оларды идеялық жоғары дәрежеде өткізеді. Бұлардың лекцияларының тәрбиелік маңызы зор болып, студенттерге тұрақты білім береді. Педагогика институтының оқытушылары Павлов, Мыңжанов жолдастар, доцент Перелыгин жолдас, ет өнеркәсіп техникумынан Сафро жолдас және басқа көптеген оқытушылар осылайша қызмет атқарады.

Қаланың институттарында ғылыми-зерттеу жұмысы кеңінен жүргізіледі; 21 оқытушы докторлық диссертация, 39 оқытушы кандидаттық диссертация әзірлеуде.

Институттардың жоспарларында белгіленген ғылыми-зерттеу жұмыстары тақырыптарының көпшілігі — теориялық және практикалық маңызы зор мәселелерді шешуге бағытталған күрделі тақырыптар. Мәселен, зоотехникалық-малдәрігерлік институтында жоспарланған 38 ғылыми-зерт-

теу еңбектерінен 28 еңбек алғашқы рет әзірленуде. Бұл еңбектер мал шаруашылығын өркендету, оның өнімділігін арттыру, жемшөп базасын нығайту мәселелеріне арналған.

Жоғары оқу орындары мен техникумдар оқуында студенттердің ғылыми қоғамдары мен белгілі пәндер үйірмелерінің жұмысы көрнекті орын алады. Қаланың жоғары және орта дәрежелі оқу орындарында көптеген үйірмелер бар. Бұл үйірмелер студенттерді ғылыми-зерттеу жұмысына қатыстырып отырады. Мысалы, педагогика институтында студенттердің 11 ғылыми үйірмені біріктіретін ғылыми қоғамы жұмыс істейді. Қоғамның 359 мүшесі бар. Ғылыми үйірмелердегі жұмыс, жастарға коммунистік тәрбие беру және оларды оқыту мәселелерін творчестволықпен шеше алатын маман мұғалімді даярлауға көмектеседі.

Орыс әдебиеті үйірмесінің мүшелері әдебиет зерттеудің жеке маңызды проблемалары бойынша бірнеше қызықты еңбек жазды. Мұның өзі олардың келешектегі практикалық жұмысына көмектесетіні күмәнсіз. Математика үйірмесінде студенттер математикалық білімдердің даму тарихын, аса көрнекті математиктердің өмірі мен ғылыми қызметін үйренеді, жоғары математика курсы бойынша күрделі есептерді шығарады.

Институттың ботаника үйірмесінің мүшелері облыстық ауылшаруашылық көрмесіне белсеніп қатысты. Көрме комитеті үйірме мүшелерін бірінші дәрежелі дипломмен наградтады.

Ғылыми үйірмелердің жас кадрларды даярлаудағы маңызы аса зор. Бұл үйірмелердегі сабақ жастарды зерттеу жұмысына күштарландырады, олардың лекцияларда алған білімін тереңдетіп, баянды етеді, студенттердің творчестволық ойының өрістеуіне көмектеседі.

Болашақ мамандарды дүниеге маркстік көзқараспен қаруландыру ісінде жоғары оқу орындарының қоғамдық ғылымдар кафедралары маңызды роль атқаруға тиіс. XIX партия съезінің шешімдері, «КПСС-ке елу жыл» тезистері, КПСС Орталық Комитеті Пленумдарының қаулылары тәрбиелік маңызы аса зор көп материалдар береді. Партиялық документтер оқытушылардан лекцияларды мұқият әзірлеуді талап етті, олардың идеялық мазмұнын арттыруға, студенттердің марксизм-ленинизмді үйренудегі белсенділігін күшейтуге көмектесті. Педагогтер коллективтері студенттерді түп нұсқалар бойынша өздігінен жұмыс істеуге дағдыландыруда.

Мұнымен бірге қоғамдық ғылымдар кафедраларының жұмысында елеулі кемшіліктер бар. Зоотехникалық-малдәрігерлік институттың марксизм-ленинизм негіздері кафедрасы жұмысты нашар атқарады. Кафедраның мүшелері облыстық партия комитетінің сын ескертпелерінен тиісті қортынды шығармады, өздерінің жұмысын қайта құрмады. Кафедраның қызметкерлері өздерінің ғылыми-педагогтік дәрежесін арттырумен шұғылданбайды. Кандидаттық емтихандар тапсыру және диссертациялар әзірлеу жоспарын жеті оқытушының бірде-бірі орындамады. Бүкіл жыл бойына бір ғана ашық лекция ұйымдастырылды. Тұтасынан алғанда кафедра институттың қоғамдық тұрмысынан аулақ тұрды, басқа кафедралармен байланыс жасамады.

Мұндай кемшіліктерді жою керек. Қоғамдық ғылымдарды оқытуды жақсартып отырып, біз студенттердің саналылығын үнемі арттыра беруге тиістіміз. Марксизм-ленинизмнің ұлы идеялары совет адамдарының еңбегін рухтандырып, олардың саяси және өндірістік белсенділігін күшейтеді. Халқымыздың коммунизм орнату күресінде табысты болуы совет адамдарының жоғары саналылығына және идеялық шынығуына зор дәрежеде байланысты.

И. В. Сталин лениншілдің өзі сүйген ғылым саласының маманы болумен ғана қанағаттана алмайтынын көрсетті. Ол мұнымен бірге саясатшы-қоғам қызметкері болуға, өз елінің тағдырына күнбе-күн қамқорлық жасап отыруға, қоғамдық даму заңдарын білуге, бұл заңдарды пайда-

лана біліп, жаңа қоғамның белсенді құрылысы болуға тиіс. Біз оқу орындарында жәй ғана мамандарды — инженерлерді, агрономдарды, дәрігерлерді, педагогтарды, химиктерді, физиктерді және басқа мамандарды емес, ішкі және халықаралық тұрмыс мәселелерін айыра білетін, шаруашылық және мәдени құрылыстың аса маңызды учасоктерін басқара білетін қоғам қызметкерлері—мамандарды даярлайтын болуымыз керек.

Жоғарғы және орта дәрежелі оқу орындарына тұрақты ғылыми білімі, жоғары моральдық қасиеттері бар, жоғары білімді мамандарды тәрбиелеп өсіру міндеті жүктеліп отырғанын есте сақтау керек. Студенттерді советтік патриотизм, жоғары коммунистік саналылық рухында тәрбиелеу — педагогтер коллективтерінің негізгі міндеттерінің бірі.

Оқу орындарындағы саяси-тәрбие жұмысы оқытушылардың студенттермен үнемі араласып тұруын, жастардың тұрмысында педагогтердің ролін арттыруды керек қылады. Оқытушы өзінің шәкірттеріне тәрбиеші, үлгі болуға тиіс.

Семейдің оқу орындарында педагогтік қызметті тәрбие жұмысымен жақсы ұштастырып отыратын оқытушылар аз емес. Олар студенттерге саяси сабақтарды өткізуге көмектеседі, студенттердің басқосу кештеріне, жатақүйлеріне барып тұрады, жыйналыстарына қатысады, белгілі бір қоғамдық жұмыстарды қалайынша жақсы әзірлеп өткізу жайында кеңестер береді. Оқытушылардың студенттермен үнемі араласып тұруы нәтижесінде жастар мен олардың тәрбиешілері арасында күшті достық орнайды.

Алайда жоғары оқу орындары мен техникумдардың оқу-тәрбие жұмысында әлі де елеулі кемшіліктер бар. Қаланың кейбір оқу орындарында сабақтардың тұрақты кестесі жоқ, оқу жоспарлары орындалмайды, кейбір оқытушылар сабаққа нашар даярланады және оны төмен дәрежеде өткізеді, өздерінің іскерлік мамандығын, идеялық-саяси дәрежесін арттырып отырмайды.

Мәселен, Совхоздар министрлігінің ауылшаруашылық техникумында оның бұрынғы директоры Байзауров жолдас оқытушылардың лекцияларының сапасына көңіл қоймады. Оқу бөлімінің меңгерушісі Скоморохова жолдас та оқытудың сапасын жеткілікті бақыламады. Техникумда пән комиссияларының жұмысы нашар жолға қойылған. Бұл комиссиялар бүкіл оқу жылы бойына небәрі 6 мәжіліс өткізді, онда да тек кейбір методикалық мәселелерді қарап, жұмыс жоспарларын бекітті. Ал, оқулықтары да жоқ, программалары да жоқ бірқатар пәндердің бір ізге салынған методикасының болмауы себепті, оқытушылар көп қиыншылық көреді. Кейбір оқытушылар, оқу орындары басшыларының тиісті талап қоймауынан және бақыламауынан пайдаланып, сабаққа нашар әзірленеді.

Оқуды ұйымдастырудағы елеулі кемшіліктер автомобиль-жол техникумында да болып келеді. Оның басшылары оқытушылардың жұмысын нашар бақылайды. Техникумның директоры Қочнов жолдас бүкіл оқу жылы бойына бірде-бір сабаққа келген емес.

Зоотехникалық-мал дәрігерлік институтта өткен оқу жылында сабақтардың кестесі бірнеше рет өзгерді. Лекциялардың сапасын бақылау нашар ұйымдастырылды. Зоотехникалық-малдәрігерлік факультеттің методика комиссиясы оқу жылы бойына бірде-бір ашық лекция ұйымдастырмады, бірде-бір методикалық әдісті әзірлемеді. Бұл комиссия өзінің жұмысында емтихан өткізу жоспарларын бекітумен қанағаттанды.

Институттың ғылыми советі оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыруға аз көңіл бөлді. Бүкіл жыл бойына ол небәрі бір кафедраның жұмысы туралы есепті тындады. Ғылыми совет тәрбие және оқыту жұмысының проблемалық мәселелерімен мүлде шұғылданбады деуге болады. Педагогика институтында, жоспар бойынша, 1954 жылы 27 оқытушы кандидаттық емтихан беруге тиісті еді, іс жүзінде небәрі бес оқытушы емтихан тапсырды. Өздерінің педагогтік шеберлігін жетілдіруге, әрине, ең алдымен

оқытушылардың өздері қамқорлық жасауға тиіс. Алайда оқытушылардың мамандық білімін арттыру жұмысының нашар жолға қойылуына институттың дирекциясы, кафедралардың меңгерушілері, институттың партия ұйымы да айыпты, өйткені бұлар жоспардың орындалуын тиісінше бақылап отырмайды.

Қаланың бірсыпра институттарында оқытушылар студенттердің арасындағы тәрбие жұмысын нашар жүргізеді. Оқу орындарының басшылары оқытушылардың техникумдары, жоғары оқу орнындағы өз жұмысында тек лекциялар оқумен, сабақ өткізумен қанағаттанып, студенттердің тұрмысына мүлде көңіл бөлмеуіне көп уақытта төзіп отыра береді. Студенттер арасында және жеке студентпен тәрбие жұмысы әлі нашар жүргізіледі. Мұнда көркем әдебиет мүлде жеткіліксіз пайдаланылады, оқытушылар оның зор тәрбиелік маңызын ұмытқандай болады.

Студенттер арасындағы мәдени-бұқаралық жұмыстарда кемшіліктер мен олқылықтар әлі көп. Көркемөнерпаздар үйірмелері жұмысының жәйі нашар. Студенттерге арналған саяси, ғылыми-атеистік тақырыптардағы лекциялар, әдеби конференциялар әлі аз өткізіледі, студенттердің бас қосу кештері нашар ұйымдастырылады және қызықсыз өткізіледі. Жұмыстың аса пайдалы көптеген түрлері (саяси информация, жатақүйлерде әңгімелер өткізу, оқылған кітапты, жаңа кинофильмді немесе театр постановкасын талқылау және т. б.) пайдаланылмайды. Оқу орындарының кітапхана қызметкерлері бұқаралық жұмысқа аз қатыстырылады, олар әдетте өздерінің жұмысын тек кітап берумен тұжырады, оларда кітап оқушы студенттер арасындағы жұмыстың ешқандай жоспары болмайды.

Жатақүйлердегі студенттер арасындағы тәрбие жұмысының жолға қойылуы қанағаттанғысыз. Мұның салдарынан бейбастақтық, қоғамға жат қылықтар студенттер арасында әлі де көп кездеседі.

Жұмыстағы кемшіліктерді жою үшін бұл кемшіліктерді батыл ашып, сын мен өзара сынды күшейту керек. Әрбір оқытушы оқу-тәрбие жұмысының мәселелерін талқылауға белсене қатысып, басқа оқытушылардың жұмысындағы кемшіліктерді, сол сыяқты жоғары оқу орындары мен техникумдардың басшыларының қызметіндегі олқылықтарды батыл көрсетуге тиіс.

Кеңінен пікір алысу, іскерлік сын мен өзара сынды күшейту оқытушыларды лекциялар мен семинар сабақтарының сапасын арттыруға, студенттер мен оқушылар арасындағы тәрбие жұмысын күшейтуге жұмылдырады.

Институттар мен техникумдардың педагогтар коллективтері мен қоғамдық ұйымдары өздерінің алдына қойылған негізгі мақсатты орындауға—жан-жақты жетілген, идеялық шыныққан, коммунистік құрылыс міндеттерін ойдағыдай орындай алатын, жоғары білімді жас кадрлар даярлауға — өздерінің барлық күшін аянбай жұмсауға тиіс.

**Ә. ҚАНАПИН.**

## Майданда әрбір адам жауынгер

(Очерк)

19-шахта Қарағанды бассейніндегі ең атакты шахталардың санына қосылмайды. Оның көптеген көршілері әрі зор, әрі даңқты, әрі сәулетті. Ал бұл шахта өзінің ұзақ өмірі бойына көбінесе орташалар қатарында болып келді. Тек соңғы екі-үш жылдың ішінде ғана онда үлкен өзгеріс жасалды.

Бұл шахтаның тарихы үлкенді-кішілі екі дәуірге бөлінді. Біріншісі— жобаланған қуатты менгеру дәуірі — жыйырма жылға созылды; екіншісі — көмір шығару жобада белгіленген, тәулігіне 850 тоннадан асқан дәуір — соңғы екі жыл.

19-шахта бассейні озаттарының тізімінде барған сайын жиі көріне бастады. Қазірдің өзінде оның конторында бірнеше Қызыл ту сақтаулы. Шахта қазір «Ленинуголь» тресінде бірінші орын алады, оның кеншілері быйылғы жылдың онбір айы ішінде жоспардан тыс 33 эшелон отын берді. Қарағандының Жаңа қаладан Ескі қалаға баратын жол бойындағы бөлегінде болған адамдар № 19 шахтаның мұнарасындағы алыстан жарқырап көрінетін жұлдызды есте қалдырған болар.

Шахтаның коллективі бұл табыстарға жеткенге дейін зор және ауыр күрестің даңқты жолын өтті.

\* \*

Ауыр 1942-ші жылдың көктемі еді, онақты жастағы Федорға оның көршісі, проходчик Тимофей Романович Вышлов келіп, былай деді:

— Сенің кенші болатын уақытың жетті, Федя... Жүр, кеттік!

Солай деді де, оны 19-шахтаға бастап жүрді. Тимофей Романович алда, оның соңында, поселкадағы белгілі көгіршін ұшырушы мығым денелі жасөспірім еркін ірі атап келе жатты.

Ал бірнеше айдан кейін проходчиктің көмекшісі Федор Руденко жүзіне жетпестей кішкене, бірақ терен таңба түсірді: көмірдің өткір түйірі мұрнының қырына қатты соғып, тері астында жойылмайтын қара дақ қалдырды. Бұл оқиға Федорды мұнан былай сақ болуға үйретті, бірақ оның мінезіндегі батылдыққа, оның шахтерлік қыйын мамандықты сүйетіндігіне ешқандай әсер етпеді.

Шахтерлер жігерлі, отты қызметкерлерді жақсы көреді. Федор нақ осындай жігіт — жұмыста оттай жанатын, наряд бөлмесінде алғыр, дауласа қалғанда өткір болды. Сол себепті де, жетіжылдық білімі бар, бұл қабілетті проходчикті, көп ұзамай кен техникумына оқуға жіберді. Ол өзінің туған шахтасына дипломмен қайтты. Қездейсоқ келгендей (бос орын болғандықтан) оны нормалау бөліміне жұмысқа жіберді. Дау жоқ, бұл жұмыс әрі қажетті, әрі техникалық сауаттылықты керек қылады. Нормировщик болу алғашқы кезде Федорға қызықты көрінді. Бірақ біраз уақыт өткеннен кейін тым тыныш, тым кеңселік жұмыс оны жалық тыра бастады. Сол себепті де, жер астындағы жұмыс учасоктерін коммунистермен нығайту туралы сөз болғанда ол еш бөгелместен, партия ұйымының ашық жыйналысының трибунасынан өзінің ойындағысын айтты:

— Менің орныма егделеу, сауатты адам табылар, мен қайтадан шахтаға түсемін.

Сөйтіп ол шахтадағы таңдаулы I-учасоктің кен мастери болды. Участок циклмен жұмыс істеп, жоспарды үнемі асыра орындап отырды,



Федор Руденко да даққа шықты. Бірақ іргелес 2-участок шахтаны кері тарта берді.

Партия бюросының секретары Александр Петрович Поляков, егде адам және тәжірибелі партия қызметкері, бір күні Федор Ивановичті шақырып алды да, онымен участоктің жұмысы туралы ұзақ әңгімелесті. Секретарьдың әңгімені неге бастап отырғанын Руденко бірден түсіне қоймады. Поляков кенет сұрақ қойды:

— Қалай, жұмысың қыйын емес пе?

Руденко екіжақтылау жауап берді:

— Қыйын кездері де болады, Александр Петрович. Ал жалпы алғанда жұмыс жаман емес.

Мұнан кейін секретарь Федор Ивановичке партбюроның оны 2-участокке көшіруге ұйғарғанын турасынан айтты.

Бұл ұсыныс әуелі Руденконы біраз абыржытқандай болды. Бірақ контордан шыққанда онда ешбір қобалжу жоқ еді. Ал мұнда, жасыратыны жоқ, ол тіпті қатты састы. Алдыңғы қатарлы участоктен артта қалған участкаға бару көп нәрседен айрылу, машақатты көбейту, жоспарды асыра орындағаны үшін алып тұратын сыйлықтан енді құр қалу болатын сыяқты.

— Қандай кінәм үшін, Александр Петрович? — деп сұрады ол жәйімен басын көтеріп.

— Кінәң үшін емес, Федор, сенің алғыр, озат болғаның үшін. Сенін онда партия жолын бұлжытпай жүргізіп, көмір өнімін арттырып, адамдарды тәрбиелеуің керек болады. Ал онда жұмыстың қыйынырақ болатынын, алғашқы кезде табыстың да кемітінін, меніңше, сен өзің де жақсы түсінетін боларсың.

Секретарьдың бұл сабырлылықпен тура айтқан сөздері Руденконың қытығына тиді. Қалайынша ол, коммунист бола тұрып, тек өзінің қамын ойлар?

— Сен, Александр Петрович, мені зәбірлеме, біз бір-бірімізді білеміз ғой...

Екінші участок шынында да оңай соқпады. Онда еңбек тәртібі де, технологиялық тәртіп те аттаған сайын бұзылып келген. Участокте кеншілер өздерінің наряд сайын сөгіс есітуіне әбден көндігіп, күйінгендікпен біздің пешенемізге жазғаны сол дейтін болған. Демек, мұнда қаншама тырыссаңда, істің бәрі бұрынғысына қала береді. Цикл — басқалар үшін, сыйлық — басқалар үшін, ал біздер белгілі — артта қалғандармыз.

Кен мастері болғандықтан Федор Иванович өзінің барлық назарын технологиялық тәртіпке аударды. Коммунист болғандықтан, адамдарға зер салып, жақын араласты.

Руденко мен Поляковтың пікірлері бір жерден шықты: участокте партиялық топ ұйымдастырып, бытыраған күштерді топтастыру, әрбір коммунистің жауаптылығын күшейту керек болды.

Участокте коммунистер аз — небәрі бес адам еді. Участоктің үлкен коллективіне — жетпіс жұмысшыға — бес коммунист. Бірақ бұл бесеудің қатарында құрметті шахтерлер Қамаев пен Баймағамбетов, комбайншының тандаулы көмекшісі, кенші Құлмахан Минуаров болды.

Партиялық топтың бірінші жыйналысында Руденко парторг болып сайланды. Жыйналысты жабарда шахтаның партия бюросының секретары Поляков, өзі жақында оқыған повестің бір геройының сөздерін келтірді:

— Бұрын «Майданда жалғыз адам жауынгер емес» деген мақал болатын. Бірақ бұл мақал біздерге, коммунистерге, тиімсіз. Бізде әрбір адам жауынгер. Комбайн бригадасында бір ғана коммунист жұмыс істесін. Әрі партиялық жолды жүзеге асыру үшін күресу, әрі басқалардың бәріне үлгі болу оның міндеті ғой. Ал саған, Руденко жолдас, ең үлкен талап қойылады. Сен — партиялық топтың ұйымдастырушысысың. Және де мұны бір минутқа да ұмытпауға тиістісің.

Алғашқы кезде участкада көмір шығаруды арттыру күресінде істің бәрі түгел ойдағыдай бола бермеді.

Участоктің коммунистері де, шахтаның басшылары да екі жас инженерден, участок бастығының көмекшілері — Талапкеров пен Уалидовтан зор үміт күтті. Олар жаңа ғана институтты бітіріп, Алматыдан келген еді. Олардың барлық мүмкіндіктері бар — әрі жас, әрі білімді, өздерінің күштерін пайдалануға кең өріс бар еді. Шахта жас мамандарды қандай күтті, енді қандай баға береді! Бірақ Талапкеров пен Уалидов өзімшіл, жалқау жастар болып шықты. Олар, өздерінің айтуынша, Қарағандыға нағыз маман болу үшін емес, «практиктерге арнап ғылыми еңбектер жазу үшін» келген.

Руденко оларға әсер етпек, оларды «қайта тәрбиелемек» болды. Ол кітаптар мен журналдарда мектеп бітіріп, еңбек майданына келген жастардың қалай өзгертінін оқыған еді. Бірақ өмірде көп нәрселер күндері ойластырған схемаға бағына қоймайды. Талапкеров пен Уалидов, турасынан айтқанда, қашып кетті. Участоктің бастығы практик Саратовқа, кен мастерлері Руденко мен Байдашевке технологиялық тәртіп пен еңбек тәртібін ол жас «мамандардың» көмегінсіз, жолға қоюға тура келді. Еңбек тәртібі нашарлаған еді. Бригадаларда көп уақытта озат кеншілер емес, қайдағы жалқаулар үстемдік жүргізетін еді.

Руденко және партиялық топтағы басқа коммунистер тәртіптіліктің, қажырлылықтың үлгісін өздері көрсетуге тырысты, мұнымен бірге ең артта қалған жұмысшыларды өздерінің ықпалына тартты.

— Жалқаулармен әлектену менің ісім бе, осы? — дейтін кейде өзіне өзі Федор Иванович. — Онан да бұларға әкімшілік жолмен әсер ету оңай емес пе? Жоқ, бұл оңай болғанмен, нәтиже бермейді. Сендіру, қажет болса, ұялту керек, бірақ адамға коллективтен өзінің лайықты орнын алуға көмектесу керек.

Участоктің бастығы Саратов, неге екені белгісіз, участкада «Митя» деп аталатын тасшы Қожахметовтен құтылғысы келді. Митя тас қалауға кіріссе, кішкене «қабырға» қалағаннан кейін, отырып алып май мен нан соғады, біраз тынығады да, жоғарыға тайып отырады. Митя үшін норма да заң емес, тәртіп те заң емес. Оған не істерсің?

Руденко Қожахметовтен құтылу әлі ерте деп ұйғарды. Ол жас кеншіні байқай жүріп, забойда да, парядта да онымен әңгімелесті. Оның тұрмыс жәйінің түзелмегенін білді. Оның даурықпа, жасанды мінезінің аржағында жайдары жолдастық, ақжарқын сипаттарын көрді.

Нақ сол күндерде, участок бастығы Қожахметовты енді жұмыстан шығармақ болған кезде, партиялық топтың бастауымен комплексті бригада құрылды. Онда, Руденконың өтініші бойынша, тәртіп бұзар тасшыға да орын табылды. Әркім коллектив алдында жауап беретін комплексті бригадада Қожахметовке толық жұмыс күні бойына жұмыс істеуге тура келді. Сенім және жауаптылық жардайы оған ойда жоқта жақсы әсер етті: өндірістің берекесін кетіруші Қожахметов бригададағы таңдаулы жұмысшылардың бірі болды. Шахтаға да, өзіне де өкпелі болып жүрген адам енді өзіне өзі сенімді болып, көңілденіп кетті, көп табыс таба бастады.

Бір кезде қыдырымпаздығы үшін сотталған тасымалшы Владимир Панкратов та сондай өзгерді.

Руденконың участкаға келуінің алғашқы күндерінде Панкратов дөкірлік көрсетті, жанжал шығарды, жұмысты салақ атқарды, конвейер жолын бұзды. Оның мінезінде бір торыққандық, қапалық байқалатын. Федор Иванович оған неғұрлым жақындап, зер салып жүрді. Оның семьясында көңілсіздіктер болғанын есіткеннен кейін, бір күні кезін келтіріп үйіне барды, оның әйелі — жас лебедкашымен танысып, онымен достарша әңгімелесті.

— Володя капаланады, — деді оның әйелі парторгке, — оның жаны жайдары, бірақ атағы жамаң.

Бұл келуінен кейін Руденконың күмәні жойылды. Ол Панкратовқа текке келген жоқ. Демек, парторгтің кейде семьямен де танысып, адамды жан-жақты көріп білуі қажет.

...Руденко учасокте тасымалшылардың жарысын ұйымдастыра жүріп, бір кезі келгенде былай деді:

— Мен, Панкратов та конвейер тасымалының шебері бола алар еді деп ойлаймын. Кім біледі, сіздердің кейбіреулеріңіздің онан үйренуіңе тура келіп жүрмесін.

Панкратов қатты ұялды, бетінің қызарғаны көмір шаңынан да көрініп тұрды. Сменадан кейін осы әңгіме болған наряд бөлмесінде біреулер мырс күліп жіберді. Панкратов мұны естімегенсіді, ал бөлмеден шыққаннан кейін ол Руденконың жанына келіп, жай ғана алғыс айтты:

— Рахмет саған, жақсы сөзің үшін, Федя... Актармын.

Шынында да ол коммунистің үмітін ақтады. Панкратов конвейердің таңдаулы тасымалшысы болды, ал шахтадағы 2-участоктің барлық тасымалшыларын, жұмыстағы шапшаңдығы және қажырлылығы үшін, «көңілді балалар» деп атайтын болды.

Партияда жоқ кемшілерге үнемі көңіл бөліп, олардың өсуіне қамқорлық жасау, жарыстағы жігерін өршіте білу Руденкоға және оның партиялық жұмыстағы жолдастарына учасоктің коллективін алға бастауға көмектесті.

КПСС Орталық Комитеті июль Пленумының «Өнеркәсіпті онан әрі өрге бастыру, техникалық прогресс және өндірістің ұйымдастырылуын жақсарту міндеттері туралы» қаулысы 19-шахтаның коммунистері алдында жана өріс ашты.

Бір күні Федор Иванович партиялық топты жыйнады.

— Келіндер, әуелі өздеріміз оқып, пікір алысайық, сонан кейін бүкіл учасокте талқылармыз. Мен қызық газет әкелдім.

Сөйтіп, коммунистер «Комплексті ұштасқан бригадалар» деген мақаланы оқыды. Онда барлық өндірістік процестердің — тас қалау, лаваны бекіту, ою, ағаш әкелу жұмыстарының бір комплекске бағындырылатыны айтылған. Мақала учасоктегі кемшіліктерді айқын көруге көмектесті.

Тасшылар бұрын наряд бөлмесінде отырып, жұмыс циклі аяқталғаннан кейін өздерінің шақырылуын күтетін. Мұндай күту әдетте ұзаққа созылатын. Жұмыста да емес, үйде де емес! Бірақ бірнеше сағат жұмыстың өзінде де тасшылардың еңбек өнімділігі жоғары болмайтын.

Партиялық топтың барлық мүшелері пікір алысқаннан кейін ұштасқан комплексті бригадалар сенімді толық ақтайды деген тоқтамға келді. Тасшылардың бытыраңқылығы жойылады, коллектив неғұрлым тығыз топтасады, еңбек өнімділігі артады.

Алайда партиялық топ өзінің бұл игі ниетін бірден жүзеге асыра алған жоқ. Участоктің коллективі де, шахтаның партия ұйымы да қолдай тұрса да, коммунистер трест пен «Қарагандауголь» комбинаты қызметкерлерінің қарсылығына кездесті.

Федор Иванович комплексті бригадалардың артықшылығын цифрлармен және фактілермен талай дәлелдеп көрді. Жұбауратқан сөздерді талай естіді:

— Ол дұрыс қой, бірақ күте тұрғанымыз жақсы болар.

Бірақ ол, шахтерлер коллективі жұмыла қостаған сенімінен айрылмады. Сондықтан да, жаңашылдық бастама кешікпей-ақ өзінің жемісін берді.

— Біздер осы қанша адамбыз, деп сұрақ қойды, Руденко қалжындап — учасокте небәрі 5 коммунист дейсіз бе?

Бұған оның өзі жауап берді:

— Жок, әрбір адам жауынгер болып отырғанда, біз зор күшпіз.

Шахта коммунистерінің, учасоктердегі партиялық топтардың күннен-күнге, айдан-айға жүргізіп отырған қажырлы қызметі тек комплексті бригадалар құруға ғана әсер етіп қойған жоқ. Әзірлік жұмыстарын тездетуге де, ішкі транспортта тәртіп орнатуға да көп күш жұмсалды. Жыйналыстарда бұл туралы үлкен әңгіме болды. Шахтаның басшылары, ертеңгі күнді көре білмегені үшін, келешекті ойлай білмегені үшін, талай сыналды.

Екінші учасокте көмір шығару шапшаң өрледі. Он айдың ішінде учасок жоспардан тыс 13 562 тонна көмір берді. Шахтаның партия ұйымы учасоктегі жұмыстың нашар жүргізілуінің себептерін жақында ғана талқылаған жоқ па еді? Федор Иванович жақында ғана партия бюросында тәртіптің нашарлығын, технологиялық ережелердің бұзылуын қысылғандықпен өзі айтқан жоқ па еді?

Руденко әрбір жұмысшыға көңіл бөлуді, оның тәрбиесіне, өсуіне қамқорлық жасауды, оның тұрмысын егжей-тегжейлеп біліп отыруды — өзінің басты міндеттерінің бірі деп орынды таныды. Шахтер газет оқымай, радио тындай ма, оның балалары жақсы оқымай — Федор Иванович мұның бәрін білуге күштар болып отырды. Ал шахтер жұмысты жақсы істей ме, өз бригадасының абыройына кір келтірмей ме? — бұл Руденконың көңіл бөлетін ең басты мәселесі болды.

Комбайншының көмекшісі Құлмақан Минуаровты алайық. Ол комбайнмен көмір шығарудың жетік шебері, норманы әрдайым дерлік асырып орындайды. Бірақ жыйналыстарда оның дауысы сирек естіледі.

Руденконың мұның қалай дегеніне Минуаров қысқаша жауап береді.

— Менің басты міндетім — көмір шығару.

— Дұрыс айтасың, Құлмақан, басты міндетіміз — көмір шығару.

Федор Иванович біраз ойланып тұрады да:

— Қелелі сөз де көмірмен тең ғой. Сенің жақсы кенші екенінді жұрттың бәрі біледі, сондықтан сенің сөзіңе құлақ қояды. Сен үгітші болуың керек. Саған жүктелетін партиялық тапсырма осы, — деді.

Құлмақан Минуаров Руденконың ұсынысына өзіне біткен адалдықпен қарады. Ол қойын дәптер сатып алып, учасоктің, комбайн бригадасының, жеке кеншілердің жұмыстағы көрсеткіштерін жазып жүретін болды. Наряд бөлмесіндегі кенестерде өз талаптарын айтып қана қоймай, коллективтің жұмысына баға беретін болды. Құлмақан артта қалған жұмысшылармен достарша әңгімелесті, біреулерін ұялтты, біреулеріне ақылын айтты, басқаларының қатесін түзетіп отырды. Минуаровтың бір кездегі тұйықтығы жойылып, онда өзі үшін, сол сыяқты басқалар үшін жауаптылық сезім туды. Соңғы айларда ол нағыз қоғам қызметкері болып алды. Әрі тәжірибелі үгітші, әрі қажырлы кенші.

...19-шахтаның коммунистері социалистік жарыстың, техникалық прогрестің, көмір шығаруды өрге бастыру жолындағы күрестің ұйымдастырушысы болып осылайша жұмыс істейді.

Шахтерлер коллективі Коммунистік партияның XX съезі құрметіне көмір шығаруды оған әрі арттыруға ұйғарды. Екі учасоктің міндеттемелерінен шыққан жыйынды цифр: тәулігіне 1 160 тонна. Ал шахтаның жұмыс өнімділігі жыйырма жыл бойына 850 тоннадан аспаған еді. Демек, кеншілерге көп жұмыс істеуге тура келді, шахтаның коммунистері барлық жұмысшылармен және инженерлермен бірге көмір шығаруды арттыру жолдарын шыдамдылықпен іздеп, жанашылдардың бастамаларын қызу жақтағанда, текке еңбек етпеді. «Замечательный» көмір қабатының тереңінен жер бетіне шығарылып жатқан көмір тасқынында олардың да батыл бастамаларының мол сыбағасы бар.

**А. БРАГИН.**

**«ҚАЗАҚСТАН КОММУНИСТІ» ЖУРНАЛЫНДА 1955 ЖЫЛЫ  
ЖАРИЯЛАНҒАН МАҚАЛАЛАР МЕН МАТЕРИАЛДАРДЫҢ**

**ТІЗІМІ**

	№	Бет.
ҚПСС ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ ЖАНЫНДАҒЫ МАРКС— ЭНГЕЛЬС—ЛЕНИН—СТАЛИН ИНСТИТУТЫНЫҢ МАТЕ- РИАЛДАРЫ		
В. И. Лениннің жаңа мақалалары	5	8—24
<b>БАС МАҚАЛАЛАР МЕН РЕДАКЦИЯЛЫҚ МАҚАЛАЛАР</b>		
Лениннің ісі өмір сүріп, жеңуде	1	1
Еңбекшілер депутаттарының Советтерін сайлау маңызды саяси науқан	2	1
Партия мен халықтың ауыл шаруашылығы саласындағы ен- шұғыл міндеті	2	7
Совхоздардың жұмысы үлгілі және мол өнімді болсын	3	1
Коммунизм жолындағы күрестің ұлы туы	4	1
Баспасөздің идеялық дәрежесі мен ұйымдастырушылық ролі арттырылсын	5	2
Бесінші бесжылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындайық	6	1
Еліміздің экономикасын оған әрі өрге бастыру күресінің про- граммасы	7	1
Бұқараның творчестволық инициативасын барынша дамыта берейік	7	8
Орталық Комитетінің июль Пленумының шешімдерін орындауға барлық күшті жұмсайық	8	1
Бейбітшілік ісіне зор үлес	8	10
ҚПСС XX съезінің құрметіндегі социалистік жарыс кең өріс- тетілсін	9	1
Партия оқу жүйесіндегі жаңа оқу жылы	9	8
Ұлы Октябрьдің ісі жеңе береді	10	1
Кемшіліктермен күресудегі қуатты қару	11	1
Кәсіподақтар жұмысының дәрежесі жоғары болсын	11	8
Қазақстан Коммунистік партиясының VIII съезі	12	1

**МАҚАЛАЛАР**

Ахметов К., Дикаревич Т. — Түсті металлургия өнімдерінің тү- сер құнын кемітудің резервтері	7	21
Баишев С., Елкин Ф. — В. И. Ленин коммунизм құрылысының негізгі мәселелері туралы	4	9
Бектұров А. — Қазақстанның химия өнеркәсібін өркендетудің келешегі	12	28
Бельсон Я. — Осы күнгі буржуазиялық парламентаризмнің аз- ғындауы	2	36
Биндер М. — Жергілікті Советтердің ұйымдастыру-көпшілік жұмыстарының дәрежесі жоғары болсын	8	40
Бияшев Ғ. — Табиғатты өзгертуші ұлы ғалым	10	14
Боярский Ф., Иоффе С. — Көмір шығаруды арттырудың резервтері	6	15
Борамбаев Ғ., Пахмурный П. — Большевиктер партиясы — бірінші орыс революциясындағы бірден-бір марксистік ұйымдастырушы күш	5	25

	№	Бет
Бутин М. — Ауыл шаруашылығында еңбек өнімділігі арттырыла берілсін	9	28
Гороховодатский И. — 1905 жылғы 9 январь — бірінші орыс революциясының басталған күні	1	19
Громыко Л. — Қытай Халық Республикасындағы мемлекеттік капитализм туралы	12	32
Дахшлейгер Г. — Бірінші орыс революциясы дәуірінде Қазақстандағы жұмысшы қозғалысының тарихынан	8	16
Двоскин Б. — Қазақстанды экономикалық аудандарға бөлу туралы	12	20
Жандильдин Н. — Ленинизмнің халықаралық маңызы	4	24
Елагин Н. — Теміржол транспортын оған әрі өркендете берейік	8	31
Елеманов А. — Қазақстанның мал шаруашылығын өркендетудің маңызды мәселелері	10	19
Имашев М. — Еңбекшілер депутаттарының Советі — СССР-дың саяси негізі	2	23
Қайыргельдин А. — Ұлы кесемнің өмірі мен қызметінің шежресі	6	7
Калистратов Н. — Бірінші орыс революциясы және Азия халықтарының ұлт-азаттық қозғалысының өрлеуі	11	13
Кәрібжанов Ф. — КПСС Орталық Комитеті январь Пленумының шешімдері бұлжытылмай жүзеге асырылсын	3	7
Кенжебаев С. — Село комсомол ұйымдарында саяси және ұйымдастыру жұмыстарының дәрежесін арттыра берейік	1	42
Кияница А. — В. И. Ленин бірінші орыс революциясы туралы	7	13
Ковальский С. — Екі системаның қатар өмір сүруі туралы	1	28
Котов К. — Коммунистік партияның Советтік мемлекеттік аппаратты нығайта беру жолындағы күресі	3	37
Курова К. — Коммунизмнің жыршысы	4	31
Мельник Г. — МТС-тердің жұмысы жаңа міндеттердің дәрежесіне сай болсын	7	27
Морозов А. — Қолхоздарды басшы кадрлармен нығайта берейік	5	43
Нейштадт С. — Ауыр индустрия — социалистік экономиканың негізі	3	17
Пак Ир П. — Өшпес мұра	10	8
Плашевский Ю. — Индия халқы колониализмге қарсы, бейбітшілік жолындағы күресте	7	32
Покровский С. — Қазақстанда социалистік революцияның тарихи заңдылығы туралы	3	26
Пуриц В. — Бір кәсіпорынның резервтері	8	35
Розенталь Ю. — Циклдік график барлық лабаларға енгізілсін	9	23
Сәтбаев Қ. — Қазақстанның өндіргіш күштерін оған әрі дамытудың кейбір мәселелері	9	14
Сафранков К. — Ленин — Совет мемлекетінің орнатушысы	1	11
Тәжібаев Л. — Қазақстанның су қорлары толық пайдаланылсын	6	21
Тәжібаев Т. — Совет Одағы мен Қытай халқының мызғымас достығы	2	30
Толыбеков С., Рахлис Л. — Маркс пен Энгельстің қоғамдық-саяси жұмысының алғашқы дәуірі	5	35
Өтебаев С. — Жаңа техника мен озат технология мұнай шығару жұмысына кеңінен енгізілсін	8	25
Өтегенов Ш. — Вьетнам Демократиялық Республикасы жаңа өмір орнатуда	9	38
Федюкин С. — Дүние жүзінде халықтары атом қуатына тыйым салуды батыл талап етуде	4	24
Федюкин С. — Бірінші орыс революциясының бүкіл дүниежүзілік тарихи маңызы	12	12

	№	Бет.
Черняк В. — Марксизм-ленинизмнің творчестволық сыйпаты . . . . .	2	14
Чокия Ш. — Қазақстанның энергетикасын дамытудың жолдары . . . . .	11	21
Шамжанова Р. — Советтік Қазақстанның халықаралық мәдени байланысы . . . . .	9	33
Шауқенбаев Т. — Жергілікті ресурстар толық пайдаланылсын . . . . .	1	35
Явюс Н. — Еуропалық халық демократия елдерінің экономиканы өркендетудегі табыстары . . . . .	5	26

### ЛЕКЦИЯЛАР МЕН КОНСУЛЬТАЦИЯЛАР

Глебов С. — Капитализмге дейінгі формациялардың негізгі экономикалық заңдары . . . . .	2	42
Елкин Ф. — Империализмнің тарихи орны . . . . .	8	44
Мұсабаева Н. — Диалектикалық материализм сезімдік және рационалдық білім туралы . . . . .	7	47
Петрова С. — Қосымша құн туралы ілім — маркстік экономикалық теорияның ірге тасы . . . . .	6	32
Плотников А. — Материалдық өндіріс саласында қоғамдық еңбектің үлесін арттыру көздері . . . . .	7	39
Пономаренко Н. — Шаруашылық есеп — социалистік шаруашылықты жүргізудің негізгі әдісі . . . . .	11	41
Төленов Ж. — Заң ұғымы — материалистік диалектиканың аса маңызды категориясы . . . . .	6	40
Цекон И. — Материалистік диалектиканың негізгі категориялары . . . . .	1	49

### ПАРТИЯ ТҮРМЫСЫ

Андреев Е. — Қолхоз партия ұйымдарының ұйымдастыру жұмыстарының дәрежесі жоғары болсын . . . . .	4	37
Андреев Е. — Аудандық комитет және жаңа совхоздардың партия ұйымдары . . . . .	11	27
Асқаров А. — ұйымдастыру жұмысы — табыстың кепілі . . . . .	9	49
Ахмадеев Н. — Түрксіб коммунистері өздерінің теориялық білімін арттыруда . . . . .	12	41
Байғожин К. — Кадрлардың экономикалық білім алуы . . . . .	2	50
Белов А. — Озат тәжірибе ауылшаруашылық өндірісіне кепінен енгізілсін . . . . .	6	51
Берлин Д. — Қолхозды деревнядағы көпшілік-саясат жұмысы . . . . .	3	47
Дубовицкий С. — Көпшілік-саясат жұмысының жаңа формасы . . . . .	10	37
Ефимов П. — Техникалық прогресс үшін күрес жолында . . . . .	7	54
Ефремкин М. — Саяси және ғылыми білімдерді таратудың сапасы арттырылсын . . . . .	6	47
Жандосов Ж. — Еңбекшілер арасындағы бұқаралық-саяси жұмыс . . . . .	9	43
Иманалиев В. — Бастауыш партия ұйымдарының ролі мен белсенділігі арттырылсын . . . . .	12	38
Кавешников Н. — Бұқараның творчестволық белсенділігі және өндірістің резервтері . . . . .	5	52
Калюта П., Колесников П. — партия басшылығының стилі мен әдістерін жетілдіре беру керек . . . . .	3	43
Кривошеев С. — Аудандық партия комитетінің штаттан тыс лекторлар тобы . . . . .	7	58
Морозов Е. — Социалистік қала колхозды деревняға көмек көрсетуде . . . . .	6	55
Новиков Н. — Партия органдарының есеп беруі және сайлауы . . . . .	10	28
Плетнева Л. — Партиялық оқу органдарында оқу жылы ұйымшылдықпен аяқталсын . . . . .	5	55
Рогинец М. — Барлық резервтерді іске қосамыз . . . . .	5	48

	№	Бет.
Технологияны жетілдіре, техниканы дамыта, өндірісті ұйымдас- тыруды жақсартып берейік (Қазақстан ҚП обкомдары мен қалалық комитеттерінің пленумдарынан, партия активтерінің жыйналыстарынан)	10	23
Тананайский И. — Партия ұйымы және техникалық прогресс	10	33
Тимохович Б. — Ғылыми-зерттеу мекемелерінің партия ұйымы	11	31
Чалов Н. — Совхоз әкімшілігінің жұмысын бақылау правосы	3	51
Чижов А. — Механизаторлар арасындағы партия-саясат жұмысы	2	54

#### БҮГІНГІ КҮННІҢ ТАҚЫРЫБЫНА

Копылов Г. — Оқушыларды семьяда тәрбиелеу	11	35
Қиселев И. — Сауда жүйесіндегі ұрлыққа қарсы күрес кү- шейтілсін	12	44
Решетников Ф. — Халыққа аяқ киімді көп берейік	11	38
Розманов М. — Көпшілікті тамақтандыруға қамқорлық күшей- тілсін	10	42
Совхоздардағы құрылыс жұмыстары	10	39

#### ЖЕРГІЛІКТІ БАСПАСӨЗГЕ ШОЛУ

Волина Е., Спиваков И. — «Үгітші блокнотының» арнаулы номер- лері	8	52
Жовтис А. — «Советский Казахстан» журналындағы публицистика	11	48
Исмағұлов Ж., Черкесов В. — Облыстық газеттегі әдебиет сыны және библиография	4	42
Металл және газет	5	59
Өнеркәсіп жаңашылдарының тәжірибесі кеңінен таратылып, өн- діріске қажырлылықпен енгізілсін	9	53
Синельников В. — Газеттегі хабар	10	46

#### ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ИСКУССТВО

Нұрмаханов Қ. — Қазақтың жас ақындарының творчествосы	11	53
---	----	----

#### ОҚУШЫЛАРДЫҢ СҰРАҚТАРЫНА ЖАУАП

Михайлович Я. — Парламенттер арасындағы байланысты дамыту суралы	10	51
Туғанбаев А. — Бағдад пакті дегеніміз не?	12	48
Фурсов В. — Жер бетінде тіршілік қалай пайда болды	4	47

#### ХАТТАР МЕН КОРРЕСПОНДЕНЦИЯЛАР

Болучевский И. — Малшаруашылық фермаларында адамдар неге жетіспейді?	11	57
Брагин А. — Майданда әрбір адам жауынгер (очерк)	12	55
Каналин Ә. — Мамандарды даярлау жақсартылсын	12	51
Петухов Р. — Бір заводтағы өндірісті және жоспарлау жұмысын ұйымдастыру	10	58
Шаймұханов Д. — Қарағандының комсомолецтері өнеркәсіпті өркендету күресінде	10	56

#### СЫН ЖӘНЕ БИБЛИОГРАФИЯ

Ғабдуллин Б. — Абай шығармаларының толық құнды аудармасы берілсін	1	61
Галочкин И. — Мал шаруашылығы озаттарының тәжірибесі іске жетіктікпен насихатталсын	3	56



	№	Бет
Дориновский Ф. — Колхоз партия ұйымының көршілік-саясат жұмысы	1	57
Елеуов Т. — Орыс халқы мен қазақ халқының мызғымас достығы	6	58
Зверев Н. — Үлкен тақырыпқа лайықты шығарманы күтеміз	8	57
Иванов А. — Қітапта және іс жүзінде	6	61
Котельников В. — Кәсіпорындағы көршілік-саясат жұмысы	4	56
Ларин В. — Ильичтің мәңгі жасайтын бейнесі	4	53
Марков Р. — Совет халқының еңбектегі ерлігі	2	62
Николаев Г. — Африка күресуде	11	59
Рахимов Х. — «Орысша-қазақша сөздіктегі» елеулі кемшіліктер мен қателер	7	61
Самсонова Р. — Түркия-түріктің көзімен	3	59
Степаненко Г., Шехтерман Е. — Совет мемлекетінің қызметін зерттеудегі былыққа және жауапсыздыққа қарсы	9	58
Чугай А. — Совет халқының әл-ауқатының өсуі	3	54
Шахматов В. — Қазақстан туралы тарихи роман	2	57
Россияда 1905 — 1907 жылдары болған революция туралы әдебиеттердің қысқаша көрсеткіші	3	62
СССР-да ауыр индустрияны дамыту мәселесі жөніндегі әдебиеттердің қысқаша көрсеткіші	4	60
«Қазақстан Коммунисті» журналында 1955 жылы жарияланған мақалалар мен материалдардың тізімі	12	60

## „Қазақстан коммунистінің“ материалдары бойынша

### «СОВЕТ МЕМЛЕКЕТІНІҢ ҚЫЗМЕТІН ЗЕРТТЕУДЕГІ БЫЛЫҚҚА ЖӘНЕ ЖАУАПСЫЗДЫҚҚА ҚАРСЫ»

Қазақ мемлекеттік баспасының директоры Өржанов жолдас редакцияға мынаны хабарлады: Ж. Туленовтың «Совет мемлекеті — социалистік меншікті ақтаудың басты құралы» деген кітабы туралы «Қазақстан Коммунисті» журналының 9-номерінде жарияланған рецензия, кітаптың авторының, Қазақстан КП Орталық Комитеті жанындағы партия мектебінің философия кафедрасы, Қазақ ССР Ғылым Академиясының философия және право секторлары өкілдерінің қатысуымен баспаның редакциялық советінің мәжлісінде талқыланды.

Кітапты редакциялық советте талқылағанда автордың Совет мемлекетінің социалистік меншікті сақтау қызметін түсіндірудегі қателерін көрсеткен рецензияшылардың дұрыс көрсетіп, орынды ескерткені дәлелденді. Редакциялық совет бұқаралық-саяси әдебиеттің сапасын жақсартудың бірсыпыра нақты шараларын белгіледі.

### «ГАЗЕТТЕГІ ХАБАР»

Жамбылдың «Коммунист» облыстық газетінің редакторы Муляр жолдас журналының редакциясына мынаны хабарлады: «Қазақстан Коммунисті» журналының оныншы номерінде жарияланған «Газеттегі хабар» деген мақала редакция қызметкерлерінің кеңесінде талқыланды.

Кемшіліктердің сыялуы дұрыс деп танылды. «Коммунист» газетінің редакциялық коллегиясы мен бөлімдері газеттегі хабардың жолға қойылуын жақсарту шараларын қолдануда.

### РЕДАКЦИЯ КОЛЛЕГИЯСЫ:

Бучкин Б. А. (бас редактор),  
Обілдаев Қ., Глебов С. А., Ордабаев Б.,  
Покровский С. Н., Рахимов Х., Федюкин С. А.

Редакцияның адресі:  
Алматы қаласы,  
Комсомол көшесі, 107.  
Тел. 39-00, 23-03,  
11-45, 17-96.

15/ХІІ-1955 ж. басуға қол қойылды, қағаз 70×108/16 — 2 қ. — 5,48 авт. т.

УГ09795. Тираж 15 250. Алматы ҚКП Орталық Комитетінің баспаханасы. Зак. 1336.



# Кітап жаңалықтары

## партия активінің кітапханасы үшін

**К. МАРКС және Ф. ЭНГЕЛЬС.** Коммунистік партияның манифесті. Мемлекеттік саяси әдебиет баспасы. 1955 ж. 71 бет. Бағасы 80 тыйын.

**К. МАРКС және Ф. ЭНГЕЛЬС.** Таңдамалы шығармалардың екі томдығы. Мемлекеттік саяси әдебиет баспасы. 1955 ж. I том. 630 бет. Бағасы 11 сом 50 тыйын. II том. 516 бет. Бағасы 9 сом 50 тыйын.

**МАРКС пен ЭНГЕЛЬС**тің архиві. XIII том. Мемлекеттік саяси әдебиет баспасы. 1955 ж. 306 бет. Бағасы 6 сом 25 тыйын.

**В. И. ЛЕНИН.** Коммунизмдегі «солшылдықтың» балалық ауруы. Мемлекеттік саяси әдебиет баспасы. 1955 ж. 96 бет. Бағасы 90 тыйын.

**И. В. СТАЛИН.** Партиядағы алауыздықтар туралы қысқаша пікірлер. Мемлекеттік саяси әдебиет баспасы. 1955 ж. 40 бет. Бағасы 45 тыйын.

Құрылыстағы және жобалаудағы ысрапқорлықты жою туралы, КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің 1955 ж. 4 ноябрьдегі қаулысы. Мемлекеттік саяси әдебиет баспасы. 15 бет. Бағасы 20 тыйын.

Россияның ұлттық аудандарында 1905 — 1907 жылдардың революциясы. Мақалалар жыйнағы. Мемлекеттік саяси әдебиет баспасы. 1955 ж. 829 бет. Бағасы 13 сом 85 тыйын.

1905 жылғы октябрьдегі Бүкілроссиялық саяси стачкаға большевиктердің басшылығы. Документтер мен материалдар жыйнағы. Мемлекеттік саяси әдебиет баспасы. 1955 ж. 920 бет. Бағасы 14 сом.

**И. В. СПИРИДОНОВ.** 1905 жылғы октябрьдегі Бүкілроссиялық саяси стачка. Мемлекеттік саяси әдебиет баспасы. 1955 ж. 197 бет. Бағасы 2 сом 40 тыйын.

1905 — 1907 жылдарда Қазақстандағы революциялық қозғалыс. (Документтер мен материалдар жыйнағы). Қазақ мемлекеттік баспасы. 1955 ж. 363 бет. Бағасы 13 сом 90 тыйын.

**И. М. РЕЙСНЕР.** Бірінші орне революциясы және Азияның оянуы. «Знание» баспасы. 1955 ж. 24 бет. Бағасы 60 тыйын.

**В. И. Ленин**нің еңбектерінде мемлекет және право мәселелері. Мақалалар жыйнағы. 1955 ж. 196 бет. Бағасы 9 сом 30 тыйын.

**В. ҚЕДРОВ, Ф. Энгельс**тің «Табиғат диалектикасы» деген шығармасы туралы. Мемлекеттік саяси әдебиет баспасы. 1955 ж. 143 бет. Бағасы 1 сом 70 тыйын.

**Л. А. ЛЕОНТЬЕВ.** Капитализм дегеніміз не. (Марксизм-ленинизм бойынша көпшілікке арналған кітапхана). Мемлекеттік саяси әдебиет баспасы. 1955 ж. 93 бет. Бағасы 85 тыйын.

**В. В. ПЛАТКОВСКИЙ.** Совет халқының игілігіне партияның қамқорлығы. Мемлекеттік саяси әдебиет баспасы. 1955 ж. 70 бет. Бағасы 60 тыйын.

**Б. БУЧКИН.** Істің орындалуын тексеру — партиялық басшылық әдісі. Қазақ мемлекеттік баспасы. 1955 ж. 62 бет. Бағасы 75 тыйын.

**Орыстық экономикалық ойдың тарихы.** I том, I бөлім. Мемлекеттік саяси әдебиет баспасы. 1955 ж. 756 бет. Бағасы 13 сом 45 тыйын.

**М. А. МОРОЗОВ.** СССР халықтарының ұлттық дәстүрлері. Мемлекеттік саяси әдебиет баспасы. 1955 ж. 40 бет. Бағасы 35 тыйын.

**В. МАНОХИН, В. СИНЕВ.** Шаруашылық ұйымы және селолық Советтің мәдени-тәрбие жұмысы. Мемлекеттік заң әдебиеті баспасы. 1955 ж. 100 бет. Бағасы 1 сом 25 тыйын.

**И. И. ЗАЙЦЕВ.** Еңбекшілер депутаттарының аудандық Советі ауыл шаруашылығын шұғыл өрге бастыру күресінде. Мемлекеттік заң әдебиеті баспасы. 1955 ж. 143 бет. Бағасы 1 сом 75 тыйын.

**И. КЛАСИЦКИЙ.** Өнеркәсіп орнының резервтері. Кәсіподақтар баспасы. 1955 ж. 111 бет. Бағасы 1 сом 75 тыйын.

**И. В. МИЧУРИН.** Таңдамалы шығармалар. Ауылшаруашылық әдебиетінің Мемлекеттік баспасы. 1955 ж. 607 бет. Бағасы 24 сом 65 тыйын.

Мичуриндік ілім халықтың қызметінде. Мақалалар жыйнағы. 2-кітап. Ауылшаруашылық әдебиетінің мемлекеттік баспасы. 1955 ж. 367 бет. Бағасы 9 сом 70 тыйын.

**В. КАГАНОВ.** Мичуриндік ілім және дін. «Молодая гвардия» баспасы. 1955 ж. 77 бет. Бағасы 1 сом 15 тыйын.

**Л. С. ГАМАЮНОВ.** Еліміздің Индиямен мәдени байланысының дамуы тарихынан. «Знание» баспасы. 1955 ж. 40 бет. Бағасы 60 тыйын.

**В. В. КОРТУНОВ.** Мемлекеттердің бейбіт қатар өмір сүруі — советтік сыртқы саясаттың негізі. «Знание» баспасы. 1955 ж. 40 бет. Бағасы 60 тыйын.

**В. ТЯГУНЕНКО.** Езілген халықтар империализмнің бұғауларын талқандауда. Мемлекеттік саяси әдебиет баспасы. 1955 ж. 68 бет. Бағасы 75 тыйын.

**М. ГОРЬКИЙ.** Әдебиет туралы. Әдеби-сын мақалалар. «Советский писатель» баспасы. 1955 ж. 900 бет. Бағасы 22 сом 65 тыйын.

**ГАРРИ ПОЛЛИТ.** Таңдамалы мақалалар мен сөздер (1919 — 1939). Ағылшын тілінен аударылған. Шетелдік әдебиет баспасы. 1955 ж. 354 бет. Бағасы 9 сом.